

84(5)каз ЧМК

М 90

# Темір МЫНЖАС



1











# *Темір тың жае*

1

*Өлеңдер мен балладалар*

«Баянжүрек» баспасы  
Алматы  
2012

УДК 821.512.122.  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5  
М 90

**М 90 Мыңжас Темір.**

Шығармалар жинағының кос томдығы: Өлеңдер мен балладалар. Темір Мыңжас. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2012.

Т. 1: – 392 6.

ISBN 978-601-7008-69-7

Каламгердің кос томдық шығармалар жинағының бірінші томына әр жылдары жазылған өлеңдері мен балладалары берілді.

Кітап автордың алпыс жылдық мерейтойына орай шығарылып отыр.

УДК 821.512.122.  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5


ISBN 978-601-7008-69-7 – (Т. 1)  
ISBN 978-601-7008-68-0

© Мыңжас Т., 2012  
© «Баянжүрек» баспасы, 2012

# **МЫҢЖАС ТЕМІР МЫҢЖАСҰЛЫ**

*(Кысқаша өмірбаян)*

1952 жылғы 25 кыркүйекте Түркменстан Республикасы Красноводск ауданында дүниеге келді. Орта мектептен кейін Манғыстау облысы Жанаөзен қаласындағы кәсіптік-техникалық училищесі, Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді. Еңбек жолын 1971 жылдың қазанында теміржол монтерлігінен бастаған ол, 1972 жылғы наурыздың 18-інде Красноводск аудандық «Жұмысшы» газетіне әдеби қызметкер ретінде жұмысқа тұрып, екі жылдан кейін халық шаруашылығы бөлімінің бастығы болды. 1985 жылдың 12 тамызында Манғыстау облыстық «Коммунистік жол» газетіне қызметке ауысып, алғашында тілші, онан кейін мәдениет және өнер бөлімінің менгерушісі қызметтерін атқарды. Манғыстау облысының таратылуына байланысты 1988 жылғы 12 тамызда Бейнеу ауданы, Бейнеу аудандық «Рауан» газетінде бөлім менгерушісі, 1990 жылды Жанаөзен қалалық «Жанаөзен» газетінде жауапты хатшы болды. 1991 жылдың қазанынан 2003 жылдың қантарына дейін Жанаөзен қалалық Кенес атқару комитеті төрағасының орынбасары, Жанаөзен қаласы әкімінің орынбасары, қалалық мәдениет бөлімінің менгерушісі, «Өнер» ҚҚМ-нің директоры, облыстық аппарат және когамдық келісім басқармасы тіл бөлімінің бастығы сынды мемлекеттік қызметтерді атқарды.



2003 жылғы ақпанның 20-сынан бері Манғыстау облыстық «Манғыстау» газеті бас редакторының орынбасары қызметін атқаруда.

Сонымен катар белгілі ақын әрі журналист ретінде танылған оның шығармалары «Қарлығаш», «Қос ішек – Струны души», «Бекет ата», «Дала данасы», «Жыр моншак», «Кәусар бұлак» сынды оннан астам ұжымдық

жинақтарға енді. Өзінің «Бойтұмар», «Атамекен», «Жүрек сөзі», «Сені іздедім», «Акқайың жылап тұр» атты кітаптары жарыққа шықты. 30-та жуық ән мәтінінің авторы. Сондай-ақ ол 2009 жылы Халықаралық «Дарабоз» әдеби бәйгесінің жүлдегері, 2011 жылы КР Тауелсіздігінің 20 жылдығына арналған этножурналистика саласындағы «Шаңырақ» респубикалық шығармашылық конкурсының жеңімпазы, 2005 жылы респубикалық патриоттық әндер байқауының (ән мәтіні үшін) дипломанты атанды.

Темір Мыңжасұлы Қазақстан Журналистер Одағының және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

КР Мәдениет және ақпарат министрінің екі мәрте, сондай-ақ облыс әкімінің де екі мәрте Құрмет хатына, Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хатына, КР Мәдениет министрлігінің дипломына, бірнеше рет «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының, облыстық тіл басқармасының дипломдары мен Алғыс хаттарына ие болды.



## ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ЖЫР

- Қайран одак, ойхой, онда басқа еді,  
Болмайтын-ды еш адамда бас қамы...
- Қой үстіне жұмыртқалап бозторғай,  
Жұрттың бәрі болатұғын ақшалы...
  
- Шіркін, кенес үкіметі жарықтық,  
Қамқор болды, дүниеге қарық ғып...
- Эттең, эттең, наданбыз ғой, білмедік,  
Көсегені көгерктен-ді, жана ұқтық..

Дегендерге бердім талай түсінік,  
Сөз саптадым, мысалдармен пісіріп.  
Түсінгендер пікір қосып, қолдаса  
Ал, біреулер шыға келді ісініп.



5



Алғашында жасай алмай нық қадам,  
Жатқанда елім, болды оны ұқлаған?..  
Тәуелсіздік бүтін алып, ал ертең  
Рахатын көрмедік деп шықты адам.

Өткениң де білдік жақсы-жаманын,  
Азаттықты ауыздықтау амалын.  
Беу, отандас, құлтау керек ендеше,  
Бостан елдің әрбір басқан қадамын.


Сәбидей ек кеше кескен тұсауын,  
Бүтін міне, бойға толды күш ағын.  
Махабbat та бостандыкка құрбандық  
Болған екен, айтайын бір мысалын.

...Ұлы Тұран, дәл жетінші ғасырда,  
Бір ару қыз тұрыпты елдің басында.  
Есімі – Алтын, Зарина деп парсылар,  
Патшайымды балайды екен асылға.

Ерлігімен бас идіріп жан-жақты,  
Алтын патша елін жаудан қорғапты.  
Көрші жұртпен ынтымағы жарасып,  
Атақ-данқы шартарапты шарлапты.

Батылдықты, ақыл менен көрікті,  
Тәнір ием үйіп-төгіп беріпті.  
Елеңдепті ел, сыландаған бойжеткен,  
Қайсы жұрттан табады деп серікті.

Патшайымға кімдер басын имеді,  
Талайды ол Мәжүніндей сүйреді.  
Жүрекке әмір жүрмесі анық Алтынның  
Мидиялық ханзада еді сүйгені.



Батыр ол да, билеп тұрған бір елді,  
Патшайыммен бас қоссам деп жүрер-ді.  
Уақыт өте серттескен күн алшақтап,  
Ал, ханзада жауар бұлттай түнерді.

«Көп андадық мынау заман тұлқіні,  
Пәк сезімді қандай бөгет іркіді.  
Жаным, түсін, өмір зулап барады», –  
Деп ханзада мұнын шакты бір күні.

Талқандаған талай жаудың қамалын,  
Ержүрек қыз, жарқылдатып жанарын.  
Ханзадаға қадап тұрып айтыпты,  
Көңіліне көптен түйген жауабын:

«Толқыттыңыз менің сезім көлімді,  
Бір өзіңе жүрегім қақ бөлінді.  
Қосылармыз, мен бақытты болармын,  
Ал, қайтемін артымдағы елімді?

Қосылармыз, бір арнаға толармыз,  
Сен билеуші, мен ханымың болармыз.  
Еркін елін бағындырса біреуге,  
Шын бақытты болғаны ма, одан қыз?!




Сезесің ғой, шын сүйемін сені мен,  
Жұлдызымың, сөнбес көңіл көгінен.  
Бірақ жаным, бостандығы елімнің,  
Маған қымбат және артық бәрінен!

Думанға мен бөлемедім көшенді,  
Той-шарапқа толтырмадым кесенді.  
Халқым үшін қара басым құрбандық,  
Ал, батырым аман-сау бол, қош енді».

...Жеткен бізге бірнеше мыңжылдықтан,  
Әңгіме бұл, тұп негізі шындықтан.  
Ел аузында қалған Алтын патшайым –  
Құтқарушы қасіретті құлдықтан.

8  
Бұл бостандық – қазагымның арманы,  
Күн астында қыранымның самғауы.  
Қанға бөккен, шашыраған, жоғалған  
Сан халықтың жете алмаған таңдауы.

Тәуелсіздік – бақытый да, барым да,  
Жыр жазамын, жырлаймын ол жайында.  
Жаратқанин тілейтінім, тәу етіп –  
Қазағымды еркіндіктен айырма!



## ӘДЕБИЕТ

немесе бір достың сауалына жауабым

«Әдебиет – Алманың сыйы, Ардың ісі».

«Әдеби өмір шежіресі» кітабынан

«Қазына, – деп кітап жинап жүргенің,  
Ақша емес, қалам қолға ілгенің.  
Заман өзге, кітап оку қалды ғой,  
Бар ма әлде, мұнан өзге білгенің...»

Деді бір дос, ойын ашып айта алмай,  
Көнілімді қабағымнан байқардай.  
Қапелімде мұндай сауал күтпеп ем,  
Тұра алмадым оған жауап қайтармай:

«Досым, саған бұл жайында не дейін,  
Кітаптарды қол көрмейді көмейің.  
Байлық бітпес мендейлерге ол анық,  
Мейлі тіпті оны шөпше егейін.

Ұлы Габит Мұсірепов бақиға,  
Аттанарда қаламdas дос, жақынға  
Сөз арнапты жатса дағы қиналып,  
Ажал шіркін алған шакта такымға:



«Үмітпенен, күреспенен, сеніммен,  
Әтіп барам мен де мына өмірден.  
Куанышым, ренішім көп болды,  
Уа, халқым, шыға алдым ба көңілден?..

Тәуелсізбіз, жаңа қазак еліміз,  
Казынаға бай, қасиетке ие жеріміз.  
Құллі әлемнің ауды бізге назары  
Күннен- күнгө асқактауда төріміз.

Бірак, бірак, мейлі ирани бақ жаса,  
Ғарышқа ұш, атағыңды самғата.  
Ешқашан да ұлы болмас ұлтымыз,  
Әдебиеті, өнері ұлы болмаса!..



10



Қарактарым, ұмытпандар осыны,  
Бірлік жокта келмес істің жосығы.  
Қарға қыранға, мыс алтынға телінсе,  
Мұның бәрі – алауыздық кесірі.

Шығарарда мені актық сапарға,  
Тілекті актық алыңыздар қаперге.  
Жан сүйсінер бірлігіңіз болмаса  
Косылмайсыз ешқашанда қатарға...»

Осылай деп кеткен екен ұлы адам,  
Алып тұлға, сөз өнерін құраған.  
Әдебиеттің таза, мінсіз болуын  
Тәнірінен жалбарынып, сұраған.

Халқымызда жомарт күздей мәуелі,  
Ақындар бар, Жаратқанның сыйы да.  
Бірде дана, ұлы Мұхтар Әуезов,  
Қатысыпты үнді елінде жиынға.

Жер жаһаннан жиналыпты ғұламан,  
Мұндай алқа елдігінді сынаған.  
Жүзі нұрлы, кең мандайлы Мұхана,  
Көп қарапты мәртебелі бір адам.

Ұқсата алмай көріп-білген таныска,  
Қытайлыққа не түрікке, орыска.  
«Қай елденсіз? – деп сұрапты жақын кеп,  
Мекеніңіз біздің жерден алыс па?..»


Мұхан да оны ілтипатпен кош алған,  
Кезі жок-ты жауап таппай шаталған.  
«Мен қазақпын, – депті оған құлімдеп, –  
Елден келдім Қазақстан атанған».



Ал, әлгі адам тұрыпты да кідіріп,  
«Білмедік біз», - депті ойланған мұдіріп.  
«Білмедік», – деп қайталапты жақын кеп –  
Ал, жүзінде білсем деген бір үміт.

Мұхан сонда бар дегендей айтарым,  
Қазақтың бар аты әйгілі жайсанын.  
Санағандай тізіп бәрін атапты,  
Хан мен биін, ақын, батыр-қайсаын.

Аталғанда аты Жамбыл бабаның,  
Депті әлгі: «Уа, міне, жарадың!»  
Ақын жырын жатқа оқыпты үндіше  
Шабыттана жарқ еткізіп жанарын.



«Айналайын, әруакты ерім – қара шал,  
Артық емес әулиеге баласам,-  
Ұлы Мұхан тебіреніпті теніздей:  
Халық екенбіз біз де елдікке таласар».

Рухы асқақтың әрқашанда бағы асар,  
Жамбыл бопты жат жерде де намыс-ар.  
Қашаннан да халқын, жерін, Отанын,  
Ақындары басқа жүртқа танытар.

Осы бір жайт Мұхана ой салыпты,  
«Біз қадірлей білдік пе?» деп алыпты.  
Мол мұрасын қайта сүзіп ақынның,  
Жамбыл жайлы шығармалар жазыпты.

Жайым бөлек қуларынан, ептіден,  
Сүйекке бітті, талқан тәлім тектіден.  
Содан болар акша, байлық, мансапты,  
Дәреже емес, колдың кірі деп білем.

Күрметтедім әдебиеттей өнерді,  
Жан-жүргім ләzzатына бөленді.  
Тұлпар жылдар тізгінінен айырылмай  
Асыл досқа айналдырдым өлеңді.

Әдебиетің – баға жетпес қазынан,  
Рухынды, намысынды жаныған.  
Әдебиетің – театр, кино өнерің,  
Дүние жүзі сол арқылы таныған.

Халқымызға күні туды азаттың,  
Артқа тастап небір түрін азаптың.  
Білетінім Қазақстан тұрғанда,  
Әдебиеті өрлей түсер қазактың!



Маған келсек, мұны дағы ал ұғып,  
Жүрген емен атак қуып, жанығып.  
Болашақта іздеушілер болса егер  
Біздің сөз де қалар бәлкім, табылып...

Қажет болмас бұған көніл зерегі,  
Жазбаларым дәуірімнің дерегі.  
Адалдыққа, жақсылыққа үндейтін,  
Кай кезде де керек ақын өлеңі.



14



## БЕЙКУНӘ ШАҚТЫ ЕСКЕ АЛЫП...


Мейрамханада, бір тойда,  
Қарсы кеп қалдың бетпе-бет.  
Өзінді көру жоқ-ты ойда,  
Арада көп жыл өткен ед.

«Сәлеметсіз бе?» дедің де,  
Күмілжіп қалдың бір түрлі.  
Болушы ед бір нұр көзінде,  
Таба алмай көнлім іркілді.

Кіреуке жапқан жүзінді,  
Алаулы кейпің жоқ бүтін.  
Кезіктірдің бе күзінді?  
Жанымды шайқап өтті мұн...

Өзіңе көздер сүзілген,  
Кез кайда көніл толатын.  
Жүрегін ала жүтірген,  
Есінде ме әлі, бала ақын?

Сағындым сол бір кезімді,  
Ақ білегінді жастанған...  
Өпкенмін нұрлы көзінді,  
Жүректе содан шоқ қалған.



Ұмытқан жоксың, білемін.  
Тас тағдырына бас білдін.  
Жұлымдал сүйген жүректі,  
Есігін аштың басқа үйдін.

Өзіңе кінә қоя алман,  
Мандайға солай жазылды.  
Жетелеп алға ак арман,  
Откіздім мен де жазымды.

Күмілжіп қалма, көргенде,  
Кездесе қалсак қайтадан.  
Дауылды еске ал, өр кеуде,  
Ақ айдыныңды шайқаған.



16



Сәлемді беріп ізетпен,  
Танытсан болды кош қалып.  
Тұрайын аппақ тілекпен,  
Бейкүнә шакты еске алып...

## АҚҚУ

*Ұстаз Злиха Ізтұрғанқызына*


Көтерілгенде  
қырмызы танның етегі,  
Ақ нұрға бөгер  
әулиелердің мекені.

Қыратта тұрмын,  
өң менен түстің арасы...

Сұңқыл да сұңқыл  
аққудың әні жетеді.

Ақкуым әне...  
сусылдай керіп қанатын,  
Тербелген теңіз  
тұрағы сынды қонатын,  
Өзіне ыстық  
жусанды дала көлбекен,  
Қалықтай ұшып,  
содан бір мейір табатын...

Аққуды көрші,  
тұнгі ай сынды ажары,  
Сұңқылымен-ак жүрекке  
әуен жазады.




Ұмыт боп сонда  
дариға-ай, тірлік азабы,  
Ақку ән ...акку...  
осы ғой өмір ғажабы!

Көз тігіп көкке,  
тұрған ем соны ойға алып,  
Төбемнен акку  
алты рет ұшты айналып,  
Шарыктап кетті,  
алты белесті елемей,  
Алты қыр асып,  
қанатын аппақ жайды анық.



18



Осылайша артта  
қалдыршы уақыт сынағын,  
Кол бұлғап тұрсын  
тұмардай алтын тұрағын.  
Аулаққа қашып,  
пәле мен жала, уайым,  
Ақку ару-ай,  
жар болсын саған Құдайым!...

## **ЖОЛДАС БОЛДЫМ...**

Жолдас болдым,  
талай-талай жақсымен,  
Айырмадым  
жасын, ұлтын, тегін мен.

Жаны таза,  
жүректері ақ кілең,  
Кекірегіне  
түскен сәуле көрінген.

Жолаушы боп  
кезікті олар жолдағы,

Аз болмады  
отауыма қонғаны.


Ақ жанымнан  
шуақ бөліп сыйладым.

Нэр алсын деп  
қажығаны, тоңғаны.

Олар барда  
жырым-гүлім солмады,  
Шабыт құсым  
кекке өрледі, самғады.



19



Қара ниет  
гайбат зәрін төккенде,  
Жақсы жандар  
сауыттайын қорғады.

Жанбыр жауса,  
жанартады гүл өнін,  
Жаксылардың  
ықыласымен тұледім,  
Адамдарға  
жақсылық боп жетуге,  
Мен де әрдайым  
асық болып жүремін...



20



## **БІР ҚУАНЫШ ЖЕТПЕЙ ТҮР, ЖАНЫМ, МАҒАН...**

Тұлпар уақыт тізгінге бағынбаған,  
Жылдар өтіп барады жалындаған.  
Жабырқаған жүректі жалаулатар  
Бір қуаныш жетпей түр, жаным, маган.

Бір қуаныш...

Өзі жок, елесі бар,  
Ғұмырыма сол сынды беретін нэр ?  
Мен дегенде тас-тағдыр бұлк етпейді  
Әуелден-ақ бітіспес егесі бар.

Бір қуаныш,  
Сәулесі үмітімнің,  
Күте-күте бордайын үтітілдім,  
Ойы жеткен кияға, өзі жетпес  
Әуселесін көрдің ғой жігітіннің.



21



Күндер қайда,  
Алмастай жарқылдаған ?  
Кемедейін желкені қалтылдаған.  
Қор болуы адамның оңай екен,  
Бір-ақ сәттік екен ғой нарқың, бағаң...

Бір қуаныш жетпей тұр сілкінуге,  
Мұзбалақша шындағы бір түлеуге,  
Найзағайдай жарқылдап зенгір көкте  
Ақ жаңбырша нөсерлеп, сіркіреуге.

Бір қуаныш

Алыстан сырғактаған,  
Келерін де, келмесін жұмбактаған,  
Білетінім, әйтеуір сол бір сезім  
Қымбаттаған мен үшін,  
Қымбат маған...

*11. 02. 2007 жыл.*



22



## О, ЖАРАТҚАН

"Сулаймен патшаның алтын жұзігінің бетіне  
"Бәрі де өтеді" деген сөздер жазылған екен.  
Кайғырса да, қуанса да соны оқып, сабасына  
түсіп, тәубесіне келетін көрінеді. Тірлікте  
бәрі де өткінші. Ештеңе мәңгілік емес.....".

*Газеттен.*

Мұрша келмей,  
Кенеттен абайлауга,  
Сәл-ақ қалдым,  
Ғұмырды тәмамдауга.  
Ажал шіркін,  
Қасымнан ағып өтіп,  
Уақыт киды,  
Әлі де "амалдауга...".



23



О, жаратқан,  
Дәрменім, шамам барда,  
Асықтырма,  
Сапарды тәмамдауга.  
Бәрі де өтті, өтеді,  
Өте берер,  
Мұрсат берші  
Өмірді бағамдауга.

Сұрайтыным,  
Жүгіндір адамды арға,  
Кұласам да  
Салмашы наданды алға.  
Фәниде әлі жүруді жаздың екен  
Таба қылма,  
Тірлікте жамандарға.

Осындайда  
Жанынды жаралауға,  
Қаралауға,  
Сыртыңнан табалауға,  
Әзір тұрар кей пенден  
О, жасаған,  
Кор көрсетпе соларға,  
Санамды алма!

24

Өте шыққан  
Балдәурен балалығым,  
Бір бұрылып,  
Артыңа кара бүгін,  
Сал дәуренім, жастығым  
Сен де көрші,  
Тас төбемнен төніп тұр  
Нала-күнім.

Сұнкардаймын,  
Оқ тиген иінінен.  
Тұлпардаймын,  
Айырылған үйірінен.  
Бұл да өтер...  
Жаратқан,  
Құлатпа тек  
Мені аппақ Арымның биігінен!

\* \* \*

"Енді емделсем, туган жердің топырағымен емделем..."

*Мұқагали.*



Басқызбасын аяғым сырқыраған,  
Кырға кетем, жусаны бұрқыраған.  
Кара сирақ кезімді сағындым ғой  
Тай-құлындаі тебісіп, шұрқыраған.

Сәлем берем, ауылдың шалдарына,  
Бата берсін қолда өскен балдарына.  
Ақ жаулықты ананың алаканын  
Бір ұлындаі тигізем мандайма.

Ауырғанын елемей аяғымның,  
Сай-саласын кеземін баба қырдың.

Гүл сыйлаған қыздарға кезімді іздең  
Алқабына барамын бабагұлдің.

Арай таңды карсы алып нұрын шашқан,  
Шаруагерге көрісем мерейі аскан.  
Мауыт түнін жамылып ауылымның  
Жұлдыздарға сыр айтам жымындастан.

Ауыл барсам алдыманнан бәрі дайын,  
Жоғалады мендегі бар уайым.  
Киелі топырағына табан тисе-ақ  
Бойымдағы бар дерттен арыламын.

**01.06.2007.**



26



## МҰҚАҒАЛИҒА

“Бір өлеңі – бір елдің мұрасындай,  
Жыр жаза алмай журмін мен  
Расулдай.  
Расулдай...  
Бағым да жүр ашылмай,  
Күсбегінің қолында лашындай...”

Деуші едіңіз,  
Биігінді биікпен өлшедіңіз,  
Жакұттай жыр жаздыңыз,  
Төбенізден түнеріл  
Тәнсе де күз.

Фәниде Расулдай...  
Болмадыңыз... болдырмады,  
Бұраланы көп еді жолдың дағы.  
Шуак іздел Адамнан шарқ үрдыңыз,  
Шуактың да артында болды ызғары...

Жазбадыңыз жырларды ермек үшін,  
Жаздыңыз топастыққа көнбеу үшін,  
Санағы нұр – сәуле сөнбеу үшін,  
Жүректерді жаралы емдеу үшін...



Әрбір жыры  
Пара-пар шын асылға,  
Мұқа!  
Сізді тенгермен Расулға,  
Дүниеде қазак барда  
Сіз де барсыз,  
Бір ғасырдан жетесіз бір ғасырға!

**06.06.2007.**



28



## ҚАДІРЛЕНДЕР АНАНЫ

Қадірлендер,  
Аяландар Аナンы,  
Суланбасын ғазиз жанның жанары.  
Сүйінетін,  
Күйінетін бала үшін  
Барометр аナンың да қабағы.

Тене мейлі  
Данаға да дарага,

Жетпейді ешкім ак пейілді Анаға!

Тек ана ғой...

Тек ана ғой, білгенге

Бауыр етін кесіп берер балаға.

Ержеткен соң,

Билеп түрлі сананды ой,

Әр қиянға саларсың да қадамды-ай,

Кім болсаң да

Бірак тұптің тұбінде

Шын қамқорың табылмайды Аナンдай.

Өмір-өзен,

Ілесерсің ағынға,

Бал күндерің айналар-ау сағымға.



Бар кезінде  
Қадірін де білмессің,  
Анаң мәнгі жүретіндей жанында.

Ол бар кезде  
Перзентінің таңы нұр,  
Күн бейнелі шуағынан жаны гүл.  
Қадірлендер,  
Аяландар Ананы,  
Ондай жанды таба алмассың  
Соны біл..!

*17.03. 2007 жыл.*



30



# ҚАРЛЫГАШ КӨҢІЛ АПАМ-АЙ

*Tұрсынға*

Жыр тұнған жүрек желпініп,  
Алқаға түсіп бұландай.  
Жүруші ем,  
Кенет мертігіп,  
Орныман жаттым  
Тұра алмай.

Алдағын білмес бұл адам,  
Азапқа құдай тап қылды.  
Әмірдің жолы –  
Бұралан,  
Жүректе – мұн,  
Көзде жас тұнды.



31



Қалғандай жалғыз жападан,  
Бұлттанды көгім,  
Күй бөлек.  
Сен жеттің сонда,  
Апажан,  
Тұнекті серпіп, кимелеп.

Қанатыменен су сепкен,  
Қарлығаш болдың, апажан,  
Келгендей бейне

Гүл-көктем  
Ашылды көгім  
Қападан.

Мен үшін тұрдың егіліп,  
Тіледің медет,  
Алладан.  
Сүйеніш болдың,  
Мені ұғып.  
Жүрегім қайта жалғады ән.

...Жаралғалы  
Адам Атадан,  
Пендесін тәнір сынаған.  
Карлығаш көніл апажан,  
Ортамызда ылғи  
Жүр аман!..



32



**02.01.2007.**

## ЖЫР АЛЫБЫНА ТАҒЗЫМ

Ж. Жабаевқа

Баурады мені бір ғажап әлем таң нұрлы,  
Сәуледен безіп, күйкі тірлігім қаңғырды.  
Табанды тіреп маңғаз Манғыстау төсіне  
Абайдан кейін қарсы алып тұрмын

Жамбылды.

Жыр дариям менің, тілдіге ағыс бермеген,  
Тұлпарға сайсам шаң жұқпай өтер кермеден.  
Құрсаулап бекем, тұсауласа да тұл өмір  
Текті жырларын өшпестей қылып зерлеген.



Еңіреген елге өлең бұл, берер тәлімін,  
Сүйеніш болып қолтықтан демер дәру-үн. 33  
Амангелдінің семсері сыңды тот баспас  
Жамбыл-жыр бейне жалаулы  
найза-қаруым!



Айткандай өзі «Халық, – деп, –  
менің шын атым»,  
Өсиетнама ол, кәрі де, жас та ұғатын.  
Қазақтың рухы асқактап шықса көгіме.  
Танимын одан баба Жамбылдың мұратын.

Дара шың деймін, жете алмай  
бұлттар асылған,  
Ол дүбір салса, жыр пырағы да тосылған.  
Өлмес өлеңнің ғасырлар болса өлшемі  
Жамбыл-жыр әлі асады талай ғасырдан.



## АҚЫН РУХЫНА

*Абайга*

Тәрк етіп жалғанның сайран бағын,  
Серік етіп қалың ой, қайғы орманын,  
Кеткеніңмен, рухың шырқау биік  
Сен мәңгі тірідейсің, пайғамбарым!

Алдында ақ бас таулар еңсерілген,  
Асқақ шыңым, әлі де өлшеуі кем.  
Өңкей қиқым әлі де тасаланаар,  
Тіліп түсер сөзіңің семсерінен.

Кіслік қасиетті ұғындырған,  
Сөзің өрт, имансыздың жынын күған.  
Бас құрап ел болмақшы қайран жұртың  
Казакқа керек-ақсың бұрынғыдан.

Білемін, саған мактау керегі не?  
Ұғынар зер салған жан өлеңіңе.  
Ауысар бізден кейін талай ұрпақ  
Тәнті болып ойыңың тереніне.

Уақыттан озық шықтың дара самғай,  
Ол дағы қалды саған таласа алмай.  
Халқыңа жөн сілтей бер ақылманым,  
Мәнгілік биігіңнен аласармай.



## АШХАБАДТАҒЫ АҚЫН ЕСКЕРТКІШІНЕ

*Мактыймұлыға*

Шымқайы гүлді жайғасып алаң төріне,  
Шабыттың жойқын шомылып алау селіне,  
Шашырай шыққан күн сәулесіне малынып,  
Шұғылаға бөккен отырсын қарап жеріне.

Шын көнілменен ден қойып сендей ұлыға,  
Шығысың бұл күн сусындаپ отыр жырына,  
Шағала жырың – топшысы болат серіппелі,  
Шайырлар қанық шамырқанысты сырына.



36

Шыны болдыңыз, өлеңдей асыл өлкенің,  
Шәрбаттай сөздің көкіректі өртер көркі едің,  
Шыныраудан тартқан алмастай асыл сөзінді  
Ширыға жазып, әділетсізді өртедің.



Шамырқанғанда найза ғыл қалам сермедің,  
Шау тартпас жырмен жетесіздікті жерледің,  
Шанағатыңды тигізіп туған халқына  
Шөлдегендерге шәрбат-жыр еді бергенің.

Шынайы сөздің алқаны бермес шешені,  
Шайырлардың шалғайға мәшінр көсемі,  
Шырактай жанып артында қалған жакұт-жыр  
Шашасына шаң жұқпай ғұмыр кешеді.

# АКТАУДАҒЫ ТАРАС ЕСКЕРТКИШІН КӨРГЕНДЕ

*T.G. Шевченкога*

Сұс танытып жанардан,  
жауыңа дүлей кекпенен,  
Кияға қанат қомданып,  
көзіңе түспей көп белен,  
Отырғандайсың ақыным,  
шагала көңілің шарқ ұрып,  
Көкірегіңнен ұшырып  
сағыныш толы отты өлең.

Қаскөйлікпен бітіспес,  
толқындай болдың жарды ұрган,

Айдалып келдің жеріме,  
бұл дағы бұғау – тағдырдан.

Рухың риза біледі ел,  
қазақтай ұлы халыққа

Өз ақынындай әспеттеп,  
бейненді тасқа қондырған...

Мұндылау шықты өлеңің,  
кезің көп болды жабығар,  
Днепр өзен –анаңа жолдадың  
сәлем сазы бар,



Сіз жүрген жерді көрмекке  
осында талай келер жұрт,  
Жақсыда жаттық жоқтығын,  
бейненді көрген жан ұгар.

Тәуелсіздік таңы атып,  
шаңырағын тікті түбегім,  
Украина дербес ел бүгін,  
іске асты арман-тілегің.  
«Тарас та мұнда болған» деп,  
қастерлейміз атынды  
Бізбенен әркез үндессе  
акындық рух-жүрегін...



## БҮГІНГЕ ЖЕТТІ ДАУЫСЫҢ

*Ақын-жырау Сүгір Бегендиқұлына*

Өлеңімен өрнегін тауып ғұмырың,  
Тарлан ең талай парлатқан тойдың дүбірін.  
Манғыстауыңа өлкені ешбір тең көрмей  
Оралған елге Сүгірім!

Не тауқыметті көрсөң де, нәсіп мандаидан,  
Сиқырлы саздың ағыздың балын таңдайдан.  
Қағынан тайған киіктей сан жыл күй кешіп,  
Сағыныш айттың шалғайдан.

Алқалы топта елінің қорғап намысын,  
Таныттың жырда сәйгүліктердің шабысын.  
Тыңдаушысын еріксіз ертіп соңынан  
Бүгінге жетті дауысын!

Шайырлар жырын жалғадың алтын көпірдей,  
Шабыттанғанда тасқынды едің нөпірдей.  
Ертеңге Сізді жеткізер ұрпак бар қазір  
Сенім артатын өкінбей!

Өзіндей болып ән-жырың елге қосылды,  
Бұлт жаппайды екен жасынды.  
Жарқыра Сүке, көшкенмен жылдар көме алмас,  
Тот баспас Сіздей асылды!



# АҚЫННЫҢ АҚЫРҒЫ СӨЗІ

(Мағжанның монологі)

Кинандар,  
қапы қалмандар,  
Мен әлдекашан өлгенмін,  
Жүрекке қатқан шемен бол,  
Далама бұлттай төнген мұн.  
Мен сұрқиялықты көргенмін,  
Жарқ етіп шығып көгіне,  
бірте-бірте сөнгенмін.



Талаңдар мені,  
сендер де,  
қаламгерсымақ көркеуде.

40



Айтаққа ерген өңшең қырт,  
өресі мимырт өрлеуге.  
Қандыауыз кілең көк тәбет,  
Қанымды ішің төкпелеп,  
Тегін ұмытып ит болған  
тағдырларына өкпелеп.

Рухым көкте,  
алдарындағы құр сүлде,  
Тәнім көнгенмен ол көнбес,

Мен көрген құкай, бүрсенге.  
Ол енді жерге кайырылмас.  
түндігін көктің тұрсаң де.

Тұк те емес,  
қанша матандар.  
Құрыштан соққан арқаның,  
Тайқиды одан шыдамай  
жүзі де өткір балтанаң.

Биікке ұшты аспандап.  
Рухым – тұлпар-тарпым...  
Кинаңдар,  
қапы қалмаңдар...



41



## СЫНЫПТАСТАРҒА АРНАУ

40 жыл бопты, бітіргелі мектепті,  
40 рет тал-теректер көктепті,  
40 рет көктем ауып, жаз келип,  
Қысымыз да ызғарсыз бол өтпепті...

Ызғары ғой айырылдық достардан,  
Орындары үңірейіп бос қалған,  
Ызғары ғой, мына менің өзімді  
Талай-талай тауқыметтер тосты алдан.

Ызғар көрем қылау шалған шаштардан,  
Кейде қаңғып, ауыратын бастиардан.  
Бұрынғыдан көз де тартты көмескі,  
Үлксендіктің белгісі ме кең қалған...

42

Жылдар жүйрік, өткен уақыт қас қағым,  
Жүрсіндер ме аман-есен, достарым?  
Бір ұядан ұшып шықкан түлектер,  
Қалайсындар, менің сыйыптастарым..!

Амансыз ба, көргендер бар, көрмеген,  
Ку тірліктің шылауына көнбекен,  
Жараланған жүректерін емдеген,  
Бак жұлдызы аспандағы сөнбекен.

Мына өмір, көп жақсыдан айырды,  
Қайтқандардың арты болсын қайырлы.

Жаңалығың құтты болсын, оу, достар,  
Жасай бер тек, мерекенді, тойынды.

Біз бәріміз, жас шыбықтай бірге өстік,  
Балалықтың бал дәуренін бір кештік,  
Болса дағы мінез, қылыш әр түрлі  
Бір сыныптың ұл-қызы бол, үйлестік.

Басымыздан өтті талай қызықтар,  
Қасымызда жүрді бала «бұзықтар»,  
Білмеппіз ғой, өмір-мектеп екенін,  
Кез келерін, кім-кімді де құрықтар?!

Есте бәрі, балғын шағым, мектебім,  
Білім алдым, соныменен көктедім.  
Арманыма жеттім бе әлде, жетпедім,  
Бірақ-бірақ, ұмытылmas өткенім.

Есте бәрі, дос, құрбының бәрі есте,  
Кейбір күндер айналса да елеске.  
Куанышты бас косулар көп болсын,  
Жетініздер, белестен соң белеске.

Бастарыңа тілеп саулық, амандық,  
Жырымды енді тоқтатайын, тәмәм ғып,  
Мен тілеймін: сыйластықты, достықты,  
Мен тілеймін: жоламасын жамандық!

**16.06.2009 жыл.**



43



## ЕСІМІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ

*Маңғыстауга, түрікмен, өзбек елдеріне  
мәшиһүр сындықшы, халық емшісі Қанатбай  
Боқайұлының руҳына*

Каспий менен Құбатаудың арасы,  
Жалт-жұлт еткен Шағадамның қаласы,  
Сол шаһардан шығатын-ды қара жол  
Бағытында –Қайыпата даласы.

Алдыңызда екі үй тұрар жатаған,  
Қанатекең ауылы жұрт атаған.

Құндіз-тұні арылмайды адамнан,  
Арылмайды алғыс пенен батадан.

“

Әсіресе, сәрсенбінің сәтінде,  
Сол далада жел мен күннің өтінде.  
Кезек күтіп отырады сан адам,  
Қанатбайға бір көрініп кетуге.



Ішінде бар орыс, өзбек, қазағың,  
Түркімен, армян тартқан ауру азабын,  
Мертіккендер келіп-кетіп жатады,  
Басқа түсіп тірліктегі дозағың.

Қарсы алады жанары өткір, карт кісі,  
Ауру жайын дөп басатын мәрт кісі.

Аластайды бойындағы дертінді,  
Оның қолы, тізесі мен “тепкісі”.

Ал, сынықта оның болмас тендесі,  
Сынасанға анық алдын бермесі,  
Елу жылда шипа тапты сан мың жан  
Өтті алдынан Тәңірдің сан пендесі.

«...Сынықшылық қонды маған ұрыста,  
Соғыс кезі дес бермейтін тұрыска.  
Күндіз-түні мұз жастанып окопта,  
Көз ілгенмін жер кепеде, бұрышта.

Сынықшы еді, әкем енді тұсіме,  
Сынай қарап, жауынгерлік ісіме,  
Бүйірімнен тұртіп мені ояты:  
«Көмек көрсет,-деді,- анау кісіге».

Ұшып тұрып, атып шықтым кепеден,  
Карамастан жау оғына төпеген.  
Жараланған жауынгерге таяндым,  
Адасканға жол салғандай төтеден.

Орнына сап сынған ортан жілігін,  
Тандым мықтап, жеткенінше білігім.  
Әруақтандым сылап, салып сынықты,  
Шабыт алдым ісін жасап ірінің.



Міне, осылай сынық салу басталып,  
Бұл ісімді Хақ қолдады, көп танып.  
Соғыс кезі, аян беріп өз әкем  
Жүрген жәй бар содан әлі бақ тауып».

Осылайша ашты сырын ол маған,  
Әруакты адам ата-баба колдаған.  
Жарты ғасыр қамыққанды қамдаған,  
Шын батыр ол тарыққанды корғаған.

Жаз ба, күз бе мейлі тіпті, қыста да,  
Жүгінді жұрт, шын сынықшы ұстага.  
Қанатекен парасаты, пайымы  
Лайықты тәлім алар нұскаға.

46

Наукас келсе, ішкен асын қоятын,  
Көңілдегі кіrbініңді жоятын.  
Шакырылса жағдай туып күтпеген,  
Ләм деместен лездे атқа қонатын.

Бірде келді ол құдалыққа Ақтауға,  
Казағына құдалықтай бап бар ма? !  
Енді шайін ұрттай берген мезетте,  
Хабаршы кеп, салды “Көке, аттанға!”

Шакырушы Жетібайдан келіпті,  
Есік алды тіреп қойып көлікті:  
“Қанатеке, болмасаңыз өзіңіз  
Кім тірілтер ессіз тірі өлікті”.

Дегенді естіп кете барды аттанып,  
Отырмады себел айтып, баптанып.  
Кейін білдік, сол бір жанның өмірін  
Қанатекен сұм ажалдан қапты алып.

Оны іздең Ашхабаттан, Марыдан,  
Ресейден, Дағыстаннан, әріден.  
Көрдік талай келгендерді жаны үшін  
Денсаулықты қымбат тұтып бәрінен.

Жан еді ол ешбір қабак шытпаған,  
Имандылық, ізгілікті құптаған,  
Айтылған сөз, атылған ок санайтын  
Адал жүріп, жасап өтті нық кадам.

Бой көрсеткен емес еді жырадан,  
Еңбегіне ақы мен пұл сұраған,  
Сондыктан да хан көтерді ел оны,  
Дейтін-ді ылғи “Қанатекен ұлы адам!”


Дәрігерге емес, Қанатбайға баратын,  
Көрдік біз де талайлардың санатын.



Шипа таппай берген дәрі-дәрмектен,  
Сол кісіден жаңға дәру табатын.

Жол апattан біrде өзі мертігіп,  
Тұлpar аттай тұяғынан көrtіліп.  
Жатқанда да ем іздеген көп үшін  
Тұрып кетті, серіппедей серпіліп.

“...Сынықшылар сынығымды сала алмай,  
Мен біr бейне алынбайтын қамалдай,-  
Деді ол: -Тұнде сынған сегіз көзімді  
Өз қолыммен өзім салдым, о, Алла-ай!”



48

Өмір-өзен ағып өтер расында,  
Уақыт болар ардактыңа, асылға.  
Халқы сүйген Қанатекен жол тартты  
Бақильтыққа сексен тоғыз жасында.

Көп адамға жеткен жүрек жылуы,  
Қанатбайдың Ақшакедей руы,  
Аға-інісі Бөлекбай мен Рахмет,  
Ол Бокайдың ортаншысы, біr ұлы.

Қанатекен жалғыз ұлы Алтыбай,  
Немересі Дүйсеке мен Мергенбай.  
Үшеуі де сапар шекті бақиға  
Ұл мен қыз боп әulet тіні жалғанды-ай.

Қанатбайдың асқақ әр кез шоқтығы,  
Орынбайдай артында бар актығы.  
Келіндері бар Бибіжан жеңгей бас болған,  
Жоғалмайды ар-намыстың пәктігі.

Қанатекең, жайнаған жан гүл бағы,  
Ақбала, Ағлен, Ағылестей қыздары  
Әркен жайып, өріс болса әкеге  
Жиен біткен жаны қалмай сыйлады.

Ақсақалы Бисен аға ауылдың,  
Арамызда аға-іні бар, бар үлгім.  
Әрімталдай өсіп келед ұрпағы  
Артта қалсын қын кезең, ауыр күн.

Маңғыстаудың Сартасының түлегі,  
Қанатекең ел деп соққан жүрегі.  
Рухы әр кез желеп-жебеп жүреді  
Ұрпағының қабыл болып тілегі!

Ғұмыр бойы қызмет еткен халқына,  
Ұлағаты мұра болған артына.  
Қанатекең, ұмытылмайды ол анық,  
Ел аузында асқақтайды да!..



49



\* \* \*

Өтсе де жылдар арада,  
Бейненіз қалды санада.  
Уақыттың өзі бас иді-ау,  
Өзіңдей дара данаға!..

Атағы жеткен алысқа,  
Сыныққа сіздей жоқ ұста.  
Қазақ пен түрікпен, өзбекің,  
Шипаңды көрді орыс та.

Шын емшілікті ұғынды,  
Сіз десе халық шұбырды,  
Киналғандарға дем беріп,  
Жаркырай тәктің нұрынды.



50



Халыктан алғыс, бата алдың,  
Таң болып Сіздей атар кім!?  
Біртуар халық емшісі,  
Сынықтың пірі атандың.

Сырғумен талай өтті күн,  
Фәниде жанға жоқ тыным.  
Байқалып жиі қалады  
Өзіннің Эке жоктығың.

Ұрпакты өттің мәпелеп,  
Бас идік ұлы Әке деп.  
Қанатбай деген атыңыз  
Келеді алға жетелеп...

Дес бермей уақыт-ағынға,  
Айналдың бүтін азызға.  
Қаншама жылдар өтсе де  
Бейненіз елдің жадында!..

**24.09. 2009 жыл.**



51



## КАСПИЙ

Каспийге көзді сүйдіріп,  
Қызықтау ғажап, әрине.  
Аруанадайын идіріп,  
Жатырмыз сорып нәрін де.

Біреуге Каспий тек теңіз,  
Ел қонақтаған жағалай.  
Мен үшін бірақ, білсөніз,  
Өнірге осы Анадай.

Даласы түйе көніндей,  
Құйын мен сағым іркілген,  
Мен үшін ұжмақ өмір бұл  
Бір күні артық бір күннен.

Каспийім – тыныс, дәрменім,  
Баба қырыммен егізім,  
Көздесен байлық, ал бәрін  
Аман тұрсыншы теңізім.

Саналы бастар бағамдар,  
Тенізбен үндес тірлігім.  
Сакталса ғана Каспийім  
Артады білсөн бірлігің.

Шын бірлік жолы өрімдей,  
Үзілмес қалай күштесін.  
Каспийім- аппак көңілдей,  
Ал, оған қылау тұспесін.



## ӨЛЕҢ ЖӘНЕ МЕН

«Біз өлеміз, ал өлең қалады»

*A. Блок.*

Пендешілік ойларымнан арылып,  
Өлең казық, ал мен оған таңылып,  
Отырайын мұзбалактар ұшатын  
Ардың аппақ шыңдарынан табылып.

«Ашу- дұшпан, ақыл-досты» ұстанып,  
Жаз жайрандап, көктем күліп, қыс бағып,  
Отырайын өсек, өтірік, мактаннан  
Ұмытылып, саф алтындай тыс қалып.

Төсін ұрып, күбінгендер күбінсін.  
Битін салып, жүтіргендер жүтірсін.  
Менің белім, ақыл-есім, ой-санам  
Ізгілікті арқалаумен бүгілсін.

Жалғандықтан, көрген құлық, сұмдықтан,  
Өлең өліп, бұл күндерде шалдықты ән.  
Құлағыма әлсін-әлсін жеткендей  
Әуезді әуен, бабы кетіп қарлыққан.

Сөз алтыны жатқан сынды тапталып,  
Даурықпадан біреулер жүр “бак” тауып.  
Жүрегімді жалындаған отты жыр  
Көсемесем бара жатыр шоқтанып...



53



## МӘҢГІ АЛАУ

Мұлгіген кеште немесе ару тандарда,  
Шілдеде, мейлі әуеден ақ нұр тамғанда.  
Ескерткішінде ерлердің алау шалқиды  
Жалын шағындаій боздақтың өткен арманда.

Көктемі өтіп, көкорай қырлар онғанда,  
Бетіне жердің аппак бол қырау қонғанда.  
Басында ердің шоктанып тұрар гүл-алау  
Мезгілі ауып, гүлдердің бәрі солғанда.

Көгілдір туым көгімде тұрса желбіреп,  
Өседі мерей, толқиды көңіл елжіреп.  
Тыныштық құшқан мәңгілік алау тұсынан  
Тебіреніп үнсіз өтеді күнде сан жүрек.



54



Тұседі еске: үзіліп қалған сан арман,  
Қасірет жасы төгілген талай жанаардан,  
Ананың шашы боздағын күтіп ағарған,  
Бейкүнә жандар хабарсыз кетіп, жоғалған...

Осылайша алау соғыстың мұңын қозғайды,  
Өшпейтін шамдай күндіз де, түнде маздайды.  
Тәу етіп халқы срлерге жакқан мәңгі от  
Жарқылдалап өткен қыршын ғұмырдан аумайды...

09.05.1998.

## МАХАМБЕТТИҚ ТУҒАН ЖЕРГЕ АЙТҚАНЫ

Айналайын атыңнан, қасиетті атамекенім,  
Жауыздарыңнан түнілдім, ал сенен қалай  
кетемін?!

Әділет іздең жалғаннан, хан-сұлтандармен  
шайқасып  
Ұл бол туган парызымды алдыңда сенің  
өтедім.

Туган жерім-бесігім, киям ба сені басқаға,  
Жер басып жүрсем өзінде, ізdemес едім баспана.  
Талауға түскен халықтың зарын естігенде мен  
түгіл

Жан бітер деуші ем сендергі қара тасқа да.



Кек отына лапылдал, суырдым ақ алмасты,  
Өр ұлдарың соныма еріп, төсінде дүбір  
жалғасты.



Әттең бірак, Истатайдай қанатынан айрылып,  
Қапы қалдым, айтқанмен орны толмас-ты...

Қасіретті халқыма бақыттың таңын көкседім,  
Арманым еді-ау бір көру тәуелсіздікке  
жеткенін.

Аспанында даламның өз байрағым желбіреп  
Мына түнек заманның дәурені бастан өткенін.

Ей, туған далам, мен сенің келешегіңе  
сенемін,  
Жасқанбай айтқам сондықтан әділеттің  
женерін.

Өтінерім: артымнан ерер, ел корғаны-ұрпакқа  
Жетсінші менің алдаспан жырым, сәлемім...

**27.11.1976.**

## БІРЕУ

Ой, күпінді, күпінді,  
Куды дерсіз мақтанды.  
Айтактап жұрт бітірді –  
Жарылуға ол шақ қалды.

Күріш, – дейді, – күрмекті,  
Бұ заманың тұлкісі.  
Сөзбен ұтай ілмек-ті  
Езуінде күлкісі.

Ол дәріптеп өзді-өзін,  
Ауыздарға сөз салды.  
Тауға балап тезегін  
Шапласа да бәйге алды.



57

*Шілде. 2006.ж.*



## **САРЫАҒАШТА**

Сыздаған соң жүрегімнің тыртығы,  
Жанның артып, қыңқылы мен сыңқылы,  
Ойланбастаң тартып кеттім, құдай-ау,  
Жұрт айтатын Сарыағашқа бір күні.

Сарыағашта, қызығылт арай, сары күз,  
Сонда дағы келді біздің бабымыз.  
Бізден аулак конса дағы сары қыз...  
Оған бола сынған емес сағымыз.

Сарыағашта, сыйырлайды күзгі бак,  
Үн қосады күміс бұлак сылдырап.  
Бойға куат, жанға шипа суы бар  
Қабак ашар, барған адам тұнжырап.

Өмір-күрес, түссе тірлік салмағы,  
Күтсін мені Онтүстіктің тандары.  
Ақтау беттен жүлдыздайын ағайын  
Сағындырып Сарыағаштың саздары...

*Кыркүйек. 2006.*

## САҒЫНЫШ

*Немерем Қаусарға*

“Бапа, сені сағындым” -дейсің күнде звондал,  
Күргыр жүрек мұндауда, қалады екен бір аунап.  
Саған қарай сол сэтте ұшып кеткім келеді,  
Шіркін, қанат болса егер тырнадайын тыраулап.

Сағынғаның жарығым, әр сөзіңен білінді,  
Үйдің іші дуылдалап, қызықтайды тілінді.  
Былдырлаған сөзінді естігенде алыстан  
Көкжиегі көңілдің акша бұлтқа ілінді.

Ұзағалы ауылдан үш аптадай күн өтті,  
Соның өзі жылдай боп, көңілімді жүдettі.  
Ақ самалдай есіліп, сен сөйлесең Ақтаудан  
Серпігендей боламын қалың ойды – түнекті.

Пенде жолы белгілі, тағдырына бағынбак,  
Жастан асып барамыз жүретүғын жалындал,  
Апта, күнді айтамыз, біле білсөң, жарығым,  
Балаң сені сағынған үйден шыкқан шағында-ак.

Сағынбасақ күнім-ау, бұл өмірдің мәні не?!

Сала алмайсың сен онда куаныштың әніне.  
Көкжиегі таулармен көмкерілген баба-қыр  
Кү тақырдай көрініп, бөленбейді сәніне.



Ақ толқынды көк теңіз лайсан судай көрінер.  
Сағынбасаң көнілің әрбір шақтан жерінер.  
Сағынышың баураса жағалаудың шағылы  
Аяғыңың астына ақ маржандай төгілер.

...Жайқалады сен десе жапырағы жанымның,  
Сайрап кетер бұлбұлы мұнға оранған бағымның.  
Оңтүстіктен арқырап отарбалар акқанда  
Мен де ауылға жетермін, жаным, сені сағындым...

*Кыркүйек. 2006.ж.*



60



## БЕСІК ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Толқынды кәрі Каспий жағасында,  
Ман даға көк теңізben жарасуда.  
Сары күм, зенгір аспан, ак шағала  
Көз тартар бір сұлулық бар осында.

Жағада Қиянды, Құлы ауылын да,  
Коныстас қазақ, түрікмен бауырын да.  
Қазақша тұрғындары таза сейлеп,  
Бас қосқан той, садақа, сауығында.

Бәрінен биік қойған ар, ибасын,  
Осында хан көтерер ауылдасын.  
Хабар сап, Қияндыда той жасады,  
Шегем Шәудір баласы Жарылғасын.

Шәукеңнің палуандықпен аты шықкан,  
Болмапты қындықтан кезі ықкан.  
Марқұмды еске алады көне көздер:  
«Ер көнілді кісі деп жайынды ұққан».

Токтамай өмір-өзен жатыр ағып,  
Жұрт күйлі, балық аулап, малын бағып.  
Жекжаттық жөніменен тойда болдық  
Шәукеңнің кенже ұлы келін алып.



Бұл тойға сан тараптан келді халық,  
Жыраулар жыр толғады шабыттанып,  
Палуандар белдескенде, жүрт қиқулап,  
Күресте шын мықтыны жатыр танып.

Тойда анық талайлардың бас қосары,  
Үлкендер көшелі сөз бастады әне.  
Қаратып дүйім жұртты әңгіме айтты.  
Түрікменнің төрде отырған аксақалы:

-Әкеміз Оразнияз, Сафи атым,  
Казакқа ұксап тұр ғой тұр-тұрпатым,  
Бұл тойға арнап келдім Шағадамнан  
Шәудірдің көріпті әкем шапағатын.



62



Сұм тағдыр қай пендениң жайын ұқты?!

Әкеме бакытсыздық таңылыпты.  
Перзенті бірінен соң бірі өліп,  
Ошағы қайғы бұлтын жамылыпты.

Тәнірден ертелі-кеш тілеп медет,  
Таба алмай қам көнілге ешбір себеп,  
Зарлапты шашын жайып сорлы анам-  
Айырылған үш сәбиден Огулгерек.

«Ісіне бір Алланың адам көнбек,  
Мен сорлы міне, қубас атандым», деп,

Шәудірге әкем ылғи мұн шағыпты, –  
“Бұл қайғым бара жатыр досым, мендеп”.

Дос пейіл осындайда синалыпты.  
Шәукең де коңсызы үшін мұнайыпты.  
Казактың бір ырымын жасамақ боп,  
Сиынып әруақтарға, сыбаныпты.

Оңаша қиялымен тілдесіпті,  
Үміттің оты ұшқындал, мұн көшіпті.  
Бабамның киесі бар мұрасы деп,  
Жасапты бөбекке арнап бір бесікті.

Қыс өтіп, жаз айналып, күз келеді,  
Ал, әкем ак үмітін үзбел еді...

Куантып көрші-көлем агайынды  
Жаратқан шаңырағына ұл береді.

Білгендей Шәукең жетіп бесігімен,  
Жұртты аузына қаратып шешімімен.  
Шарананы бесікке салып тұрып:  
«Ұрпак өрсін,- депті, -үйдің есігінен».

Сәбиге Қазақбай деп ат қояды,  
Шәукеңнің ырымы шын акталады,  
Бесіктен ол жасаған төрт ұл өрбіп,  
Оразнияз үйіне бак қонады.



Міне, мен сол шаңырақ кенжесімін,  
Тілеуін берді Кұдай пендесінің.  
Түркімендер әзіл-шыны «қазак» дейді,  
Екі ұлтқа ортак ұлмын, ал несі мін?!

Сафи карт түйіндеді әңгімесін,  
Босатып тыңдаушының жан-жүйесін.  
Тербелді көз алдымда қоңыр бесік  
Тигізген ден қойғанға зор киесін.

Таркатып осылайша жан наласын,  
Әuletке айналдырған бір баласын,  
Киелі бесігіндей елестетем –  
Қазактың сағымданған маң даласын.

64

Бұл өмір күз күніндей күбылмалы,  
Уақыттың жай таптырмас бүгінгі әні.  
Замандас, ой көзімен бір қараши-  
Бесігің үйіндегі тұзу ме әлі?!

Бесігің үйіндегі тұзу ме әлі?!

## ІНІГЕ СЫР

Заманға сай жаңартам деп үйімді,  
Тастап жатсың алашаңды, киізді,  
Мұлік еді ата-анаңың көзіндей  
Енді міне, қажеті жоқ “үйінді”.

Білем, бүтін тапшы емессің ақшаға,  
Жиһаз жидың, алдың жаңа баспана.  
Ескі заттан арылам деп бұрынғы,  
Байқа, көне бесігінді тастама.

Шаңыракты ұстап қалған ұл едің,  
Өзіңе айтар бұл ағалық тілегім.  
Бесігінді тастай көрме, жарқыным,  
Білгенге ол, баға жетпес киелің.



65



Өмір-мектеп, кездеседі түрлі сын,  
Өркендесін, көркемделсін тұрмысың.  
Бөле жатар бесігіңен ажырап,  
Үзіп алма, өсер ұрпақ үрдісін.

Арымас ұл ұлкендермен кеңескен,  
Шаңырақ бол, бак-дәuletі теңескен.  
Ал, бесігің киелің ғой, киелің,  
Әulet емес, одан Қазак елі өскен!...

# ХАЛЫҚТАЙ-АҚ ХАЛЫҚСЫҢ ТҮЛН БАРДА

## *Бірінші жыр*

*немесе ана тілін менсінбеген жігітке*

Көшеде шүлдірлеп келе жатқан екі жігітке бір қария:  
«Карактарым-ай, казакша, өз тілдерінде сөйлемейсіңдер  
ме?!», – деп еді. Бірі мысылдай күлді де, екіншісі үлкен  
кісіге дұрсе коя беріп, біраз сөздер айтып тастады. Сол  
сағте осы жолдар ойға оралған-ды.

Эй, әумесер серік қылған жырқылды,  
Кылығынан шошындым мен бір түрлі.  
Орныменен ақыл айтқан Атаға  
Көрсеткениң калай болды сыртынды?!

Ойға алмайтын ата-баба өткенін,  
Кімсің өзің, кайда жүріп көктедің.  
Кемелдігі дала сынды картынның,  
Ақ сақалын сыйламадың, не еткенің?

Жүрген сенен өзге тілді жағалап,  
Ертенгі күн қандай ұрпак тарамак?  
Өз халқының қасиетін ұқлаған,  
Өзгені де жарытайтын бағалап.

Тәлімің бұл жаңға катты батады,  
Итше қаптың алдындағы Атаны.  
Сендейлерге билік тисе, о, тоба,  
Тілін, дінін, халқын дағы сатады.

Тілім, міне есігімнен енгенде,  
Көбейгенде енді оған сенгендер,  
Бұған күліп қарайсың-ау, пәтшағар,  
Сендей болар қастерлісін көмгендер.

Білем, саған қазіргі кез ұнамай,  
Тіл тигіздің киеліме-мұрадай.  
Өз жерімде өз тілімді қорғаштап  
Қандасыммен тістестім-ау, құдай-ай!

Кесуге бар көктеген тіл –желекті,  
Құртуға бар тарихынды деректі,  
Жат пиғылға екеуміздің осылай,  
Бітісе алмай жүргеніміз керек-ті.

Не таптық біз, басқаларға еліктең,  
Төрге оздырып, айтқанына көніп көп,  
Олар болса ұлы тұтып өздерін  
Басқа жұртты санамады халық деп.

Содан бәлкім, жолымда өткен азап бар,  
Жылдар болды кем түспеген тозактан.  
Енді ғана тіктегенде еңсемді  
Шот салуда сендей шала қазактар.

Маған ауыр, оңай тимес саған да,  
Женісім мен жеңілісім бәрі алда.  
Ал, тілімді қорлар болсаң айтарым –  
Екі қолым кетер сенін жағанда!



## *Ежінші жыр*

*немесе соқтықпа ана тіліме*

«Лада» дейтін газеттегі «Возвысить степь не унижая горы» атты қазақ тіліне қарсы мақаланы оқығанда жазылған-ды.

**19.09.2002.**

“Өзім қазақ қазақшаны білмеймін,  
Сондыктан да осал емес, дүрдеймін”, -  
Деп көкіпті бір жорналшы газетте  
Мұндайларға жауабымды үзбеймін.



68

Мактаныш па, өз тілінді білмеуің?

Ол аздай-ак, көпті соған үндеуің.

Күдайым-ау, кімге күліп отырсың?

Дұрыс еді мұнан да итше үргенің.



Жүргендейсің басқа тілді жарылқап,

Жатқан жок па сенсіз-ак ол барынды ап.

Осы тілде шүлдірлең жүр ұл-қызың,

Осы тілде сен де жүрсің барылдал.

Сендей жандар ауру сынды жүқпалы,

Дей алмаймын мені жүртүм ұқпады.

Ана тілім жаяды әлі-ак желегін

Топырағында өз тамырын нықтады.

Басымыздан білемін бак сан ауды,  
Сондыктан да көңіл әлі қаяулы.  
Азабың мен тозағыңың не түрі  
Өшіре алмас жүректегі алауды.

Көсілесің көбік сөздің желімен,  
Тұскендейсің сонау аспан елінен,  
Кім болсан да, соқтықпа Ана тіліме,  
Өлсен-дағы өлген дұрыс жөнімен...

### *Шілдешің жыра*

*«Трижды убивает свою нацию тот,  
кто игнорирует родной язык».*

*Гегель*



69



Сені ұклады, тіпті де ұғынбады,  
Зар үніңе құлакты тығындады.  
Жұдырықтай жүрегім – бозторғайым,  
Бауыры отқа күйгендей шырылдады.

Көкпардайын додаға тағы түстін,  
Топырағында күй кештің бейне мұскін.  
Кеудемсоққа жайынды ұқтыра алмай,  
Елден безіп кеткім кеп зәһәр іштім.

Босағадан сығалап әлі жүрсің,  
Тұсінбеген тұсінер деймін бір күн.  
Өрімталым, желегің солмасын деп,  
Ақ жанбырша селдеймін дүркін-дүркін.

Мен сеземін, кетерсің тамыр тартып,  
Жармаскандар шан қауып, қалар тантып.  
Шын жоктаушың лек-лек боп шығар өсіп,  
Бүкіл түркі қарайтын сенім артып.

13.05.1995.

### *Мортінші җығ*

*неге бір алқалы жиыннан кейін жазылған  
олен*

Парықсыздар койды да сынак қатты,  
Сөз-сойылмен как бастан бір-ак тартты.  
Жанұшырып, өз сөзін өткізе алмай,  
Ана тілім алқадан жылап қайтты!..

Езгісінен ессіздің жаншылғандай,  
Көк сұнгіге жүрегі шаншылғандай,  
Ардағым-ай, қамығып жылап тұрды  
Оразбайлар Абайға қамшы үргандай.

Тіл жойылса- ісіңің қараң бәрі,  
Қайран көніл, кан жылап аландаулы,

Ендігәрі ағайын абай болғын,  
Батыраштар көркеуде аранда әлі!...

Тілін, дінін жүр әне, жерлегендер,  
Деміне кара шайды демдегендер,  
Желтоксанда өктемнің сөзін сөйлеп,  
Бұл ісіне әлі мән бермегендер...

Елміз дейміз, он жылдық белестегі,  
Тәуелсіздік данғаза елес пе әлі?..  
Ана тілің, беу, казак, ойлашы өзің  
Ақ сүт берген Анаңыз емес пе еді?!..

...Қакпақылға өз тілін салған ұдай,  
Биліктіден көнілдің қалғанын-ай!  
Мәртебесін мәреден асыра алмай  
Жылап қайтқан алқадан ардағым-ай!..

*07.12.2001.*



71



### *Десінші жыл*

*немесе бар қазаққа*

Халықтай-ак халықсың тілін барда,  
Ал, біреулер мұны әлі ұғынбауда.  
Өзге тілге көнілді бұрып тұрып,  
Арасында салады құр ойбайға.

От басында орысша шүлдірлейді,  
Тұлкідейін жымын да білгізбейді,  
Комсынады қазақша жазылғанды  
Қолдан келсе маңынан жүргізбейді.

Құмар әркез басқа тіл үйренуге,  
Қара басып өзінен жиренуде,  
Білсеніз сондайлардың кесірінен  
Қасиетті тіліміз күнде өлуде.

Өзімізді өзіміз жұбатамыз,  
Мактанамыз, мактауды ұнатамыз.  
Әсірешіл әдептен арылмасақ  
Тілімізді құрдымға құлатамыз.

72  
Осынау жай айдан да анық бүгін,  
Бар казакка келеді соны ұқтырғым.  
Жоқты бар деп жүргенде бір күндері  
Жоғалмаса болғаны халықтығын.

### *Алтыншы жыр*

*немесе қазақша ән*

Жұма күні. Соңғы автобус, кешкілік,  
Қара жолда алдан самал естіріп,  
Жүйткиміз біз, бағытымыз – Жанаөзен,  
Шопыр жактан шуылдақ ән естіліп.

Автобуста отырғандар казак кіл,  
Сөйлесеміз, аузымызда – казак тіл.  
Ал, күлакта даңғазалы шетелше ән  
Біле білсек түсінгенге азап бұл.

Күмбір күй мен әсем әнді жалмаған,  
Шуылдакқа неге үйір жұрт сарнаған?  
Өзіндегі саф алтынды мыс көрген  
Шопыр жакқа қарап, үнсіз ойланам.

«Өшір үнін болмаса егер казакша ән», –  
Деген дауыс жұртты артка қаратқан,  
Айқай сап тұр ак қалпакты нар қазак:-  
«Құтыламыз қашан мұндай мазактан?!»

Селт етпейді, ол да казак-шопырың,  
Абайсызда қасығандай қотырың,  
Үршып тұрып, шөпжелке қыз тіл қатты:  
«Ұят кайда, ағай, тыныш отырың».

Күнкіл-сұнкіл, өз пікірін айтты әркім,  
Нар қазақта жігіт екен батыл үн,  
Тұра келіп айтып жатыр шопырға:  
«Мәңгүртсің-ау, сананды алған жат ұғым».

Ақ жаулықты ана түсті араға,  
«Әй, жігіттер ұқсамандар балаға,



**Тұған тілін ұғынбаған жүрекпен  
Санасызға сан айтқанмен бола ма?»**

Осы бір сөз батса керек жаңына,  
«Кінәлімін, казакша әннің жоғына,  
Бұл жай ғана ұйқылашар ғой», - деп шопыр  
Әшірді әнді, көпшілікке бағына.

Күндер өтті көленкеден корқатын,  
Күндер жетті казактығың артатын,  
Тұған жерде, кара жолдың үстінде,  
Қазак әнін шырка енді, бар хакын!..

74  
Тілімнің бұл шын санатка енгені,  
Ашады ұрпақ әлі-ақ алтын көмбені,  
Жол үстінде жаңғырығады күні ертең  
Қазағымның көркі кайтпас әндері.

...Оу, шопырым, жолаушымен жарасып,  
Жүргің келсе, даудан басты ал, ашып.  
Жолға шықсан серік етіп өзіңе  
Ең алдымен Қазак әнін ала шық!..

## **Жемінші жыр**

Жарай алмай халқыңың керегіне,  
Айналып көне тарих дерегіне,  
Қайран тілім, аса алмай босағадан,  
Қалармысың өгей бол өз еліңе.

Өшермісің, сен алде өсермісің,  
Көркемдікпен көкейді тесермісің,  
Жолындағы бөгетті тас-талқан ғып,  
Заманаңар көшімен көшермісің?!..

Ғасыр жетті қазаққа алтын деген,  
Өсер бәлкім, сенің де нарқың ерен,  
Алтыныңың құны да қара бақыр  
Калар болсан қажетсіз қалпыңменен.



75



Ана тілім-ардағым, жарқын таңым,  
Бүгінгіден артар ма, нарқың, бағың?!  
Ұғынар ма қазағым бір кісідей,  
Тілім болса, тәуелсіз халқым барын.

Басыңа конса дағы ғажап күнің,  
Бәрінен биік тұрсын Қазактығың,  
Ана тілім алшандап төрге озған күн,  
Айтармын мен, келді деп  
Азаттығым!...

## ЖЕРЛЕРІМ

«Көп жерлердің ішінде туган жер деген бір жер бар»

**Жұбан Молдагалиев.**

Долы желі, аптабына шынығып,  
Ертегі естіп, айлы түннен сыр ұғып,  
Әр ісімнен шалалығым білініп  
Бала шақта көзім көрген жерлерім.

Табанымды тікеніне тілдіріп,  
Балағымды велсебетке ілдіріп,  
Дүниеде барлығымды білдіріп  
Мал қайырып, селеу орган жерлерім.

Сән түзеген бозбаланы жағалап,  
Дос-дүшпанды енді өзімше бағалап,  
Арманымның арғымағын тағалап  
Елік-қызыға көзім сұзген жерлерім.

Бойжеткеннің терезесін “күзетіп”  
Кей түндерде табанымнан сыз өтіп,  
Жиылып ап, кей тентекті түзетіп  
Ойын-тойды іздеп шыққан жерлерім.

Есейдік деп темекіні қолға алып,  
Біреу артық сөз айтса егер шамданып,



Киялданып, қыран құсша қомданып  
Алғаш рет шарап татқан жерлерім.

Оңашада махаббатты ойға алдып,  
Еш адамға сыр аша алмай толғанып,  
Өз-өзімнен өлең құрап, сандалып  
Елік-қызыға хат жолдаған жерлерім.

Енді міне, талай-талай қырды асып,  
Өлгенімше құмар қылып жыр-ғашық,  
Сол арқылы дүйім жүртқа сырды ашып  
Куанышқа шын кенелген жерлерім...

27.08.1994.



77



## СЫНАҚ

### Жұмабибіге

Есінде ме, болатұғын күз тұні,  
Бір қызық жайт болған еді күлкілі,  
Кыз, жігіт ек қыдыруға келістік  
Қойып жарты ұйқыны.

Тұн қойнына бөлөнгенде бар аймак,  
Уәделескен жерге бардым абылап,  
Сіздің үйден шыға салып бір бейне  
Маган қарай келе жатты қараңдап.

Куаныштан жүрек күйін төкпелеп,  
Жігітке тән біздің қылық өктем ед,  
Карсы жүрдім мен өзіңе асыға  
Кездесуге бетпе-бет.

Көніл толмай жүрісіне еріншек,  
«Жүр тез,-дедім,-ұят болар көрінсек».  
«Шырақ, сізге кім керек?»- деп алдымда  
Тұрды күліп бір бейтандыс келіншек.

Сасканымнан қазықтайын қалт тұрып,  
“Кешірініз”, дептін, соны шарт біліп.  
Кідіруге біреу ұстап алардай  
Кетс бардым шалт жүріп.

Біраздан соң қайта келдім айналып,  
Тым ерсілеу қылығымды ойға алып,  
Жайран қағып, күліп шықтың алдыннан  
Канғандай бір жайға анық.

«Ренжімеші, өттің алғы сынақтан,  
Ол келіншек жанарынан нұр аткан.  
Әпкем еді, менің жалғыз сыр ашар  
Көріп бүгін,-дедің,-сені ұнатқан».

Осы «сынды» еске алып қазір мен,  
Інілерге айтып қоям әзілмен:  
“Сүйген қыздың әпкесі не женгесі  
Сынар болар, айналайын әзірлен”.

08.03.1982.

79



## АУРУХАНА. ТҮН

Палатаға мұлгіген ай сәулесі төгіліп,  
Науқас жатыр, ак төсекке көміліп,  
Күрсінеді, жап-жас жігіт жылайды  
Тағдырына налып, іштей егіліп.

Кайғырады Жаратқанға жүгініп,  
Жас ғұмыры кететіндей үзіліп,  
Жұбатып ем, сәулеленді көңілі  
Шақырғандай алғы күнге бір үміт.



80

Киялында елес берсе ертеңі,  
Бұла жүрек шаттық күйін шертеді  
Айдынында өмір атты теніздің  
Көтеріліп кететіндей желкені...



Уайым, үміт... тірлігінің бәрі сын,  
Жатыр жігіт, ал далада- өлі түн.  
Ақ палата ак жаулықты анадай  
Тілеп тұрған жалғыз ұлдың жеңісін...

**18.06.1988.**

\* \* \*

“Ішінде адам аласы”,  
Деген сөз бар, болған емес таласым,  
Бірақ, бірақ күліп тұрған адамға  
Нанаңың-ау, нанаңың...

Анық білмей дос пен қастың арасын,  
Байыптамай бес саусақтың саласын,  
Жүргеніңде танытады біреулер  
Жүрегінің қарасын...

Күн кешпеген сәл нәрсені малданып,  
Біздің көніл барлық жаңға жап-жарық.  
Содан бәлкім, тани алмай адамды  
Қалатыным алданып.

Ондайлар жүр сілтеп маған кесегін,  
Бетке келмей, сырттан айтып өсегін.  
Сонда да мен бар адамға япыр-ау,  
Ғашық бол күн кешемін...

Алдай берсін, қауіпті емес ол дағы,  
Әйтеуір бір, рас жолым болмағы.  
Мені алдасын, бәріне мен көнегін  
Тек құдайын ұмытпаса болғаны...



81



25.08.1984.

\* \* \*

Арайы таңның тұнекке нұрын шашқандай,  
Ақ жауын төгіп, қапырықты, шаңды  
басқандай,  
Көргеннен мені әзәзіл шайтан, сұмпайы  
Айылын жиып, болады аулак қашқандай.

Тірлігі күйкі, ойы пәс, құзғын ниеттер,  
Жамандық қана  
Тілейтін қара жүректер,  
Тайқиды менен, көзге түсуге жарамай  
Қайда қашса да, нұр бейнем қоймай иектер.



Жымысқы кулық, сұмдықпен жаным жараспас,  
Назарым түссе, тәбе асқанмен ол, тау аспас,  
Қызғаныштан қысас болған зымиянға  
Білерім менің, құдайдың өзі қараспас.

Кашады менен бықсытып өсек күйттеген,  
Жан-жүрегінде  
Арамдық барлар титтеген,  
Күнгейден ауған көлеңке сынды жоғалар  
Косақталып  
Күйелі ағаш та итпенен...

25.07.2008.

## **ЭН САЛ, ТАҒЫ**

*Эңші-сазгер Айтқұл Эбдіразаковага*

Сен ән салсан,  
Аспаным ашылғандай,  
Ақ жаңбырым дүркіреп басылғандай,  
Бозаң дала сұлудай сылаң қағып,  
Жусан исі этір бол шашылғандай.

Сен ән салсан,  
Каспийім толқынданып,  
Ақ шағала төсінде жарқыл қағып,  
Шұғыламен астасқан көк теңіздің  
Көкжиегі көз тартар алтынданып.



83



Сен ән салсан,  
Рухым көтеріліп,  
Жігер алам тау-тасты кетер үгіп,  
Ал, жүргегім айналып жанартаута  
Алауынан жатардай от өріліп.

Ән сал, тағы,  
Аңсайын, сағынайын,  
Әуеніңе жіпсіз-ақ таңылайын,  
Осылайша қанаттан, калықтап үш  
Серігіңе айналып лағыл әнің...


## ПІР БЕКЕТТИҢ БАЛАСЫ

*Рахмет Аяпбергенұлына*

*«Мы теперь уходим по немногу...»*

*Сергей Есенин.*

Эй, Рахмет-ай,  
Ақыным-ай, аңқылдақ,  
Жыын-тойда өлең оқып, саңқылдал,  
Жүруші едің, бір күнгідей болмады  
Ажал-тажал алып кетті-ау алқымға ап...



84

Жыр пырағын мінгенің шын тағалап,  
Жас ақын көп соңыңа ерген ағалап,  
Төлегенді «тірілткеннің» бірі өзің  
Әр шайырды жүретінсің бағалап.

Ақ көңілдім, жалпаң қакқан сенгішім,  
Сенің бізге аз емес-ті онды ісің,  
Біреулердің кеңіді ме өрісі,  
Таба алар ма енді сендей көнбісін...

Бізге ашып айта алмадың мұңынды,  
Кей ретте шаптай туың жығылды.

Түсінгісі келмегендер түсінбес,  
Жыр сүйер жұрт сені ақын деп ұғынды.

Сұм ажалға келмес пенде шамасы,  
Содан бітпес қайғысы мен наласы,  
Енді сені жырларыңнан іздейміз  
Әй, Рахмет-ай, Пір Бекеттің баласы...

**15.05.2008.**



85



## ТАМЫР

### Ұлыма

Көптен бері тамыр жайлы ойланам,  
Тармак-тармак тамыр сынды айналам.  
Тау мен тасты, мұхит, өзен, көлдерді  
Жаратушы әр қазаққа «байлаған».

Жердің өзін әуе кеністігіне,  
Көзге түспес магнитпен жалғаған.  
Күн мен айдың, жарқыраған жұлдыздың  
Тарту күшін ғылым талай барлаған.



86

Біз де солай, бір Аллаға бағынған,  
Нәр аламыз қазақ деген тамырдан.  
Арадағы тіннің бірі сыр берсе,  
Жан болармыз қалыбынан жаңылған.



Адам екеш мына тұрған бәйтерек,  
Курағанда орнын басар тал-терек,  
Олар дағы бір тамырмен жалғасқан,  
Уақыт өте кәрі жаспен алмасқан.

Тамырында намысқойлық, тектілік,  
Оған жалғас бабаларда көп білік.  
Ал, оларша тіл мен ділде күрмелу –  
Жетесізге сай келетін жат қылыш.

Қазакта ғой пәлсапасы өмірдің,  
Аталы сөз мұнын аулар көңілдің,  
Лұғаты фәнименен бакидың,  
Шежіресі арғы шықкан тегіннің.

Қазағымның макалы мен мәтелі,  
Зейін қойсан жүрекке анық жетері,  
Дүние, байлық, айтқанындай, баянсыз,  
Бес күн тірлік, рас жалған екені.

Қазақ деген ұлы халық тамырың,  
Бұл жөнінде баурамасын тар ұғым.  
Тарихың мен ғибрат сөзін көненің  
Шын ұғынсан өсер еді танымың.



87

Өзіне олжа, шетел асып көргенің,  
Артық емес жан-жакты өсіп-өнгенің.  
Дегенменен, тұғырынды нықтамай,  
Тұсіп кетпе ауанына өзгенің.



Ұтары анық ата жолын қош көрген.  
Өз ел-жұртың осал емес еш жерден.  
Тамырынан ажыраған тең болар,  
Дүниеге келе салып өшкенмен.

Жеті тіл біл, үйрен небір ғылымды,  
Шама жетсе әлемге төк нұрынды.  
Бірақ дағы тексіздікке салынып,  
Ажырама тамырынан бұрынғы.

Ғұлама бол көп аузынан түспеген,  
Керемет бол, үлкен істі істеген.  
Тамырынан ажырасаң түбінде,  
Сен боларсың бармағынды тістеген.

Мұны саған айтты деме бекерге,  
Кейбіреулер құмар қазір шетелге.  
Өз елінде, туған халқың алдында  
Кірісे біл парызынды өтеуге.

88  
Киындық көп алға қадам бастасаң,  
Әділет деп түсерсің-ау, отқа сан.  
Бірақ, ұлым, қандай күйде жүрсөң де,  
Тамырынан ажырама ешқашан!..

## СҮЙІНГАРА БАТЫРҒА

Беу, ерім-ай, жерің мынау қорғаған,  
Көмбे екен-ау, талайларды арбаған.  
Қазына екен ғасырларға жететін,  
Үрыс екен бұрынғыға қонбаған.

...Шоқпарыңды көтере алмай қол талды,  
Қол талған соң ен даладан әр тайды.  
Көк найзаны айырбастап ілімге  
Боксшыдай сәтті күтем онтайлы.

Конағыма бере-бере төрімді,  
Алға аттаған, қадам кейін шегінді.  
Заман өзге, әлі күнгө білмейміз,  
Қыындықты өзің сынды женуді.

Басымыздан талай-талай өтті мұн,  
Баяғыдай дархан дала жок бугін.  
Ел алдында өз парызын өтеген,  
...Оу, Сүйеке, асқар таудай шоқтығың!



## АТАМЕКЕНГЕ

Оулиелі мекен, сәйгүліктердің ізі бар,  
Кобейді жұрт та бұл күнде саган қызығар.  
Қайқы қылыштай кара шалдардың орнында  
Намысқой ұлың ішінен тынып, қызынар...

Өзінде жатыр қоймасы небір деректің,  
Дегенмен, көпке қазынаң үшін керексің.  
Дымын қалдырмай сөлінді сорып алған сон  
Кауіптеснемің, іздемей ме деп сені ешкім...



90



\* \* \*

Киелім-ай, перзент тұттың мені де,  
Жалқын күннің нұрын ектің өніме.  
Ұлы дала тектілігі сіңсін деп,  
Тәй басқаннан салдың аптаң, желіне.

Көкірегіме шабыт құйдың, дем бердің,  
Ауырғанда лебіңмен-ақ емделдім.  
Арсыздыққа көніл налып, мұндансам  
Саған сеніп, семсердейін сермелдім.

Біткенінше берген ғұмыр өтер күн,  
Дей алам ба, ауырыңды көтердім.  
Перзент тұттың, санға қостың, өсірдің  
Парызымды мен қалайша өтермін?..

Соны ойласам, бір басыма жетер мұн,  
Ғұмыр-әнге өзіңді арқау өтермін.  
Саған деген өшпес махаббатымды,  
Ұрпағыма аманаттап кетермін...



91



## **БҰЛАҚ ЖЫРЫ**

*(монолог)*

Бұлқынып шығып, тас емшек жердің үрпінен,  
Аптығып алға, сәбише былдыр күлкімен.  
Қырқадан асып, жолымды шайып сілтіден,  
Келемін алға, мен өткен жерлер дүр кілем.

Далаға дархан оралып бағзы сән көрік,  
Жанына дәру алсын деп шипа нәрді еміп.  
Келемін ағып, тозған қырларым қарайды,  
Кезеріп ерні, төскейін ыс пен сор көміп.



Келемін ағып, көп болып жолда бөгесін,  
Қайратқа мініп, олардың сөгем көбесін.  
Колтықтан сүйер бір нөсер керек мұндайда,  
Күш-куат беріп, ағыл да тегіл төгетін.

Бірак та бізде нөсерлер неткен аз тіптен,  
Пұшайман көніл көктеме келсе наз күткен.  
Орайды алдан жықпыл мен ойдым шұқанақ,  
Ішіне зәр мен сөлінді сорар саз біткен.

Құрдымнан атқып, арнама сыймай долданып,  
Көлденең келген бөгетті небір қақ жарып.  
Келемін ағып, “жынданып”, кейде мұнданып,  
Сылдыр қағамын, жол берсе Құдай онғарып.

Жарық дүниеге келген емеспін бекерге,  
Сан кедергіге тосылып өмір өтер ме?..  
Тыншытпай мені келеді сүйреп нұрлы үміт,  
Шулы теңізге жете алмаймын ба, жетем бе?!



## АҚЫН РУХЫНА

«Пайда ойлама, ар ойла»

*Абай.*

Арды түйіп, пайда ойлап жүргендер,  
Көзге ілер ме, билігі жок ақынды.  
Ебін тауып, екі асауды білген жан,  
Болады екен елден ерек «акылды».

Төрде отырып, кенес құрар қария,  
Кошеметтеп, пұлдыны жүр жағалап.  
Құлқын үшін пысқырмайды арына,  
Өмір мәнін тек байлықпен бағалап.



94

Сөзімді айтып, тоқтатып ем жөнсізді,  
Түсінбеді ол, өзіме кек сақтады.  
Ойлап едім, жұрт ұғынар, ел-сұзгі,  
Кейбіреуге бұл қылышым жақпады.



Бөріктілер үміт күтіп, ел сенген,  
Құлқыны мен қара басын күйттеп жүр.  
Ақыл, білім, еңбек деген өлшемнен,  
Қалмай барад ұшқын дағы титтей бір.

Осылайша пайда қуып, жанығып,  
Дәрмені мен мәзі кетсе ортаның,  
Қара басып, діл мен тілден жаңылып,  
Қазақтыым қалмай ма деп коркамын...

## СЕНІ ІЗДЕДІМ, АТАЖҰРТ

Кезімнен-ақ етек жауып, ес білген,  
Өзінді ойлап, ғажап күйлер кештім мен.  
Киялымды баурап алған Манғыстау,  
Сәйгүліктер дүбіріндей естілген.

Елестейтін және маған ұжмактай,  
Әулиелер жайлап алған жұмбактай,  
«Манғыстау» деп қайталаушы ем дұғамдай  
Атауының өзі маған қымбаттай.

Билеп алған көп ертегі, көп азыз,  
Атажұртқа жаны құштар баламыз,  
Дем бергендей бабалардың рухы  
Арасында керілдесіп қаламыз.



95



Жүретінбіз саған сырттай таласып,  
Киялымыз кия шыңдан әрі асып,  
Батырларша бірін-бірі кешірген  
Кететінбіз кейін қайта жарасып.

Бала көніл мөлдіреген тұнықтай,  
Махаббатын жүретін еш суытпай,  
Қызғансақ та бірімізден біріміз  
Жүретінбіз өзіңе шаң жуытпай.

Он жетімде сапар шектім сені іздең,  
Көкірегімнен өпті Актауда теңіз кеп.  
Көктеп өттім Өзен, Бейнеу арасын  
Қасиетін болдым анық сезінбек.

Айғыз-айғыз тілімденген арқасы,  
Шықты алдыманан баба дала қанқасы,  
Көрінгенге үрке қарап тұрғандай  
Атажұрттың әр шоқысы, әр тасы.

Тыпирлайды торға түскен балықтай,  
Жон арқасын қамшы тілген арықтай.  
Неде болса қысқаштайын жуан қол  
Кояр емес қара қанын сарықпай.

96

Бозан дала тақырланған ақ шаңдақ,  
Үркіп ұшқан бөдене мен қасқалдақ,  
Качалкалар қанға тоймас масадай  
Қайта-қайта сорып жатыр қақшандап.

Шынжыр табан ізін сала таптаған,  
Көрінеді жусанды қыр жат маған.  
Күнгірлейді көне бейіт, мазарлар  
Ата-баба белгісіндей сақтаған.

Жерұйығым қайда мені баураған,  
Талапайлы тулак дерсін аумаған.

Откенімді бүтін іздең таба алмай  
Жауыр аттай дірдектедім жаураған.

Біреулердің ой-пікірі, санасы,  
Таң қалдырыды аузының аласы,  
“Тұрікпен” дейді “қалпақ” дейді казағын  
Мактаса да, дайын тұрар жаласы.

Бойын билеп қызғаныш пен күншілдік,  
Ойын билеп рушилдық, жершілдік,  
Шалыс бассаң жатқан гу-гу әңгіме  
Биқтесең ешкім көрмес – үнсіздік.

Аскактасаң, бейім тіпті құртуға,  
Жакқың келсе, даракылан, жырқылда...  
Тәнір ием ондай “бақыт” бермеген  
Жат қылышты қалдырамын сыртымда.

...Содан бері талай-талай жыл өтті,  
Тәуелсіздік нұр бол жетті, түлетті.  
Бәрін қойып келе жатыр орнына  
Серпіп тастап құрсау болған түнекті.

Жылдар өтті, айлар өтті, күн өтті,  
Рухсыздық көнілімді жүдettі,  
Бойындағы қасиетін қазактың  
Жиып алып кеткен сынды бір епті.



Сені іздеумен тілімдедім табанды,  
Бетте - әжім, самай шашым ағарды.  
Таба алмадым қиялдағы жерімді  
Баурап алған бір кездері санамды.

Бәдеуидей, бір қалыптан айнымай,  
Келемін мен, сені іздеткен қай құдай?..  
Қиялдағы ер көнілді, мәрт халық  
Сені іздеймін бейне Асанқайғыдай.

Төзем деумен, табам деумен келем мен,  
Өзімді өзім алдаркатып өлеңмен,  
Қиялымда қалып койған Атажүрт  
Сені акыр табарыма сенем мен.

## МАҢҒЫСТАУ

О баста, менің Ер бабам,  
таңбасын өріп тасына,  
Жеті жұрт көшкен жапанды  
қимапты досы, қасына,  
Білгендей міне, Маңғыстау-  
мың шырақ болды лаулаған.  
Пір Бекет жаққан бір шырақ,  
Оғыланды таудың басына!

Табаның кара дария,  
гүрілге толып өр кеуден,  
кула дүзінә жарқылдал,  
ак мәрмәр шаһар өн берген,  
Тарта бер алға, Маңғыстау,  
ғасырдың күйін тербеумен,  
Болашағына бак болған  
Бабакөз алтын көмбенмен!



99

Облыс болып орнығып,  
отыздың шықтың өріне,  
Әулиелі Маңғыстау  
касиет конды төрінے  
Алатау, Алтай, Арқаның  
бәрі тәнті өзінے,  
Жұлдыз боп жандың бүгінде,  
Тәуелсіз елдің көгіне!

Күндерге жеттің міне, енді,  
көшे алмас жұртың даңқыңан,  
Топырағың да киелі-ау,  
жаралған дерсің алтыннан,  
Сен дегенде, Маңғыстау,  
шагала жүрек шарқ ұрган,  
Төмендетпесін құдайым,  
осынау аскак қалпыңан!

**25.10.2003 ж.**



100



## ҒАСЫР АУЫСҚАН КҮНГІ ТІЛЕК

Жатқанда дүние күбініп, тосқан ғасырын,  
Тілемеймін мен тәнірден аспандағысын,  
Қайқы қылыштай сілтеймін қыран жырымды  
Кара қазақтың жауынан жасқанбауы үшін.

Ұңтымағы асып, қалам мен даламның мынау,  
Басымызға ылаң тұспесін, көңілге қылау.  
Атырау-Алтай арасын жайлаған елден  
Аулак қонсыншы, әрдайым қайғы-мұң, жылау.

Халқыма ғасыр сыйласын бақытын, бағын,  
Тәттісін татып, өмірдің жакұтын тағын.  
Бабамыз қандай күнде де тойға барған ғой.  
Жас ұрпак, сезбей өтсінші уақыт ызғарын.



101



Көп көрме тәңір осынау бостан күнімді,  
Куаныш әкел, қайтарма қашқан мұнымды.  
Тілектерімді осы айтқан қабыл қыла гөр,  
Тілемеймін мен өзінен аспандағыны!..

*1999 жылдың соңғы күні.*

## ӘКЕНІ ЕСКЕ АЛУ

Беу, әке, тірісін сен!  
Бас иер ем, бар болып ірісінсен,  
Біреулерге қазактың кара шалы,  
Біреулерге адамның дүрісін сен.

Отті жылдар, бір-бірін алмастырып,  
Бір орында бұл өмір қалмас тұрып,  
Әке, сенің атыңды алғы күнге  
“Тентектерің” келеді жалғастырып.



102

Тірліктің де бір баста тұрмасы анық,  
Неге керек бос өмір жүз жасарлық,  
Әке, сенің есімің тегі болып,  
Немереңнің атымен тұр жасарып.



Адамдарға жүректен жыр актарып,  
Тұған жерім, өз үйім сияқтанып,  
Жүрмін әке, бірақ та білсен еді,  
Сені көргендер жүр мені сүйеп қалып.

Күндерден-ак тәй басып, есім білген,  
Ақылдыңмен өстім мен, шешіміңмен,  
Жоқсың көптен, келемін қуат тауып,  
Әлі күнге өзіңнің есіміңен!

21.02.1984 ж.

## АҚЫН ДОСҚА ХАТ

"Мы знали, что станем узлы собирать,

Как изгои. Мы - переселенцы?

Я бросаю его, чтобы не потерять,

Город солнца и Моря и Детства..."

Андрей Мирошников. "Сны" кітабынан. 1998.

Білігі мол ақынның  
Әр сөзі нұсқа, жүйелі,  
Желкеуде болса желіккен  
Көпектей көшке үреді.  
Меншіктеніп Ақтауды,  
мұнданып жазған өлеңің  
алдымнан шықты үнемі.

Тарихтың білген акпарын  
біреулер бұған құледі,  
Ұрда-жық мінез әупірім  
біреулер білек түреді,


Ойлағанда осыны  
көңілге сан ой түнеді.

Білмеген болсан өткенді  
сәуле салсын санаңа

Өлеңің өткір түрені.

Шағаладай шарқ ұrap

Мұндайда ақын жүргегі.



Біз білсек мына Ақтауға  
кеңестік кезде келгенсің.  
Мәскеуден тіке қамтылып,  
нәпаканды тергенсің,  
Біреулердің сөзіне  
байыбын білмей ергенсің.  
Мұныңа жауап қатайын  
жайым жоқ шала бүлінген,  
Бұл аймак үшін кезінде  
Ерлерім білек түрінген.  
Сойылмен қорғап даласын,  
жүректілігі білінген.  
Тарих солай сөйлейді  
ойлап тапқам жоқ бүгін мен.  
О, баста менің ер Бабам  
ордасын тіккен осы жер.  
Нәубет жылғы ойранда  
Жер аудық, әруақ кешірер.  
Тамыр тарттым емендей  
топырағым осы өсірер,  
Бакиға жаным үшканда  
Осында мұрдем көсілер...  
Құрсаған бұғау быт-шыт бол  
құлаған кезде үстемдік.  
Талайлар тартты еліне  
көрмесе дағы еш кемдік,

Ұлыспен кейбір біргеміз  
көнілде жок өшпендік.

Күн көрсетпей өзгеге  
Болған жок жолын кескендік.  
Бірақ сен жұртың көшкенге  
толғапсың жырын ғаріптің,

Диуана тұтып өзінді  
өткенді көксеп жаңықтың,  
Ал, мен үшін бүтінде  
серпілді бұлты тамұқтың.

Бодандықтың күні өтті  
Тәуелсіздігім – жарық күн!  
Маңғыстау бізге атажұрт –  
Ата-анам кіндік кескен жер.  
Зұлматты сонау жылдары  
көз жасын төгіп, көшкен жер,

Казынасы олжа бол  
көкейін жұрттың тескен жер.

Сағыныш болған бауырға  
Маңғыстау жақтан ескен жел,  
Шет жерде жүр келе алмай  
Үдере бір кез көшкендер.

Талайы қалды жат елде  
Ажалы жетіп жаланған.  
Оралған жандар ене алмай  
айналып өткен қалаңнан.



Өз жерінің шәрлері  
кем болмады қамалдан.

Өзіңің үстем ойынды  
Сылып таста – санаңнан.

Шындықты ұғар ақын деп  
Сөз салтадым жүйелі,  
Егемен елміз, серпілді  
бодандықтың тұнегі.

Аман болсын атажұрт  
Маңғыстауым киелі,  
Осында жатыр өйткені,  
жеті атамның сүйегі.

Бұл аймакты сондыктан  
Риясyz жүрек сүйеді.

11.05.1998 ж.

106

## АҚТАУҒА

Тенізге қалған байланып,  
Шағала сынды сазы мұн.  
Өзіңе келдім айналып,  
Ақтауым – алтын қазығым!

Ақ қалам – қонар тұғырым.  
Күс болып ұшсам қонақтар.  
Өзінде өтіп ғұмырым,  
Жазылар жаңа парактар.

Кез келді сенде бақ сынар,  
Салауат айтып өткенге.  
Мендейлер сенде көп шығар,  
Өзіңдей шаһар жоқ менде.

**01.09.1998 ж.**



107



## ДАЛА

Боз дала сені мамырда,  
Бұралған бейне қыз деймін.  
Бозала таңың шағында  
Бозторғай жырын іздеймін.

Бабаларымның көзіндегі,  
Боз жусанды жазығым.  
Батырға біткен төзімдегі  
Батылға жомарт алыбым.

Батагей шалдар о баста,  
Бозқасқа шалып жолына,  
Бозан қыр саған таласқан  
Бермеген жаудың қолына.

Боздақтар шықкан атойлап,  
Болат өзекті жебедей.  
Басқыншы қашып, ат ойнап,  
Бейіт боп қалған тәбелер.

Бұл күнде енді ырыстан  
Бақытқа толды әр таңың.  
Бозжайнақ ұлдар құрыш қол  
Бөлеуде даңққа ертеңін.

Бозмая дала – жерүйық,  
Басыма сені бақ тұтқам.  
Болашағына сеніп нық  
Бейіт етіп өтем шаттықтан.

22.05.1980 ж.

## ЗАМАНДАСҚА

Ей, заманас, сен мені білесің бе?  
Болмысыма өзің біл күлесің бе,  
Жан-жүрегім адам боп жарапғалы  
Жамандық атаулымен күресуде.

Өтірікпен, өсекпен, жаламенен,  
Ар-намысқа жағылған қараменен  
Күресуде баураған наламенен,  
Рухсыздық жайлаған санаменен.

Сүйеніп халық деген ұлы есімге,  
Құлшынамын тұнекті күн етуге,  
Жұдыштыктай жүрегім бар адамға  
Махаббатты қеудеме түнетуде.



109

Заманасым, сен соны білесің бе?  
Көкірегімде саған да гүл өсуде.  
Мен кетсем де артымда жырым қалсын  
Жамандықпен жарайтын күресуге.



06.09.2002 ж.

## ҚАРАЖАНБАС

“Каражанбас”, - дейді жұрт-Каражанбас,

Сакта, Тәнір, болудан қара бармас.

“Кара алтынның” көмбесін жайып салған,

Казактың ак пейілі сенен аумас.

Саған құмар жакын да, жат та бүгін,

Қамын ойлап байлыктан ап калудың.

Тілеймін мен мұнайлы Қаражанбас

Ұрнақтан сон ұрпакка сақталуын.

Көніл құштар қашан да құзар шыңға,

Қайсар жандар бұл жерде шыдар сыңға.

Тағым етем көтерген ел еңсесін

Барлаушыға, бұргышы, мұнайшыға.

110  
Өмір –мұхит, жүземіз кемессінде,

Хактағала тап қылма бөгесінге.

Қаражанбас мұнайын бұрқағандар

Еңбегімен қалады ел есінде.

Дейді екен бұл жерді “Каражанбас”,

Кезі жок-ау, асылың бағаланбас.

Бар байлығын оргаға жайып салар

Қазағымның шейілі сенен аумас.

10.11.2002.

## ТОЙ КҮНГІ СӨЗ

(Ұлым үйленгенде)

Осынау күнге жетсе деп ғұмыр зыр қақтым,  
Жасына көздің омырауды кейде сулаппын.  
Немерелерінен алғашкы келін түсті үйге,  
Аруағы аунап жатқан шыгар-ау, Мыңжастың!

Үйіме менің аккуы қонып Жамбылдың,  
Көкірегім қазір ошағы дерсің ән-жырдың.  
Ұлы жүз сонау Үйсіннің қызы бұйырды,  
Шеберлігіне таң қаласың-ау тағдырдың!

Қадам күт болсын, Мәдиім сүйген Анаржан,  
Өзінді көріп менің де жаным ағарған.  
Әулиелерге күт қоныс болған Манғыстау,  
Кем болмас саған күмбірлеп тұрған Тараздан! 111



Жарасып бірге тұрғандарыңнан айналдым,  
Дүрмекті тойды құргандарыңнан айналдым,  
Қосыла қадам аттағаныңнан айналдым,  
Ұмсынған алға бақ-талабыңнан айналдым!..



Ағайын дос-жар, бауырларымнан айналдым,  
Осынау шақты сағынғанымнан айналдым,  
Тәубә айтып өтем шапағатына Алланың,  
Каумалап келер қауым барынан айналдым!..

02.02.2003 жыл.

## МЕН САҒАН ТІЛЕК АЙТАМ

*Гүләйімге*

Мен саған тілек айтам, қарындастым,  
Бүгін сен ең сәулелі шағындастың.  
Сыланған акку құсқа ұксатамын,  
Ұшатын қыз-тағдырға бағынғасын.

Бәрінен биік тұтқан ар-ибасын,  
Қарындаст ең, болсыншы бағың басым.  
Ұяңнан ұшырамыз, қалқам, сені,  
Қанаттасар сыңарың табылғасын.



///

Мен саған тілек айтам, беу, қарагым,  
Өрлесін алғы күнде он талабың.  
Ақ туын адалдықтың желбіретсен,  
Алдыңнан табылады бар қалауың.



Мұндайда көкіректен жосады өлең,  
Шашу ғып қадамына шашам өлең.  
Өмірде, айналайын, бакытты бол,  
Агарып құдай қоскан қосағыңмен!

Өзіндей қарындас көп табылған ба?  
Тәнірім ашсын деймін бағынды алда.  
Бізді де еске алып жүр ағам бар деп,  
Ұяңды өзің ұшқан сағынғанда...

## ҚҰТ БОЛЫП ҚОНСЫН ЖЕТПІСІҢ

*Маңғыстау ауданының 70 жылдығына*

Маңғыстаудың биікке атын көтерген,  
Сен дабыл қақсаң, қырандай самғап жетем мен.  
Жетпіс асса да жалаулы шақтан аумаған,  
Өмірде мен де өзіңе үқсан өтер ме ем?!

Бұлдырап жылдар артында қалып сағымдай,  
Кемелге келдің, жолынан Хақтың жаңылмай.  
Бүтінде міне, шаңырағыңа бақ қонып,  
Жетпіске толып, желпініп тұрсың абыздай.

Уақыт кешімен өттің сен талай кезеңнен,  
Қасиетінді де, қасіретінді де сезем мен.  
Бұл күнгө жеттің артылған жүтің аумастан,  
Тебеннен бұлт бол төнсе де, нарық безерген.


Көтеріп келген қын шактардың тепкісің,  
Беу, абызым-ай, кара нар сынды тектісің.  
Халқынның жүтін алшандап алға тарта бер,  
Береке, бірлік, құт болып қонсын жетпісің.



## ХАЛҚЫМА

Өткениңе мүмкін емес толқымау,  
Жеткениңе мүмкін емес шалқымау.  
Заман сені қайда сүйреп барады  
Дана пейіл, бала көніл, халқым-ау.

Даналығың шежірең бай шертерлік.  
Мұра да мол тізбектелген көркем ғып.  
Хақ бұйыртқан орның асқақ, еңсең тік,  
Далаң сақи, берекелі өлкең – құт.



114

Даналығың, ұлан-байтақ қонысың,  
Намысынды жалаулатқан соғысың,  
Ұрпағыңа үрдіс қалған он ісің,  
Ұғынғаның екі дүние мәнісін.

Балалығың, әрбір жайға елігу,  
Қолдағыны ұқсатуға еріну,  
Асылынды жерге таптау, жеріну,  
Бәз біреудің жасығына желігу.

Балалығың, қалмай жүрген шүлдірің,  
Кім көрінген желпілдеткен тұндігің,  
Өзгелерге құрак ұшқан құлдығың,  
Өз жерінде өгей болған мұндығың...

Откениңе мүмкін емес толқымау,  
Жеткениңе мүмкін емес шалқымау,  
Заман сені қайда сүйреп барады,  
Дана пейіл, бала көніл, халқым-ау?!

**06.09.2002.**



**115**



## ҰРПАҚ ҮНІ

*немесе Бекет ата рухына сыйыну*

Тас қорымдарға айналып,  
Жатсың ба, баба, жайланып.  
Мінәжат етем о, аруак.  
Кешендеу қайта ойға алып.

Төбемнен заман торланып,  
Ұрпак ем жүрген сорланып.  
Балапаныңбыз, әулием,  
Ұша алмай жүрген комданып.



116



Үстемдік көріп жасқанып,  
Жанаардан мұнды жас тамып,  
Бар тапқанымыз даурығып  
Бас шұлғулардан аспадық.

Күн кешіп ырду-дырдумен,  
“Бұл күндер бақыт, нұр” деумен  
Уақытты алтын өлтірдік  
Мастықпен және мұлгумен.

Көсем деп білдік олқыны,  
Шешен деп білдік таңқыны.

Иіріп қойша жалпыны,  
Көтердік көкке жалқыны.

Билікті беріп қыртыңа,  
Көндірдік көпті ырқына.  
Жоғарыға қарап бас шұлғып,  
Шығарды ол қолын жүртыха.

Асылымызды айдадық,  
Жасығымызды сайладық.  
Ақыл сөз айтар көмейден  
Сурып тілді байладық.

Жоғалып дінім, иманым,  
Дәкірлік болды жиганым.  
Ұмытып қазір барамыз  
Атаны бала сыйлауын.

Жойылып ұлттық сипатым,  
Қазаққа келмес тұрпатым,  
Шұлдірлеп бәрі тұрғанда  
Артады жүрек сырқатың.



Елінді сөйтіп тоздырдық,  
Тұлпардан тұғыр оздырдық.  
Жер бетін жайлап барады  
Мейірімсіздік пен озбырлық.

Өшпеген енді қалды нем,  
Тобырды қалай сендірем.  
Шанағатынды бер, Ата,  
Оу, Бекет, қолда әулием,  
Пір Бекет, қолда әулием!

*Кыркүйек, 1991 ж.*



118



## ҚҰРСАУ

Көп күнттайтын иттің бағым-күтімін,  
Әз-әулие көретұғын мысығын,  
Іздел тауып, асырады бір кісі  
Жолбарыстың көз ашпаған күшігін.

Өскенше оны темір торда ұстады,  
Бір корада шошқа мен үй тышқаны.  
Орындалды “тұр” деген мен “жат” деген,  
Кожайынның таяқталған нұсқауы.

Жолбарысты босатқанда бір күні,  
Болды қызық көрген жанға күлкілі.  
Кожасының артына кеп тығылды,  
Кашты көріп есек пенен жылқыны!...

Тартпай қалған аң патшасы-атаға,  
Жолбарыстың халі жанға батады...ә!  
Тектілігін жастай курсау мұқаған  
Бір ол емес, бір ол емес... о, тоба!

09.01.2000 ж.



## **ЖҮРЕТИН-ДІ АҚ ЖАУЛЫҒЫ ЖЕЛБІРЕ**

### *1.Көрінбейді анашым*

Сүйіншілеп “ұлым міне, келді” деп,  
Ар туындақ ақ жаулығы желбіреп,  
Жүргенде анам сағынышты баса алмай,  
Үй төрінде отырушы ем елжіреп.

Анашым-ай, көленкемді бақ тұтқан,  
Пейілінді жақының да, жат та ұққан.  
Жатушы еді дастарханың жылмай,  
“Шүкір, Алла”, – айтар сөзің шаттықтан.

120

...Міне, сиді жатыр ауылды қаралы,  
Қайтпас жолға аттандырған ананы.  
Тұған үйден мен де ұзап барамын,  
Шығара алмай ішімдегі наланы.

“Қашан мұнда ораламын енді”- деп,  
Карайладым, сорлы жүрек елжіреп.  
Үй жанында көрінбейді анашым,  
Жүретүғын ақ жаулығы желбіреп...

## *2. Құбатау, қош бол!*

Осынау Құбатаудың бектерінде,  
Жазыпты жастық шакты өткеруге.  
Осында жар құшыппын, бала сүйіп,  
Беріліп талай мәрте от сезімге.

Осында табиғатпен үндесіппін,  
Кыз-ғұмыр көктемінде гүл кешіппін.  
Өлеңнің өлкесінде ат шалдырып,  
Арманмен ата жұртқа бір көшіппін.

Мен кеттім арман қып сағымданған,  
Бұл жерде ана қалған, бауыр қалған.  
Қарамай ештеңеге жетуші едім,  
Анамды көп көрмесем сағынғаннан.

Сенгендей ешбір жаққа бармасына,  
Серт етіп өскен жері – Қағбасына.  
“Шалымның қасында мен қалам”- дейтін,  
Тілегі қабыл болды, қалды осында.



Кондырып бақыға алтын қазығымды,  
Сапарға пенде болдым жазылулы.  
Кия алмай ата-анам жатқан жерді,  
Шарқ үрдым шағаладай жаны мұнды.

Мұн кашар, күн де туар оңалатын,  
Көңілдің жан құштарын таба алар кім?!  
Құбатау, кош аман бол көрмей кетсем,  
Анам жок сағынғанда оралатын...



122



## ТУҒАН КҮН КЕШІНДЕ

*Тұрсынға*


Жан апа, міне, бакытқа жеттің, жанды үміт,  
Белеске қондың, қанатыңды әбден талдырып.  
Соңыңдан ерген тентектеу інің мен едім,  
Куантып, кейде көңіліңді келген қалдырып.

Бес қыз ең үйде, кеттіңдер ұшып жан-жакқа,  
Үй болдың бәрің, көп жылдар сөйтіп қалды  
арта.

Қара шаңырақтың қабыргасын сүйеп біз  
қалдық,  
Кеудені тосып түсетін барлық салмакқа.

Жан апа, тағдыр сипамай сені мандайдан, 123  
Ұл мен қыз сүйіп, кезінде көңілің жайланған.  
Қапыда сокқан дауылда сынып тірегің –  
Қосағын құлап, жалғанбай қалды-ау  
арманды ән.

Қолдады тәнір күш беріп саған қарманған,  
Жігерінменен қысқа жіп тірлік жалғанған,  
Ошактың отын жандырдың өзің, сөндірмей,  
Алыста жүріп, тіледік тілеу шалғайдан.



Бізырыктарда бүрсендел мен де **көктедім**,  
Шыркырай кештім киындыктардың **еткемін**.  
“Анамның бірі аға болғанда” - деп **кейде**,  
Сүйеніш ізлеп, мұнданған **кезім көп менің**.

Нарларша апа көшінді алға сүйредін,  
Козінді көріп, мактауым емес **бұл менің**.  
Үл-қыз осіріл, оларды баптап бағбандай,  
Олел пен иба, пәк кылыктарға үндедің.

Дей алмады сілкім жігерін сенін кетілді,  
Үкканлай тәнір жүректен шықкан **нистіңді**.  
Арқаңда сенің балапандарын бак құшып,  
Балан шатынан жетімдік көрмей жетілді.

116 Гаукымет тартып, киналсан да ылғи он **жүрдің**,  
Үяга үлилы, кияға қызды кондырдың.  
Шаптың осы жалғасын тауып ұзак жыл,  
Шашырағың мына ошағы болды эн-жырдың.

Кисылсан шрлср жаныңдан әр кез табылып,  
Жасай бер ұзак, корме тек енді жабығып.  
Шашырағыңда шалқайып отыр әже бол,  
Луырмай басың, кыңқыл-сыңқылдан айығып.

Жетелеп алға ақ үмітің мен сенімің,  
Бақ берекелі, мерейлі болсын өмірің.  
Екі отау үйің, екі рұлы елге айналсын,  
Шай құйып берсін немереден көрген келінің.

Сен десе көңіл аптығып алға жүгірген,  
Құттықтай келдік бүтінгі туған күніңмен.  
Алтындаі болып, жарқырап ылғи жүрші, апа,  
Жүзік сыйлаймыз, келінің менен ініңен.

**01.04.1997.**



125



## **ЖИЕНІМ БЕГЕН ЕРБОЛАТҰЛЫНА**

*(Үйлену тойында оқылған өлең)*

Көкіректен сайрап ұшып бұлбұлым,  
Желпілдейді шат әуеннен түндігім.  
Бегенжаным, құтты болсын отауың,  
Көптен күткен қуанышты күн бүтін.

Көніл қалап үзген екен нұр-гүлін,  
Екі жүрек сүйген екен бір-бірін,  
Екеуінізге ортак енді тірлігің,  
Екеуінізге тіреледі бірлігің!



126

Бақыт деген, байлық деген сол болар,  
Талап қылсан, Алла ісінді онғарар.  
Адал жүріп, анық бассан аяқты,  
Ата-баба аруағы да жар болар.



Орындардың міне анаңың арманын,  
Әкешіннің жайқалтшы енді орманын.  
Өтей білсең ата-ана парызын,  
Әрқашан да ашық болар мәндайын.

Мойынға артып әuletіннің бар жүтін,  
Азамат бол алға тартсан нарлығын.  
Бекет атан қолтығынан демел бір,  
Қабыл қылғай осы айтқанның барлығын.

**10.06.1993.**

# БІР КҮНДЕРІ ЕСКЕ АЛЫП, САҒЫНАРМЫЗ

(Бозбаланың күнделігінен)

## Бірінші жыр

Сағындым ғой,  
Жаным-ау өзінді ойлап,  
Кездесуші ек,  
Сезімнен жан алаулап.  
Жүрмін, міне, біле алмай хабарынды,  
Құр сұлдемін  
Капыда қалған сорлап.

Сағындым ғой,  
Өзінді қайдан табам?  
Кездер есте  
Алаңсыз сайрандаған.  
Қаладай құлазиды  
Қайран көніл  
Жау тиіп ойрандаған.



127



Сағындым ғой,  
Өзегім толған жалын,  
Оның емі –  
Сен, бейне жауған жауын.  
Аңсаттырдың сағымға айналғандай,  
Болармысың  
Басымнан ауган бағым?..

## *Екінші жыр*

Жаным менің, сен мені ұмыттың ба?  
Жан-жүрегін басқаның жылдыттың ба?  
Маған деген сезімің мөлдір еді,  
Лайланып қалғаны-ау, тұнықтың да.

Жаным менің, сен мені ұмыттың ба?  
Бөрідейін жортамын ұлып қырда.  
“Сүйем” деген сөзінді анттай көрдім,  
Сен өзің маҳаббатты шын ұқтың ба?..

Жаным менің, сен мені ұмыттың ба?

“Жасанды әдет жок деуші ем – қылыштымда”.  
Басқа жанға бас имей жүруші едің,  
Болғаны ғой ұзыны құрықтың да.

Жаным менің, сен мені ұмыттың ба?

Елемеуші ең пәрменін ұлықтың да.  
Әлде біреу араға өшпес от сап,  
Көрмestей-ақ көнілді суыттың ба?..

## *Ұшінши жыр*

Сені ойлаймын,  
Жүректі кім емдемек?..  
Қарайлаймын,  
Кыз көрсем сен бе екен деп.  
Өзің бол сыбырлайтын,  
Көнілімді жиі алдайтын,  
Не деген жел де “тентек”?..

Өзінмен өткен күнім –  
Сүйікті ертек,  
Түк үнсіз кеткендігің  
Жүректі өртеп,  
Тұнімен тыптырышмын, еске аламын,  
Сэттерді аймаласқан:  
“Тілек бір” деп.



129



Өзіңсіз ісім күйбен,  
Өнбекендей,  
Сүймесіне  
Көнілім сенбегендей.  
Тірліктің шырмауынан шыға алмай,  
Сағынып жүр ме екенсің  
Сен де мендей?..

## *Мөртіншің жыр*

Бір келерсің,  
Келмеуің мүмкін емес.  
Көп күн өтті,  
Гүл бейнең, күлкің елес.  
Қалайша маған деген бұла сезім  
Жаныңды оңашада сілкілемес?..

Бір келерсің,  
Келмеуің мүмкін емес.  
Өзінді тұсаулай бер,  
Мың күн егес.  
Сағыныш маған деген, біле-білсең,  
Арнаңа толса қалай дүркіремес?

130

Сен мені ұмытпассың,  
Қашық барып,  
Азапқа сал өзінді  
Машыктанып.  
Дүниеден баз кешеді, көрмесе егер  
Қашан да бірін-бірі ғашық ғаріп.

Бір келерсің  
Тіл қатып жүргегінмен.  
Жалын құшып,  
Орарсың білегінмен.  
Әйтеуір бір сен маған ораларсың,  
Білемін мен...

## *Бесінші жыр*

Тұтқынымын

Мен сенсіз, тас қамалдың,

Таусылды ғой,

өмірде басқа амалым,

Кеткенінді басқаға естігенде,

Жанарымды, жаным-ау, жасқа малдым,

Назаландым,

Тірліктен түңілгендей,

Іштей тындым,

Шығарар үнім кемдей,

Төзе алмай жанымның азасына,

Үш күннен соң

Жығылдым күйім келмей.



Сүйретілдім,

Қалғанша күр сүлдерім,

(сорлы жүрек, нені ұтып дүрсілдедін?)

Саған, жаным,

Сонда да кінә қоймай,

Бақытты бол, жыламай

жүрсін дедім...

## *Алтыншың жыр*

Жүрегім жұлым-жұлым,  
Ойым қанғұр.  
Өксік – көл,  
Ал көз жасым бейне жаңбыр.  
Бұл менің сен жоқтағы көңіл қүйім,  
Өзің біл  
Күлесің бе?  
Мейлің жазғыр.!

Уақыт та бос ұршықша  
құр зырлаған,  
Мұң-зарын бұл гаріптің  
кім тыңдаған.

Мендеңі қуанышты,  
Бар құлқіні  
Айнам-ау,  
Сенен басқа кім ұрлаған?..




## **Жеміниң жыра**

Тұнгі кафе...  
Желік отын үрлеген,  
Аяулыммен бірге бардым  
Тұнде мен.  
Ертеңіне екі айырылдық  
Біз деген.  
Кұрсын сол тұн  
Сенен шафхат іздеген.

Тұнгі кафе...  
От басады білмеген,  
Жазған басым,  
Сені неге іздеп ем?  
Махаббатым тапқанында баянын  
Тоз-тоз болды  
Сорлы жүрек гүлдеген.



133



Тұнгі кафе...  
Сені енді жек көрем.  
Кашқақтаймын,  
Жүрем ылғи шетпенен.  
Тілеп тұрам  
Біздің жолды берме деп,  
Кыз-жігітке солай қарай беттеген.

## *Сенізінші жыр*

Сүйіп тұрып,  
Басқаға ергенің не?  
Акку сезім, жаным-ау, ермегің бе?  
Қос жүректің шуағы –  
Ақ маҳаббат  
Енді міне,  
жерленді жөргегінде.

Өлді енді,  
Қайтейін амал бар ма?  
Кінәламан,  
Кимаймын жамандауға.  
Өмір деген осылай өтеді екен  
Қалай қарсы тұрайын  
Шамам бар ма?..



## *Позызынышы жыр*

Мінеки көктем өтті,  
жазым келді.

“Көңілге –күй,  
жүрекке сазым келді ”,  
Дей алмай мен отырмын  
Мұнға батып,  
Елес ғып  
сенің әсем назынды енді.

Тыншыды,  
Көңілім де алып-ұшқан,  
Жапырақша сарғайдым сағыныштан.  
Айырылған сыңарынан ақкудайын  
Сенсіз менің басымнан  
Бағым ұшқан...



## *Оныншың жыра*

Рас болды  
Іштегі жорамалым,  
өзгеріпті  
бастағы орамалың.  
Кездесіп ек  
Еліктей дір-дір еттің,  
Мен де үнсізбің,  
Таусылған бар амалым.



136



“Кешір” дедін  
Боталап мәлдір көзің,  
Құрсын бәрі,  
Дал болдым мен де өзім.  
Ессіз жандай  
Мәңгіріп тұрып қаппың.  
Қайда, қайда  
Баяғы ғашық сезім?!

Жұруші едік  
Екеуміз уәде нықтай,  
Жанарынан жас тамды  
Таңғы шықтай.

“Бақытты болсаң болды”

Деген болым,  
Көкірек күмбірледі,  
Үнім шықтай.

Шыным осы

Тілеймін бақытынды,  
Жоғалтқандай болсам да  
жақұтымды.

Өмірімнің ең кимас шағы деймін  
Өзінмен бірге өткізген  
уақытымды.

Өмір-өзен

Занына бағынамыз.

Шаттанармыз,

Күлерміз, жабығармыз.

Пәк махаббат баураған бұла шакты

Бір күндері

Еске алып, сағынармыз.



## *Он бірінші жыр*

Жанардың отын мұң басып,  
Жігерің күмға айналып,  
Өмірден қалған тым жасып,  
Бойыңа үлкен қайғы алып.

Тұрғаныңда көрдім мен  
Шегіне жетіп төзімнің,  
Махаббатыңды сөндірген  
Жандай боп маған көріндің.



138

Елестеп кетті көзіме  
Бұрынғы көктем гүл өңің.  
Тәнті болған өзіне  
Кезімді және білемін.



Ұзын боп созған қармағың,  
Сезбедің өмір салмағын.  
Махаббатты тәрк етіп,  
Пұшайман етіп алдадың.

“Тарттырдың соның зардабың,  
Корлады барған жан-жарым”,  
Дедің сен терен күрсініп,-  
“Тікенек болды қолдағым ”.

Жібек ең келмей тұтімің,  
Гүл едің келмей күтімің,  
Қиналып міне, тұрсың сен  
Елшідей жойған бітімің.

Не дейін саған, не дейін,  
Жаныңа таза сенейін.  
Адасып ұшқан аккуга  
Жаным-ау, сені тенейін.

Қайтадан көктеп желегің,  
Аскактап шықсын өлеңің.  
Мұңайып жүрген, құрбыжан,  
Куанғаныңды көрейін.



## АҚТАУДАҒЫ АҚҚУЛАР

Айнымас адал ғұрпын сақтады да,  
Алғашкы ақ қар түскен шакта мына,  
Көркіне көрік беріп жағалаудың,  
Аққулар тағы оралды Ақтауыма.

Оралды, жетті айналып құс төресі,  
Үркітіп, оларға аулак үш демеші.  
Көк теңіз зенгір көктей көзді арбаса,  
Ақку бұлт сол сұлулық үстемесі.

Жылда кеп бауыр басқан жат бола ма?!

Сапарын он ғып тұрғай Хактағала.  
Аққулар ғашық болып қалды білем,  
Етегін толқын өпкен ақ қалаға.



140



Ілессе қыстың боран, ақ қарына,  
Іңкәр ғой ман далама, ақ таңыма.  
Аққулар былтыр кеткен жетті айналып,  
Інжуі Манғыстаудың Ақтауыма.

22.12.2004.

## **КӨҢЛІ**

Жеткізбейді ауылы құдашаның,  
Жетем деп талай ой мен қыр асамын.  
Алға қарай сүйреген беймәлім жол  
Білмеймін маған қандай сыр ашарын.

Құдаша, артық тұған жамалы айдан,  
Ықыласымды қайтейін өзіңе ауған.  
Саған деген көнілдің кіршігі жок  
Мөлдірейді аспандай жаңа жауған.

Саған келем, жол жатыр белес-белес,  
Бұл шақ та қалар бір күн болып елес.  
Көнілі адамдардың жақын болса,  
Қашықтық қандай болсын алыс емес...

**13.07.1992 ж.**



# ТОЙ БОЛҒАН АЛТЫН ТОЙҒА ҰЛАСАТЫН

*Кеңес агай мен Жаңыл жеңгейдің  
алтын тойына арнау*

Елу жыл білгенге той басталғалы,  
Жалындаپ тұрды онда жастар жаны,  
Қосылып Кеңес аға, Жаңыл жеңгей  
Жайылды осындай ақ дастарханы.

Өзеннің сияқтанды қос тармағы,  
Жұлдыздай қатар жанды аспандағы.  
Біз білсек, Сіздей болар аға-жеңгей  
Мұратқа жеткен жандар дастандағы.



142



Әрине оңай емес өткениңіз.  
Күресіп өмір үшін, көктедіңіз.  
Еңбекте озық жүрген ағамыздың  
Білеміз табыстарға жеткенін біз.

Үздігі ақ күріштің атаныпты,  
Ісімен талай алғыс, бата алыпты.  
Мактансақ ағамызбен мактанийық  
Тамсантқан Үбырай ата Жақаевты.

Көтерген кай күнде де ауыр сыңды,  
Шындаған ұлпілдеген қауырсыңды,  
Төбеге хан көтерсе артық емес,  
Аяулы ер Ананы Жаңыл сыңды.

Өмірдің болды атабы, болды ызгар,  
Біріңе-бірің сүйеу болдыңыздар.  
Біз білсек, фәниде де, бақида да  
Тек төрден алатұғын орныңыз бар.

Өмірдің қақпаны бар, ақ таны бар,  
Қында бір-бірінді жактадыңдар.  
Махабbat деген асыл нұр сезімді  
Елу жыл пәк күйінде сактадыңдар.

Той болсын дәл осындай жадыратқан,  
Сактасын патша-Кұдай жаманаттан.  
Әрбісін немере мен шөберелер  
Бес қыз бен бес ұл шыққан шаңырактан.



## **БАЛТАБАЙҒА**

*Б.Құбығұловқа*

Жеткізіп жақсы ісінді айта алам ба?  
Еселеп жақсылығын қайтар, Алла!  
Сүйеген қысылғанда қолтығымнан  
Мың раҳмет, Құбығұлов Балтабайға.

Таныттың азаматтық, көрегендік,  
Шын ерлік – мұқтаж жанды демегендік.  
Игі ісің бізге істеген шығар алдан,  
Үрпактар айтып жүрер өнеге ғып.



144



Дүние-колдың кірі, колда тұрмас,  
Ақынның өзі өлсе де, жыры тынбас.  
Жасаған біздейлерге жақсылығың,  
Балташжан, ешқашан да ұмытылmas.

**15.05.2002.**

## МӘДИГЕ

*туған күніне арнау*

Ұлым менің, сенің тұған күнінде,  
Бір тамаша думан болып үйімде,  
Аппақ нұрға бөленип ед тұнім де.  
Ризамын сол күніме, бүгінге.

Ұлым менің, міне, жиырма жастасың,  
Тілейтінім: басынан бак қашпасың,  
Зор мақсатпен түстің өмір жолына,  
Ақ арманың біктерге бастасың.

Намысынды биқ ұста туындей,  
Киындықтар табаныңа жығылғай.  
Тәңір сыйлап зор денсаулық, амандық,  
Бақыт нұры көкірегіңе құйылғай!

30.06. 1996 ж.



145



## ҚАЙТА ҚОНДЫҢ АТЫҢА

“Қазақстан-Ақтау” телеарнасынан “Ананың көз жасы” атты  
хабарды коргеннен кейін Арман Зәкібайға арналған өлең.

Кезің еді бота тірсек бозбала,  
Дегенді ұқпай: “Әмір-жолға он қара”,  
Сезбедің де сол бәленің ушығып,  
Сәл ғананың айналарын бомбаға.

Ол жарылып, көкіректе жалынға,  
Айналды да, сен қамалдың торында.  
Құрсау тірлік, айлар ағып, жыл көшсін,  
Ой-сананды жетеледі сағымға.



146

Есің кетіп, жүрегінді дерт алып,  
Күллі дүние танытпады он қалып.  
Құба талдай бұлғақтаған жігіт ең,  
Күннен-күнге бара жаттың қартайып.



Енді міне, таң жұлдызың сөнерде,  
Мәрттігінді таныттың-ау, сен елге.  
“Есірткіден есінді жи, езілме!..”  
Ұраның бұл жаңсақ басқан өренге.

Беу, Арман-ай,  
Қапы кеткен қарғам-ай,  
Құрдымға да құлап тұрған андамай,  
Есірткімен күресуге ант еттің,  
Орта жолда ерің ауып қалмағай.  
Енді саған қуат берсін, Аллам-ай,  
Енді саған қуат берсін, Аллам-ай!


# ЖАСАЙ БЕР, ЖАЙНА

*мерекелік арнау*

Мереке келді,  
Шаттықтың ғана тарт күйін,  
Эн айтқың келсе,  
Куаныш әнін айт, күнім.  
Жасарып дүние ұмытып кетті  
Қарттығын,  
Көктеммен келген  
Сегізінші март бүгін!

Нұрлы таң атты,  
Шуағын төгіп келді күн.  
Бақытың қолда,  
Қолында сенің теңдігің.  
Өзіңсін бәрі: дәрігер, ұстаз, қайраткер  
Тәуелсіз елдің сүйіктің де  
Сен бүгін!..

Жеткізбес шегі  
Айтылар саған тілектің.  
Сен жүрген жерге  
Келеді менің гүл еккім.



Үйдің де сәні, тұздің де сәні –  
Өзіңсін,  
Сен тіпті мынау үлкен әлемге  
Тірексің!

Тірілткен қайта  
Суалып қалған бұлакты,  
Куарып қалған  
Ақ қайың менен құракты.  
Сырлы да жырлы,  
Сазды да назды, шуакты,  
Жасай бер, жайна,  
Аяулым, көктем сияқты.



## КОШ АЙТТЫ ҚАРА ӨЛЕННІҢ ЖАУЫНГЕРІ

(Ақын Есенғали Бекенбаевтың соңғы сапарға  
шығарып саларда оқылған өлең)

Ақын өлді, әлеумет, қайғың бүтін,  
Бұлт жапқандай нұрланған айдың жүзін,  
Оралмайды ортаңа Бекенбаев,  
Жырларымен көтерген нардың жүтін.

Арқалы еді, шабыты дауылды еді,  
Өздерінмен бір жасап, дәуірледі.  
Токтады сексендегі сері жүрек,  
Кош айтты қара өленнің жауынгері.

Көкірегінде әрдайым шалқыды өлең,  
Өлең сөздің көтерді нарқын ерен.  
Қаламынан алпыс жыл саулаған жыр  
Енді жолдас болады халқыменен.

Ұғынды ол өмірді байыбы жок,  
Перзент болды халқына қайыры көп.  
Өзі өлсе де, рухы жасай бермек,  
Алаштың Есенғали шайыры бол...



149



23.02.2002.

## ЕСКЕ АЛДЫҚ

*Інім Өмірдің рухына*

Фәниге мынау ақ берен үл боп еніп ең,  
Есті тентек-ау, шаңырағыңа көрік ең.  
Жастай дерт шалып жаздырмаса да еңсенді,  
Күресуменен киын күндерді женіп ең.

Күйбең тірліктің кам-қараетін үйреніп,  
Жиырма бесінде қуантып едің үйленіп.  
Қатыгез ажал қапысын тауып бір күні,  
Кете бардың-ау, тырнағына оның түйреліп.



150

Қайғыңды жұтып біз қалып едік артында,  
Өлмеген жанға нәсібін Тәңір тартуда,  
Өзің кеткелі он бес жыл болды, Өміржан,  
Жүректе қалдың жиырма бестегі қалпында.



Кесапат келсе, жұлдызы сөніп, тынбас кім?..  
Ізетін көрдің аға-іні, апа, құрдастың.  
Өкінішіміз – артыңда ізің қалмады,  
Бір үйі болып отыра алмадың Мыңжастың.

Екі дүниеде арымас дейді баталы ер,  
Мойында біздің бар болса парыз өтелер.  
Өзінді еске алдық, садака беріп, дұға оқып,  
Рухыңменен біздерді жебеп жата гөр!

*Шілде. 1996.ж.*

## АПА

*Айша Оңайбекқызының руҳына*

Баруши ек ылғи Сізді іздең,  
Көрмесек ұзак сағынып.  
Қарсы алар кім бар өзің бол,  
Өзіндей бізден жай ұтып.

Шамшырақ сынды шалғайдан,  
Шакырар енді кім бізді?  
Кемедей қалдың қайранда...  
Сонда да көніл іздейді.

Жамылдың торқа топырак,  
Дамылдал, жайлышат енді.  
Ұрпағың жайды жапырак,  
Аналық парызың өтелді.

Тауқымет талай көтердің,  
Ұрпақтың қамын арқалап,  
Есімінді, Апа, өтерміз,  
Дұғана косып, қайталап...



151



23.04.2005.

## САҒЫНҒАН ШЫГАР...

Жағада тұрмыз екеуміз ғана...  
Текіздей мына тербеліп  
жатты қос сезім.  
Ғашықтар жырын шертеді жаға,  
Шертеді текіз, толқынмен  
толғап көк төрін.

Аспанда біздің сырымызға ортақ,  
Ай аунап бара жатқан-ды,  
Караада\* тұрды мұлгіп бір сол шақ,  
Махаббатқа орап жастарды.

152

Жұлдыздар тұрды жымындаң көктен,  
Шашылған мың сан моншактай.  
Жағалау сол бір қымбат ед неткен,  
Есімнен кетпес сол шактай.

Көп болды, сәулем, жағаға сол бір  
Бармадық қайта жаяулап.  
Бұл күнде біздің жанарда мол жыр  
Біргеміз мәңгі, көңіл шат.

03.08.1974.

\*Караада - Қаспий теңізіндегі араң

## ЖАНАРЫҢ СЕНИҢ

Аяулым, неге карайсың кейде назданым,  
Қараймын мен де үккандай сырлы сазды анық.  
Жанарыңдағы жарқылдың арғы жағында,  
Жатыр ма маған айта алмай журген сөз жаныш?!

Жанарыңдағы жарқ еткен жалғыз ұшқынмен,  
Көктемге шөлдеп, қыттымыр қантар, қыс күлгөн.  
Жанарың бойды жалынша шарпып кеткенде,  
Киқулап құстар өтеді менің үстімнен.

Жанарың сенің ерітер мұзды акпанда,  
Жананды тегіс нұрына малған ақ таң ба?  
Жанарың сенің жанымды нұрға бөлейді,  
Балаймын оны жүректе тұнған дастанға.



153



Жанарың сенің жаралған таңғы шықтардан,  
Тағы да, міне, гүлдерге қонып шықты алдан.  
Әрдайым менің алдынан күліп қарсы алып,  
Үнімнен менің жанарыңа іңкәр ұқшы арман.

11.01.1975.

## АНАМА

Сүйенішім, аскар тауым, тірегім,  
Мен сениң ылғи саулығынды тілеп жүремін.  
Шаңырағымда сен отырсаң қарайып,  
Куаныштан мен күлемін.

Шуак сепкен құнімсің, ана, көктегі,  
Байлығым сенсің, бақыттым да, көктемім.  
Азамат боп қосылғанша мен қатарға,  
Өткердің бастан өмірдің қылыш өткелін.

Ак сүт беріп, мәпеледің, тербеттің,  
Мен үшін сен не көрмедің, келбеттім.  
Сенің дархан шуағынан нәр алып,  
Мейрімі мол құшағында ержеттім.

154

О... анашым, аскар тауым, тірегім,  
Мен сениң ылғи саулығынды тілеп жүремін.  
Сенің шексіз парзыныңды өтеуге,  
Еңбек етіп, тер төгеді “жүргегің”.

04.04.1974 ж.

\* \* \*

Ақ түтекті ақпанда,  
Көктемің бол барайын.  
Жолсыз жерде сасқанда,  
Өткелің бол қалайын.

Ана, сенің жолыңа,  
Шашылайын гүл болып.  
Қарандыда адассан,  
Асығайын күн болып...

17.02.1974 ж.

## САҒЫНДЫМ

Ғашық бол жүрген кезімді,  
Бұлақтай мөлдір сезімді,  
Он сегіздегі өзімді,  
Есіме алдым, сағындым.



155



Сүйем деп саған хат жазған,  
Жыр арнап, сырды актарған,  
Кездесу үшін көп барған,  
Шағымды, сәулем, сағындым.

Мандайдан сипай білетін,  
Шын жүрегімен сүйетін,  
Ана деген ардақты,  
Дара ұғымды сағындым.

02.08.1975.

## **АРМАНЫМ**

Тыншытпай мені шақырып алға арман мың,  
Келеді кейде бұлттармен бірге самғым.  
Талай түнді кірпік ілмей өткізіп,  
Армандарымның біріне бірін жалғадым.

Кусам да қанша құмарым саған қанбаған,  
Арманым, әлде сағым ба едің алдаған?  
Әтсе де жылдар сол қалпыңдан танбайсың,  
Гүлімбісің сен жүректе көктеп, солмаған.

Арманым, егер сен қалсаң жолда таусылып,  
Өмірім тоқтап қалғандай болар, тән суып.  
Ғұмыр бойы сені іздеумен-ак өтейін,  
Асулы белде алдыннан қарсы алшы, үміт!

156

18.03.1972 ж.

## КӨП КҮТТІМ СӘУЛЕМ

Сағыныштан атқандай үміт таны,  
Келер-ау деп, көп күттім, күліл тағы,  
Бірақ та сен келмедің, білмедің бе?  
Мен өзіңсіз бір тұтқын құлыптағы.

Сенсіз менің тандарым атпайтындай,  
Атпайтындай, күндерім батпайтындай,  
Асау көніл сен жакқа алып ұшты,  
Жүрегім де сені іздең соқты-ай тынбай.

Күтем күздің ак арай кештерінде.  
Таудан самал сен болып ескенінде.  
Жұлдыздармен сырласып сені күттім,  
Айлы аспаннан ақша бұлт көшкенінде.

Күттім сені, сәулелі тандарымнан,  
Нұрлы алауга малынған бар маңымнан.  
Сонадайдан қол бұлғап шакыратын  
Шағадамның ақшамғы шамдарынан.

Жанымды тербей алмай бұлбұл әні,  
Еркем-ау, сені күтіп журмін әлі.  
Үмітімді үзбедім келер күннен,  
Мен үшін тек сен ғана өмір сәні



## СОЛДАТ ЕСКЕРТКІШІ

Мәңгі алау!..  
Тас мұсін, тыныштық,  
Таңғы арай,  
Гүл алаң, күміс шық.  
Ержүрек солдатқа ескерткіш,  
Жүрекке тым ыстық.

Ей, адам!  
Сұм соғыс қалды артта,  
Басынды и,  
Кел мына солдатқа,  
Бақыт пен бостандық жолында,  
От кешкен боздаққа.



158



Адамдар,  
Шаттықтан пан күліп,  
Жеріміз жатқанда жаңғырып,  
Ұмытпа, кеудесін оққа ашқан,  
Солдатты әлемді таң қылып.

Мәңгі алау!..  
Мұлгіген тыныштық.  
Көп адам тек үнсіз тұрыстық.  
Отан ұлына ескерткіш,  
Жүрекке тым ыстық!..

7.05.1974 жыл.

## ӘКЕМЕ

Биігіне шығам деп сен жетпеген мұраттың,  
Жауабын да берем деп сен таппаған сұрактың,  
Мен өзіңен бөлініп ұшып кеттім ұяңнан,  
Жетегіне еріп ап арман атты пырактың.

Бейнетті көп көрдің сен, қызыққа да тоймадың.  
Әке, сені тезірек қуантсам деп ойладым.  
Сол мақсатпен тыншымай ержетуге асығып,  
Балалықтың базарын тым ертелеу тойладым.

Асыл әнін өмірдің жаңа тербей бастадым,  
Іздеуменен келемін арманымның аскарын.  
Ақылшым-ау, жанымда өзің болсан әрдайым,  
Бәлкім биік болар ед мұнан дағы аспаным?

Саған арнап мен әлі жыр жолдарын жазбадым,  
Қуанту ед өзінді ең алғашқы арманым.  
Місе тұттай енді оны, көтерсем деп журмін мен,  
Өміріңнің, о, әке, саған артар салмағын.


14.02.1976.



## САҒЫНДЫҢ БА, АНАШЫМ?

Ұзак күнгө мені ойлап,  
жолыма қарал,  
Көрінген адамды  
ұлына балап.  
Сағындың ба, ана?

“Кешікті ғой күнім,  
келмеді-ау- деп-бүтін”,  
Сездірмей ешкімге  
көңіліңнің күзін,  
Сабылдың ба, ана?



160

Көлдей күткен казын,  
Бар қызығын, жазын,  
Жүргетінмен тербел  
сағыныштың сазын,  
Мұнайдың ба, ана?

Аңсап сені, анам,  
күс бол ұшар балаң,  
Қайда жүрсем де,  
мен өзінді табам,  
Күс бол ұшып барам!

08.03.1975.

## **ҚЫЗ СЫРЫ**

*(монолог)*

Сезімнің нәзік шегін  
алғаш сен шерте келдің,  
Алаңсыз жүрген қызды  
ғашық қып өртеп едің.  
Куанған шактарымда  
оыймда сен тұрушы ең.  
Бұлбұл боп бақтарыма  
әнінді қондырушы ең.

Жүрекке шоқ түсірдің,  
ал өзің сезбедің де,  
Баруши ем кездессем деп,  
сен жүрген жерге күнде.  
Алдынан терезенің  
кулімдеп оттім талай,  
Бірак сен қыз тілегін  
ұқпадың, мұның қалай?



Мен салған дара әнді  
әніңе қоспадың да,  
Нұр ойнап жанарында  
сыр айттың басқа қызға.  
Сезбедің жүргенімді  
тыншымай өзінді ойлап,  
Гүлінді маған деген  
ұсындың оған арнап.

Сені алғаш сүйіп едім,  
ол ойдан қайта алмадым,  
Сан рет оқталғанмен,  
өзіңе айта алмадым,  
Қалай мен ұмыта алам,  
бак құсы пәк сезімнің,  
Алғашқы махаббатты  
оятқан сен өзіңсің...

12.04. 1975 ж.

## МЕН СЕҢІ ІЗДЕДІМ

Ағарып таң атқанда,  
Ак саумал леппен  
тыныстал ауылым жатқанда,  
Таласып таңмен  
поездар шеру тартқанда  
Мен сені іздедім.

Күн қонақтағанда шатқалға,  
Көк Каспий мұлгіп,  
тұнжыр бір ойға батқанда,  
Ауыл үйлері  
біртіндеп шамын жаққанда  
Мен сені іздедім.

163  
Тереземнен күміс Ай  
кулім қакқанда,  
Көк зенгір аспан  
жұлдыздан алқа тақканда,  
Мұнайып жаным,  
жалғыз қалған шактарда  
Мен сені іздедім...

17.07.1976.

## ТАУ ЭЛЕГИЯСЫ

(Түркмен ақыны Ревишен Тагановтан)

Тау қойнауын сұзіп шықты аңшылар,  
Қалмады тыс жетер жері көліктің.  
Бұла бұлак жылап акты тамшылап,  
Жоктауынан жетім қалған еліктің.

Оқ-дәрі иісінен қолқасын қапқан,  
Жасаурайды шатқалдардың жанары,  
Аңшылар оғынан қисапсыз атқан,  
Шүрк-шүрк тесік қырқалардың қабагы.



164

Карбыздың дәніндей жылтыр құз-шоқы,  
Жасырып тұр аршалардың бауларын.  
Аңшылардың тайқып кеткен көп оғын,  
Көкірегінде көтеріп тұр тауларын...



## АҚЫН ЖҮРЕГІ

(Ревиен Тағановтан)

Қандай ма, нәзік ед ақын жүрегі,  
Қаймактай жұп-жұқа дірілдеп тұнған.  
Сұлұлық бағынан тауып тірегін,  
Жүрекке жол табар кем емес нұрдан.

Жүректердің қымбатынан жарапан,  
Бұлақтардың бастаудынан жарапан,  
Кітаптардың сөзбасынан жарапан,  
Ақын жүрек тұрадар нәзік қалпында.

22.12.1977.



165




## КҮМІС ҰШҚЫНДАР

(Түрікмен ақыны Назлы Туваккылышевтан)

Кою тұн мұлгіген бейуақыт мезгіл,  
Алыстан жанды от, жауын ап көздің.  
Найзағай ма бұл, әлде жасын ба?  
Бар дүние көз тікті мынау тосынға.

Самал жел ауысып момақан күйге,  
Жапырақ тыныпты, мезі боп биге.  
Кас қаклай сан жұлдыз қарай қалыпты,  
Дегендей “қараңыз жаңа алыпты”.



166

Күштарлық қоймады, мен таяп бардым,  
Бір кыз тұр от ұстап, анық аңғардым.  
Колғапты қолымен болат “көсеулі”.  
Ұшқынын ұшырып темір кеседі.

Күлімдел қарады ол, кеп ем жасқана,  
“Кел көрсөң- деді қыз - сыр бар маскада”.  
“О, ару отпенен тапқан жарасым,  
Сэт сайын өзіне баурап барасын”.

Жұмысын жалғады, қолында от ойнап,  
Жылан тіл жалынға салдырып ойнак.  
Жүзінде пердесі, қолында колғап,  
Ару тұр отпенен өрнек оюлап.

Темірді иіп ап, ұшын қосады,  
Жанған от мындаған ұшқын жасады.  
Көңіліме, ұшқындар ұшып аспанға-ай,  
Жұлдыз боп әлемге нұрын шашқандай

**22. 12. 1977 жыл.**



**167**



## ТУСІМДЕ КӨРДІМ СЕҢІ

(Түркмен ақыны Емрели Туваковтан)

Откен тұні өзінді көріп шықтым түсімде,  
Айнымаған сол қалпы сендік сымбат, мұсін де.  
Сол күйінен тіпті де өзгермепті-ау ажарың,  
Көңілің көктем, жаның-жаз, тарқамаған  
базарың.

Ұзап кеткен керуендей жастық кетті, күн етті,  
“Қабыл алшы - дедім мен – сен деп  
соққан жүректі”.  
Бас шайқадың, наз күлкіңмен (мен бір кездे  
жыр қылған)

Кырау шалған самайыма қырын қарап  
тұрдың да.

“Ренжіме, – дедің маған, жұбауратып  
күлкіңмен,  
Жас дәуренің кеткеннен соң, сүю сені  
мүмкін бе?



Кескінінде күз бедері, қоштасқан соң  
көктемің,  
Білу керек ғашық болар жалын шағын  
өткенін”.

Осылай деп, кете бардың қайырылмастан  
аяулым,  
Жалғыз қалдым отырып, жүрегімде қаяу мұн.  
...Тұсімде сен сүймедің кәрі ме деп еріккен,  
Кап, ендеше жас шакта сүймегенің неліктен?!

22.12.1977.



169



## ЖҮРЕГІМ ЖЫР АҢСАҒАН

Бұла жүрек бүрқасын көп іздейсің,  
Бір толқып, бір басылған теңіздейсің.  
Арманымның қырын қуып келем,  
Беу, тентегім, мұнша сен нені іздейсің?

Іздейсің бе сен әлде шабыт селін,  
Қалайсын ба пырактың ақтан керін?  
Бәлкім тәтті ән- күйге құштар болып,  
Ұнаттың ба сұлудың бұраң белін?..



170



Сезімімнің тербеген сая бағын,  
Келе ме әлде қалқаны аялағын.  
Ондай сэтте тартынба, сұранамын,  
Алауынды жүрегім аямағын.

Іздеуменен жүрсің бе, толқып көптен,  
Сағынышты, думанды күндерді өткен.  
Ол күндерім бөлініп қала берді,  
Қарай-қарай артыма қимай кеткем.

Мен оны, балаң шакты – ару көктем,  
Кимасам да ініме сыйлай кеткем.  
Аңсадың ба сол шактың асау әнін,  
Жүрегім-ау, кеудеме сыймай неткен?

Әлде менің кеудемнен жыр акқан сәт,  
Жырлағанда арықта бұлак та ән сап,  
Бойымдағы ұшқынды місе тұтпай,  
Туладың ба отты жыр-шырақты ансап.

Тоқта, мені жайласын сыршыл ағын,  
Аспанымнан тәксін бір күн шуағын.  
Сонда сенің, жүрегім, отынды алып,  
Алдағы ізгі күндерге құлшынайын.

Құлшынайын бір сәт те тыншымайын,  
Мен өзімнен ақжарма жыр сұрайын.  
Сенің өр толқынынан қуат алып,  
Бағымды қырандарша бір сынайын.

25.12.1977.



171



## АҒАҒА

### *Төлөген Тәжібаевқа*

Ауылда өткен тойларға,  
Өзінмен барсам, кезім кеп.  
Аға, сен маған ондайда,  
Сөз айтатын ең әзілдеп:

“Бәйгеге қосам өзінді,  
Жал-құйрығынды түйіп бір.  
Кияға салып көзінді,  
Ойыңа жырды құйып тұр”.



172



Додасын жырдың еске алып,  
Сөзіңе кейде ойланам,  
Қалмаспын деймін бос қалып,  
Күтіп тұрғанда айналам.

Берілмен, аға, жалғанға,  
Үмітінді тек өшірме.  
Кемедей қалсам қайранда,  
Інінді сонда кешірме.


Кешірмес туған далам да,  
Шығарған талай дұлдулін.  
Батасын берді анам да,  
Көтерсін деді-ау жыр жүгін.

Қағайын қанат қиядан,  
Аға, сен маған сенші тек.  
Өмірден бәрін сұраман,  
Жыр алсам болды еншілеп...

*15.05.1975 жыл.*



*173*



## ЭЛЕГИЯ

(*Казак радиосының дикторы, аяулы досым  
Панакұл Лұқпановты еске алғанда*)

Белгісі ғой деп қызыққа толы шактардың,  
Бүктеуін ашам мен сенен қалған хаттардың.  
Окимын дағы, эттең-ай деймін толғанып,  
Хатпенен маған қаншама сырды актардың?

Ауасын жұтып арайлап атқан ақ таңың,  
Шуылын тыңдал көктемедегі бактардың,  
Жүргендейсің сен кемел ойлармен тыныстап,  
Санамда менің сол қалпында сақталдың.



174

Өтуде жылдар айлармен ұзын көш күрып,  
Күйбенмен жүрміз ертелі күнді кеш қылышп,  
Мен әлі досым, эфирге құлак тосамын,  
Қалатындей-ак макпалдай үнің естіліп.

Жүрекке кейде алуан да алуан сезім кеп,  
Суретінді алам, төріме қойған көзің деп.  
Онаша оймен кауышып жалғыз отырам,  
Киялым менің киянда жүрер сені іздеп...

06.20.1979.


## ҚАРТ АҚЫННЫҢ СӨЗІ

Намысқа бағып бел буған,  
Тен көрген сөзді алтынға,  
Ұланым бар жыр құған,  
Айбыным бар деп артымда.

Мактандыш ғып жүр едім,  
Ақ сапар еді тілегім.  
Әлендерінді оқып ап,  
Туғандай қайта тұледім.

Төзімін қайрап-жаныған,  
Жыр жүгін тартар алысқа.  
Ақтарылатын ағынан  
Талмайтын ұзак шабысқа.

Өр ақын деуші ем мен сені,  
Ғайбат сөз біреу айтты деп,  
Біреуден сағым қайтты деп,  
Түсірдің неге еңсені?



Тірлікте бәрі кезігер,  
Өмірді деме құр елес.  
Жамандық бар ғой безінер,  
Жақсылығың да тұл емес.

Өсек-гайбатты елеме,  
Жырынды жалға, тартынба.  
Парықсыз сөздер ере ме,  
Қалады бір күн артында!

Өмірдің сырлы қүйін ұқ,  
Қалмасын жырың тыйылып.  
Арғымак аттай алшаң бас,  
Күншілдер өлсін қүйініп...



## СӘТТИ БОЛСЫН ҚАДАМЫҢ

(Ұлым мектепке барғанда)

Окушының қосылып қатарына,  
Шыктың бүтін білімнің сапарына,  
Үйден сені жетелеп алып келем,  
Тигізсін деп пайдасын Отанына.

Отан атты анаң бар аялаған,  
Перзентінен қамкорлық аямаған.  
Өскен елі, Отаны болмаса егер,  
Жапырағын өрбітіп, жая ма адам?!

Қараши, әне, өзіндей бұлдіршін көп,  
Бақытты елде осынау кім күрсінбек?  
Мектеп ұяң құшағын ашты бүтін,  
Білім кенін зердеге тұндырысын деп.

Ару күннің малынған арайына,  
Көзінді тік білімнің сарайына.  
Алтын ұяң, қастерлі мектебің бұл,  
Білім берген өреннің талайына.

Мейірім мен нұр тұнған жанарына,  
Жап-жас ұстаз бастамақ сабағына.  
Қайта-қайта коңырау сыңғырлады,  
Тілегендей сәт сапар қадамыңа.



## ТУҒАН ЖЕРГЕ

Көгінде қалқып бұлт аунар,  
Экемді көрген боз таулар.  
Іздерім қалған баба-қыр,  
Каспийден атқан нұр тандар.

Шағала көңілім өспелі,  
Қосымды жиғым көшкелі.  
Кіндік қаным тамған жер,  
Өзінен кеттім, кеш мені.

Биіктегім боп анталап,  
Сапарға тартты нар талап.  
Шабытын жүрек шакпак қып,  
Киянда күшін байқамақ.

Лаулатып отын жігердің,  
Сен жаққа көзді тігермін.  
Еске алып кайран, туған жер,  
Сағынып, аңсап жүрермін.

*Тамыз, 1985 жыл.*



## САПАР АЛДЫНДА

*Түрікмен елінде қазақ тілінде  
шығатын “Жұмысшы” газетінің  
қызметкерлеріне*

Бас қосулармен, бұл өмір,  
коштасулардан құралған,

Маңғыстау болып қол бұлғап,  
шақырды мені бір арман.

Жаңғакта жүріп жыр аулап,  
өлеңнен өрім өріп ем,

Мұнайлы елі – Маңғыстау  
шығарап ма екен құмардан?!



179



Көргендей бүгін, қараймын  
қия алмай жүрген далама,  
Тұған жер, мені жетесіз,  
сабырсыз ұлға санама.

Сәттілік тілеп сапарда,  
тілеулес болып жата гөр,  
Өлеңнен басқа ем қонбас  
қияли болған балаңа.

Кия алмай тағы барамын  
қаламdas, бауыр, достарды,  
“Жұмысшының” бүгінгі көркі -  
қаламы жүйрік жастарды.  
Коштаспадым олармен  
кездесіп тұру жазсын деп,  
Есімдерін қайталап,  
қайталағандай жақсы әнді.

Еске алып мені жүріндер,  
тілеулестерім, ағайын,  
“Қара алтынды” өлкеде  
өлеңнен отау соғайын.  
Маңғыстау жері қашаннан  
шайырлар елі атанған,  
Мың шырақ жанған өлкеге  
бір шырақ болып барайын...



180

17.08.1985.

## САҒЫНЫШ

*Ақын Дүйсенбек Қанатбаевқа*

Теніз де өксіді,  
Менің кеудем де...  
Жағада сол күні,  
Сартал сағыныш сезім боп көлкіді.  
Жылаған жүректі жұбата алмады  
Каспийдің құшағы,  
Ақ білек толқыны.

Іргеде көк шаһар,  
Таныс бақ,  
Жалаулы жастықтың көшесі,  
Бұгінде  
Басқаша тыныстап,  
дутардың сазына буынып,  
Шиырылған көк шайлы кесесі.  
Бұрынғы нұрлы аспан,  
Кіреуке мұң басқан,  
Қаланың қауқылы көбейген  
Кеткендей бұрыннан есесі...



Ләйлі тал сыңсиды  
Жапырақ шаштары  
Мойныма оралып,  
Қимастай қылып,  
Карайды ақ қайың қадалып.  
Өмірдің қат-қабат жолында  
Қалмасам жоғалып,  
Красноводск,  
өзіңе соғамын ол анық.  
Сол күні өксіген көңілмен,  
Таныс та, алыс та жағада,  
Жоғалған жастықтың елесін  
Екшедім санада.  
Өйткені, көп жылдар  
Жүйткіпті арада.  
Ал сен ше, бардың ба?  
Сол бір жағаға,  
Жан-ага...



182



*5. 10.2006 жыл.*

## АТАМЕКЕН

“Шіркін өмір болмағандай бір күнгі,  
Дәм жазбады-ау көруге атажұртымды”.  
Осылайша әкем кейде мұнданып:  
“Туған жерім- Форт- Шевченко”- дейтін-ді.

Балалық-ай көңілменен құлаған,  
Аңтарылып қарайтынбыз біз оған.  
Сезбедік кой сағынышты сарғайтқан,  
Үқпадық та жан-жүрегін жылаған.

Зейнетінен бейнетінді көп көрген,  
Жарты жасын жат өлкеде өткерген.  
Менің әкем көп боздақтың бірі еді  
Туған жерге аяқ жетпей, шетте өлген.

... Мандаима жазсын, мейлі, қын сын,  
Баба рухы бойға күш бол жиылсын.  
Менің енді сұрайтыным тәнірден –  
Атамекен топырағы бұйырсын!




## ӘКЕ БЕЙІТІ БАСЫНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС

### I

Қиналғанда рұхымен жебеген,  
Сыналғанда қолтығымнан демеген,  
Әке, сенің бейітіңе кеп тұрмыз  
Ұл-қыздарың, келіндерің, немерен.

Келіп тұрмыз, ұзак- ұзак жол кешіп,  
Болады деп алғы күнде хал нешік.  
Көптен кейін бейітінді көргенде  
Жок тапқандай көңіліміз қалды өсіп.



184

Әке, саған келіп тұрмыз алыстан,  
Сенің кіндік қаның тамған қоныстан.  
Нәубет жылдар бытыраған казактың  
Ұрпағы біз, Манғыстауда тоғыскан.

Өзіңе айтар нала-мұным көп менің,  
Кештің талай шырғалаңың өткелін.  
Күғын көрдің, бейнет көрдің, жок көрдің  
Бәрін жендің, туған жерге жетпедің.

Өзің болыш жеттік атамекенге,  
Кім-кімің де санай алмас бөтенге.

Сонау заман өзің жакқан ошакта  
Лауласа от, оның кемдік етер ме?!

Қайран әке, құзыретіне өктемнің,  
Бірі өзің ең басын имей өткеннің,  
Тәбәрік ғып Манғыстаудай жеріңнің  
Топырағын бейітіңе ап келдім.

## II

Әке, ертең Манғыстауға қайтамыз,  
Кош болыңыз, бақылық қой ортаңыз,  
Жиі-жіңі келе алмаспыш басына  
Енді алыстан “тие берсін” айтамыз.



185



Қара жолда айнымай бір нүктеден,  
Асығамыз, ісіміз көп бітпеген.  
Әке, өзің рухынмен жар болып,  
Қағып тұршы кесапатты күтпеген.

Басына кеп, құдай өзі жеткеріп,  
Саған деген бір парызды өткеріп,  
Біздің көніл соған дағы хош болды  
Өзің жайлы айтылғанда естелік.

...Сонау жылдар оталдың да көктедің,  
Кештің бастан ызгарын да өкпегін.  
Тауқыметтің бәрін көріп бірак та  
Көре алмадың тәуелсіздік жеткенін.

Көре алмадың ұл-қызының өскенін,  
Өзің айткан атажүртқа көшкенін,  
Кіндік қаның тамған жерден сен жаққа  
Сағыныштың самалындай ескенін.

Уақыт сырғып, жатыр бәрі алмасып,  
Тірлік барда, алдымызда бар нәсіп,  
Әке, өмірін ұрпактарың арқылы  
Болашаққа бара жатыр жалғасып...

Әке, сенің  
Бейітіңнің басына,  
Келіп, мандай тіреп құлпытасына,  
Кетерімде тұрдым іштей егіліп,  
Өзіме-өзім қайрат бердім  
– “Жасыма!”

Қасиетті Манғыстауда туылып,  
Жөн-жосықсыз жат өлкеге куылып,

Ғұмыр бойы аңы терге жуынып  
Жүрсөң дағы  
Көрмеп едің ешқашан  
Атажүрттан суынып.

Енді міне,  
Татар дәмің таусылып,  
Жүрек тоқтап калған кезде  
Тән суып,  
Жат топырак  
Жатыр сені қаусырып...

Кіндік қаның тамған  
Сол бір өлкеде,  
Ұлдарың жүр  
Биік намыс, өр кеуде.  
Сен деп келді,  
Енді елге қайтады  
Үміт артып ертенге.

...Әмір заны  
Суша уақыт жатса ағып,  
Ғұмыр өтіп,  
Екіншісі басталып,  
Арман бар ма, кетсең мәңгі үйқыға  
Өз жүртүңның топырағын жастанып...



187



## ШЕКАРАДА

Арғы бетте тұрікпен тұр,  
Бергі бетте қазақ тұр,  
Ары өту де бері өту –  
Таусылмайтын азап бір...  
Ей, тағдырым, не дейін  
Осылайша мазақ қыл.

Арғы бетте – ауылым,  
Бала дәурен сағымы.  
Қалып қойған бауырым,  
Әке-шеше қауымы.

Бергі бетте – Отаным,  
Жері жеті атандың,  
Өз аспаным, өз далам  
Шын шаттыққа батамын.

Арғы бетте тұрікпен тұр,  
Бергі бетте қазақ тұр.  
Барайыншы бауырға  
Көрейінші азап бір.

Ей, тағдырым, не дейін  
Мазақ қылсаң, мазақ қыл.  
Экірендеген немеден  
Тек тезірек азат қыл!



## ОРАЛҒАН

Оралман деме,  
оралман емес, оралған,  
Өзіндей ол да  
Қазак қанынан жаралған.  
Саумал самалдан,  
кымыран қырдан нәр алған.  
Тағдыры тайқып,  
Басы ауған жаққа жол алған.

Оралман деме,  
оралман емес, оралған,  
Нәубетте сонау  
дүниеге тегіс таралған.  
Арпалыспенен,  
қантөгіспенен  
күн кешіп,  
Үш милионы  
өлген, жіткен, жоғалған.

Оралман деме,  
оралман емес, оралған,  
Ата-баба... мінәжатымен оянған.  
Дұшпаныңды да,  
қыспағыңды да жоя алған.




189



Оралман деме,  
оралман емес, оралған,  
Қазақстанда  
тоғысты бүгін сан арман.  
Қаласаң дағы,  
қаламасаң да күні өртөң  
Алады орын араңнан.

Оралман деме,  
оралман емес, оралған,  
Шаттықтың лебі  
шалқысын бозаң далаңнан,  
жеріне өт де,  
еліне жет де сен оған  
Тәуелсіздікпен жаңарған!



\* \* \*

“Бәрі де өтер-кетер, ұмытылар”,  
Деп жүргенде фәниде кім ұтылар?  
Ал қазір өн бойында тұтасқан бір  
Кикілжің, күйбен тірлік уыты бар.

Уақыт өте өткеннен елес қалар,  
Пендешилік алдағын кім ескерер.  
Адалдығың, кісіге жақсылығың  
Еске түссе көңілде нұр ұшқындар.

Өкіндірер ақылсыз, жансақ қадам,  
Сеніміңе жылан боп кірген адам,  
Қардай ақ пейіліңді таптағандар,  
Тұсінбеген ісіңді өңкей надан.



191



Бір күнгідей болмайды өтер бәрі,  
Дәм таусылса, кетер жас, кетер кәрі,  
Жиған дүние, ішкен ас жолдас болмас  
Тірліктегі сыйластық – өмір мәні.

\* \* \*

Бекежандық жасадың, аға, маған,  
Кой терісін жамылған корқау сынды,  
Көр кеуденмен мың сайтан балалаған,  
Қызғанышпен ұлыдың, не іс тынды?

Қылышыңмен сыртымнан салдың “пышак”,  
Төмен тарттың, мен болсам асқақтадым.  
Жаңым сүймес жымыскы құлықты ұсак  
Көрдім талай ондайдың тас қапқанын.

Деме сөзбен ініміз “тұртқіледі”  
Мені ұғынсан, мұнан соң арайлайсың.  
Кімнің кім екенін де жұрт біледі,  
Тиме ақынға, абырой таба алмайсың.



192



## ДОСТЫҚ ТУРАЛЫ

"Шыныменен дос жоқ-ау, дос жоқ менде..."

*Мұқагали.*

Мұқагали ағадай,  
Дос таппадым жігіттен,  
Көбі жыра-жықпышда,  
Көрінбеді биқтен.  
Кездері аз біріккен,  
Сөздері көп үріккен,  
Ғұмыр бойы келемін  
Көкірекке түйіп мен.

Жолдастық пен достықты  
Таптым әйел затынан,  
Арулармен дос болдым  
Сан жігітке татыған,  
Көкірегі-асыл ән,  
Шабыт алдым отынан.  
Оның бірі қорғады  
Кей жігітің сатқанда,  
Қызғаныштан ит болып,  
Маған кесек атқанда.  
Ақындық пен серілік  
Бас идірмес шактарда,  
Бірі анаша аялап  
Иліктірді тоқтамға.

Тентек желі тағдырдың  
Қапияда сокқанда  
Солар еді білсөніз,  
Қабырғамды жапқан да.



193



Сыр бөлістім арумен  
Арайланған ақ таңда,  
Қамсау болып сол жетті  
Арқыраған ақпанда.

Жігіт “досқа” сыр айттым  
Жайды жарты жаһанға.  
Енді бірі қарайды  
Оқ таба алмай атарға.  
Көріскенде өтірік  
Куанған бол қалады,  
Қосқысы жоқ шынында  
Мені тіпті катарға...



194




Осындайдан түнделіп,  
Түйілдім сан намыстан.  
Тұлқі жігіт көп көрдім  
Кезікпеді арыстан.  
Адал көңіл, өр мінез  
Бабалардың мәрттігі  
Білуімше осы кез  
Аруларға аудысқан.

Жолдас болым, дос болым,  
Серік болым қыздарға,  
Шуағы бар олардың  
Ұрындырмас ызғарға.  
Өмірімнің бар күнін  
Сарп етсем де жетпейді-ау  
Арулардың тигізген  
Шапағатын жырлауға!

## ӨМІР ДЕГЕНИ...

Қантар да өтер  
Ақ мамығын аунатып,  
Ақпан да өтер  
Аязбен “шымшып”, жауратып,  
Наурыз да келер  
Әуеден ақ нұр саулатып,  
Сәуір де келер  
Даланы бір сәт жайнатып.

Келер де кетер  
Бірімен бірі алмасып,  
Осылайша өмір  
Жатады екен ғой жалғасып,  
Білтелі шамдай  
Ғұмырдың өзі шектеулі  
Барасың қайда  
Жүргенмен қазір алға асып...



195


Өмір дегенің  
Жанның көктеуі, солмағы,  
Орны бар болса,  
Оңалып қайта толмағы,

Өмір дегенің  
Сапардағы көш керуен  
Кенеттен бірақ  
Тоқтап қалмаса болғаны.

Өмір дегенің  
Қоңыр кешің мен ақ таңың,  
Бақыт пен сорың,  
Бейнет пен зейнет тапқаның,  
Жылап келіп,  
Сәулеге есік ашқаның,  
Жылап барып,  
Есікті қайта жапқаның...



196



## ҚЫРКҮЙЕК

Ақ жаңбыр сіркіреп,  
Көк аспан күркіреп  
Жатса да,  
Кетпейді қыр түлеп.  
Мамыра жаз қашты,  
Далада – қыркүйек.

Сал самал аңқылдал,  
Карғалар каркылдал,  
Таң атса-ақ, қоңыр кеш,  
Жетеді алқымдал.

Су суып ак таңнан,  
Жасыл бақ шоқтанған,  
Жидектің шырыны сорғалап,  
Қайысқан дастархан.

Сары ала қырат-бел,  
Кейде жаз,  
Кейде күз сиякты.



Күбылма,  
Ауа жоқ тұракты.  
Тұн-ызғар,  
Талтұс шуакты.

Күс қайтып дүркіреп,  
Таң атар нұр күреп,  
Мен туған ай осы –  
Сары алтын қыркүйек!



198



## ТОН

(Әкені еске алу)

Әке, сенің сенсөң, сары тоныңды,  
Жамыламын, маған шап-шак қонымды,  
Отырамын құзға қонған қырандай  
Танығандай оңым менен солымды.

Тану қайда, сөндім талай жана сап,  
Жетпей қалып пайым менен парасат.  
Окуы мен токуы көп ұлыңын  
Кей денгейі әке, сенен аласа-ақ.

Сыршылдықтан мұнға оранды тандарым,  
Жыршылдықтан ауа қапты қармағым,  
Шыншылдықтан есе кетіп қуларға  
Талай рет жарды сокты майдайым.

Аямастан артты өмір салмағын,  
Шүкіршілік, бармақ тістеп қалмадым,  
Біткенінше мына бес күн жалғаның  
Рухыңмен сүйеп, деме ардағым.



199



Айта берсем өмір жайлы көп өлең,  
Өзің болсаң талай сырды төгер ем,  
Әке, сенің исің сіңген тоныңа  
Оранады немерен мен шәберен.

Шаңырағымда өзім жаққан отымның,  
Шуағымен нұрлы тандар атырдым,  
Төсенгенім анам басқан текемет,  
Тон жамылдып, өзіңе үқсап отырмын.



200



## БІР ӨЗІҢЕ АРНАЛҒАН

Денгейінен биік тұрар пенденің,  
Басын шатып-бұтпайтындай әр ненің,  
Қашық қылар менмен сөзін өзгенің  
Жазылмаған бір өлеңім бар менің.

Сөз саптауы басқа жырдан өзгеше,  
Тамыр дәрідей жүректерді емдесе,  
Үлбіреген лала гүлге мензесе  
Сенерсіңіз – мына өлең сол десе.

Әрбір сөзі оның мұлде басқаша,  
Кінә қойың, сыр пернесін қакпаса,  
Құлдырандап бұлактайын ақпаса,  
Сұлупықты бір өлшеммен шактаса.

Оның үтір, нұктесі де ерекше,  
Құшактарға гүл толтырар керексе,  
Аңтарылып қалар көркем дүние  
Көшесімен бұлттай қалқып ол өтсе.



201



Иә, солай бір өлеңім бар дедім,  
Сонда менің сезімім де, әл-демім,  
Тәнір ием, қаламыма қуат бер  
Оны жазбай, таусылмасын дәрменім

Бастау алып мендегі аппак арманнан  
Мөлдіреген махаббатқа айналған,  
Жаным менің, жүрек жарды бұл өлең  
Білесің бе, бір өзіңе арналған.



## БІЗ ЕКЕУМІЗ

### Жұмабибіге

Бөлемедім үлде менен бұлдеге,  
Уақыт өте ширай тұсті гүл денен,  
Екі шалдың еркесі едік екеуміз  
Тәнір ием көзін салды бізге де.

Ақ отаудың өзім жақтым шырағын,  
Ал сен оның гүлге орадың шырайын,  
Моншактайын кестеледік жылдарды  
Біз дегенде сәтін салды құдайым.

Шатырадай мөлдірейді аспаным,  
Өзің барда мен қыннан қашпадым,  
Маған төнген кесапаттың барлығын  
Періштем-ау, өзің серпіп тастадың.

Откінші өмір батырга да, сакиға,  
Мың күнгі ұжмак бір күніме тати ма?!

Екі дүниеде ризамын мен егер  
Осылайша ғұмыр кешсем бақида.



\* \* \*

Кос тұлымың көзді арбап,  
Жүрген кезден білемін  
Қызғалдақтай бүр жарған  
Уылжиды гүл ернің.

Мойыл көзбен аймалап,  
Жүрегінмен сүйгендей  
Ақ толқындай асықты  
Мойыныма білегің.

Діріл қақтың қолымда  
Колға түскен еліктей,  
Кос анарың тепкілеп  
Көкірегің – көріктей.  
Шырмауында сезімнің  
Бірге адасып, табылдық  
Сабасына түскен соң  
Құйын көніл желіккен...



## ӨЛЕНГЕ

Бастан өтіп небір күн,  
Мұңайдым да, қуандым,  
Сенен тауып алданыш,  
Жас балаша жұбандым.

Төсегімде тыншытпай  
Жігіттік пен серлік,  
Махаббатқа сыр айттым,  
Сен арқылы еғіліп.

Ерте тұрып, кеш жаттым  
Қызметтің бабымен,  
Шаршасам да, сені аңсал,  
Қалам алдым тағы мен.

Көңілімді мазалап,  
Ұйқымды сан қашырдың,  
Магниттей тартатын  
Құдіретіңе бас ұрдым.

Талай дос та, таныс та  
Белек салды іргесін,  
Көлеңкемдей сен бірак,  
Меніменен біргесің.



205



Көкірекке сен қонсаң.  
Шабыт қалай көз ілсін?!  
Бұл жалғанда айнымас,  
Сырлас досым өзіңсің!

Өмір-өзен ағысы  
Тартса бір күн тереңге,  
Менен қалған белгідей  
Өлеңдерім сен өлме!



206



## СҮЙЕМІН ҚАЗАҚСТАНДЫ

Килы заманда көрсө де өктем нұсқауды,  
Намысын туғып, таптаған қаскөй дүшпанды.  
Бауырға басқан басынан бағы ұшқанды,  
Сүйем мен Қазақстанды!

Сүйемін тілін тамылжыған да бал тамған,  
Сүйемін ділін кесапатыңды қайтарған.  
Сүйемін гүлін шұғылаға беккен, жайқалған,  
Сүйемін күнін қарайтын күліп әр таңнан.

Апайтөс тауын басында бұлттар аунаған,  
Даласын сүйем көгінен ақ нұр саулаған.  
Көкірегімде асылға балар жырым бар  
Өзіне ғана арнаған!



Сүйемін, көркем, керілген кербез қырларын,  
Жұпар жусанын гүлзарлы бауға қимадым,  
Тірлікте міне, төсінде жүрмін алшандап  
Бақиға кетсем – құндағым!

Мерейі ессе, шарықтап көкке ұшқаным,  
Ақсаумал ессе, сеземін өбіп, құшқанын,  
Болашақтарға болаттай бекіп жол тартқан  
Өзінді мәңгі сүйемін, Қазақстаным!

## МӘРТТИК ТУРАЛЫ ЖЫР

«Қаңғабай, өзіме-өзім қол жұмсақ, жаратқанның ал-  
дында жауапкер болғым келмей жатыр.

Бастас азамат ретінде айтқан бір өтінішім  
болсын: маган бір оғыңды қи-дағы...»

**Әбілқайыр Спанов,**

“Тоқабай Құрмаш”, 1994 жыл.

Ай, заман-ай, заман-ай,  
Біреуге сокқан самал-ай,  
Біреуге тас қамал-ай!  
Шырмауыңа шырмалып,  
Таппаған айла, амал-ай.  
Шапқан шакта намысқа,  
Кешегі атыс-шабыста,  
Баянсызға бақ қонды,  
Күдайсызда тақ болды,  
Алды-артын ойламай,  
Шын байламын байламай,  
Талайлар оған жақ болды.  
Жақ болғанын айтайын,  
Асыл затын танымай,  
Пәтуаға жарымай,  
Біреуге біреу тор күрдь,  
Ойы пәсті зор қылды.



Жұртына салып ыланды,  
Күдікка жықты құланды.  
Тайдырып жолдан ұланды,  
Бауырына тартты жыланды,  
Ұмытып ата ұранды,  
Аяқ астығып “Құранды”.  
Камауға торға ұмтылды  
Даласын сүйген қыранды.  
Кешегі Құрмаш, мысалы,  
Куғын көрген құсалы,  
Камығып қан ішсе де,  
Тектіліктен жаңылмай,  
Иір еменге ұсады.  
Зорлықка беккен тәртіпке,  
Белсенді қортық-шәртікке  
Еңселі басын имеді,  
Болса да нақақ күйгені,  
Қатепті қара нар сынды  
Азапты ауыр сүйреді.  
Ақтың бағы ашылмай,  
Досы болып қасындай,  
Заман-ай тарлық жасадың  
Еңіреген ерге осындай.  
Қайсарыңды “қашқын” деп,  
Айтағыңды қостың кеп,



Қаңырады қу дала,  
Елден шығып босқын көп.  
Кездіктің жөні-ұстадан,  
Мәрттіктің жөні-нұсқадан,  
Атадан қалған ерлікті  
Құрмаштай болар ұстаған!  
Мойынға бұтау салдырмай,  
Басынған жауға алдырмай,  
Қам жасауы қабыланша.  
Тасынғанды оңдырмай,  
Мың күн қару жастанып,  
Бөріше жалғыз бастанып,  
Жүруінің өзі ерлік,  
Озбырлыққа қастанып,  
Уа, заман, сенен торығып,  
Алды-арты – ор, соны ұғып,  
Аты өліп, шөлдеп, әл кетіп,  
Дұшпанға қайта жолығып,  
Құрмаштай ерім налыған.  
Баз кешсе де жанынан,  
Мәргтігінен таймаган,  
Садақа айтып арынан.  
Жаракаттан қансырап,  
Жатса да зорға жан шыдап,  
Қаңғабайға тіл қатты



Жанына келген хал сұрап:  
“Қармансан, оғым жетеді,  
Атқаным мұрдем кетеді.  
Кан жүктеп енді қайтейін,  
Тірліктің кетті кетеуі,  
Таусылды дәмім, жалған-ай,  
Замандас едің, Қаңғабай,  
Жазығым жокты пендеге,  
Болмағай, күнәм Аллаға-ай.  
Канымды кәпір шашпасын,  
Мерейі иттің таспасын,  
Өзіме-өзіме қол салман,  
Қаңғабай, тыңда, бастасым.  
Озалдан жан ең сыйлаған,  
Бір оғынды қи маған.  
Тілегім осы ақырғы,  
Жанымды менің қинаған.  
Қалмайды қайда ғазиз бас,  
Болудан сақтан жаны қас,  
Бакиға сапар түсіп тұр,  
Қаңғабай, өзің жолымды аш”  
Осы бол сөзі ақырғы,  
Ажал кеп күшқан батырды,  
Топырак-торқа қаусырып  
Мәрттік пенен ақылды.



Намыс деп жанын қинаған,  
Озбырдан айыл жимаған,  
Осылай өлді бір батыр  
Маң даласына сыймаған.

Ту тұту иман, сенімін –  
Қасиеті дала ерінің,  
Корлықтан артық көрді ол  
Намысқа бакқан өлімін.

Заман-ай, саган не дейін,  
Жақсылар болды өгейін,  
Толмады қара көмейін,  
Сиқың обыр болған соң  
Ұжмакқа қалай тенейін?  
Толса да қеуде күйікке,  
Шын асыл басын иіп пе?  
Қапыда өліп кетсе де,  
Рухы қалды биікте!

Бұғінге – өткен баспалдақ,  
Оралғандай қашқан бақ,  
Өтсе де жылдар, есімің,  
Ер Құрмаш, тұрар аспандап.  
...Бұтіннің күйі бөлек-ті,  
Жасықты кімің елепті?  
Қамсаусыз біздің қазакқа  
Осындей ерлер керек-ті.



Келсе де басқа азат күн,  
Жеткізбес шегі азаптың,  
Ашатын бағын ер қайда  
Қаймана жұртым қазақтың?!.



## ҰРПАҚ МҰНЫ

*Тобанияз Элниязұлының руҳына*

Қайран баба, біз не көрдік, не білдік?!  
Бұтқа толып, жат косына жегілдік,  
Айтар жерде айта алмадық қорғалап,  
Шегіндік те... өзімізден жеріндік.

Уақыт өлді даурығудан, айтактан...  
Самғау қайда?.. Тақым тозды жортактан.  
Не сүрайсыз, қандай қайыр күтесіз  
Тегін білмес, жөнін ұқпас ұрпақтан?



214



Жылдар көшті, іздең журміз енді біз  
Асылдарды мыңға бірін бергісіз,  
Артыңыздан жоктаушың боп шыққанмен,  
Таптырмайсыз, жатқан жерің белгісіз.

Жала жабу, күйе жағу, арбаудың,  
Бәрі қамап, жағаңыздан алған мың,  
Торына сап шырмауыктай шырмаған  
Қараулықты, күншілдікті карғаймын.

Тайғақ кешу жолдан өтіп азапты,  
Қара нардай алға тарттың қазакты,  
Адайыңды көгеніне тізген соң,  
Өкіметің қас жау тұтып, өзі атты.

“Жазығың” сол – ел болуға үндедің,  
Көшелі сөз көкірегіне түйгенін,  
Қыран даусың құлағыма жеткендей  
Асыл бейнен түсіме еніп жүр менің.

Көшіп жылдар, ессе дағы сан ызғар,  
Әр тұлғаныз жүректе от бол жалындар,  
Сан ұстасып, жат қолына бермеген  
Манғыстауың саған мәңгі қарыздар.



215



Құпиялар жатыр, міне, ашылып,  
Жана талап үрпағың бар, жас үміт.  
Қайран ата, аруағынмен демей жүр,  
Рухыңа табынамын, бас иіл.

10.08.1993 ж.

## **ЕЛ БОЛАР МА ЕКЕНБІЗ?**

*(A. Солженицынның “Ресейдің көсегесін қайтсек көгертеміз?” атты мақаласына орай жазылған өлең)*

“Күшағым кең мына саки даламдай,  
Достығым тең алынбайтын қамалға-ай”  
Деп жүрді ғой адал көніл аңқаулық,  
Жан екенбіз жүрген әлі оянбай.



216

“Дала дархан, ал біз деген – бай халық”  
Деп көкідік мінбелерде шайқалып.  
Замананың дауылы кеп соққанда  
Оның бәрі құр сөз екен, байқадық.



Бекер демей, енді қалай айтайын?-  
Тұсті, міне, бір жыртыска байтағым .  
Табиғаттың апаты аз болғандай,  
Қайда қоям жат пигылдар айтағын?!

“Қазақстан – дос ұлттардың мекені”  
Деген сөздің кетті ме енді кетеуі?

Сықырлайды бабам тіккен ақ орда,  
Желпілдейді жел соққандай етегі.

Киянаты тұндырғандай құлакты,  
Өпірем-күш өктем сөзді ұнатты.  
Бір халықтың ата жұртын бөлшектеу  
Олар үшін көрпе құрау сияқты.

Бұған қалай шамырқанбас тереңім?  
Жан даусымдай жаңғырықсын өлеңім.  
Жер жоғалса бабалардың көзіндей,  
Болашакқа не деп жауап беремін?

Мыстан сөзді бойымызға дарытпай,  
Қараулықты қып түсер жарықтай,  
Егеменді ел болар ма еkenбіз,  
Іргесі нық, еңсесі тік халықтай?!

*Тамыз, 1991 жыл.*



217




## ТАПСЫРЫП КЕТЕМ БАЛАМА

Бұратана ғой деп сахарада жүрген сенделіп,  
Бауырыңа тартып, жеріме кірдің иемденіп.  
Төрімде менің шалжиып жатып алдың да,  
Төбеме шықтың тегімді төмен, кем көріп.

Жылан сұсына торғайдай бейне арбалым,  
Жайынды құттім, қамын ойламай мал-жаннның.  
Ата-бабамың тілі мен дінін ұмытып,  
Арағынды ішіп, мәңгіріп басым, сандалым.

Шежіре-тариҳ нұсқауынменен жазылды,  
Жонымды тосып, көтердім талай “назынды”.  
Откениң менен бүгініңді ылғи дәріптеп,  
Өзімнен бұрын алдыңа тостым барымды.



218

Көлеңкеңе ұқсап артынан қалмай жүрдім көп,  
Қара түнектей түлейдің сырын кім білмек?  
Ұлағатын жойып, инабатын қойып халқымның,  
Ұл-қызым шықты тіліңде сениң шүлдірлеп.

Ағасы, кешір, төзімнің түбін сарқыдым,  
Көкжиегімді құрсаудан енді аршыдым.  
Тарихын, тілін, аспанын, күнін корғаған  
Ата-бабамың жұртында қалған жаршымын!

Сөзбен-ак бүтін қолынды салдың жағама,  
Өзінді менің орныма қойып бағала.  
“Біткенше демін жерінді корғап өткін”, -деп,  
Өзімнен кейін тапсырып кетем балама.

Тамыз, 1991 жыл.

## ЕКІ БАСТЫ САМҰРЫҚ

*A. Солженицынга*

Сайран салған аспаны тұр тарылып,  
Қолдан кеткен қуатына қамығып,  
Тұғырында зәр төгеді шаңқылдал  
Атышулы екі басты самұрық.

Жиып бойға ашу-ыза, қаһарды,  
Билесем деп қайта жарты жаһанды,  
Сес көрсетіп, айға айбат шегеді  
Күнін аңсап қан қақсатқан нашарды.

Үстемдіктің уы улап санасын,  
Қызғанады көкбөрінің даласын,  
Алынбас шың енді оған өр Кавказ  
Жалғап жатқан екі дүние арасын.

...Ей, шау тартқан екі басты самұрық,  
Неге сонша шаңқылдайсың жанығып?  
Өткен күнің енді қайта оралмас,  
Бұл дүниеде басқаның да барын ұқ!

*Тамыз, 1991 ж.*



219



## БОСТАНДЫҚ ЖОЛЫ

Бабалар біздің ғасырлап күтті,  
Бостандық атты бұл күнді.  
Тажал талтаған дүрия дала  
Тозаңын қағып, сілкінді.

“Измдерменен” көңіл алдаған,  
Бозаң күндерге қош дедік,  
Тұқымын тұздай құрта жаздаған  
Тілімен бірге ұлтымды.

Шаңырағы қайта тіктеліп қалды,  
Шыркырап кеткен қазақтың,  
Тәуелсіздік қыны ед неткен?  
Таусылмас шегі азаптың.

220

Ес білген ұлдай, етекті жауып,  
Тастүйін болар кез келді.  
Шапағат нұрын тайдырмасын тек  
Тәнір сыйлаған азат күн.

Бостандығым-ай, тәй басқан күйде  
Сынақты кештің қаптаған,  
Жат пиғылмен шеттеген болды  
Ақ қадамынды даттаған.

Шалғайыңнан кеп олар алғанда  
Түнге айналған-ды күндерім.  
Жаманатың сенің естілер болса,  
Жүректен тиген оқ маған.

Бұл бостандық бақыт құс сыйны,  
Оңайлықпенен қонбайды.  
Қадірін оның ұға алмай жүрсек,  
Бәрінен бұрын сол-қайғы.

Жүрегі түкті бабаларымның  
Күреске толы жолы бар.  
Жаратқан ием бұйыртсын бізге  
Сол жолды адал жалғауды!

*Шілде, 1992 жыл.*



221



## ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАР

Отзыншы жылдар десе, ойсырап,  
Қаламын мен жанымды жеп сан сұрақ.  
Елестейді қалбаңдаған күзғындар,  
Өлік сасып, жатқан дала қансырап.

Отзыншы жылдар десе егілем,  
Қан тамған ғой қазағымның көгінен.  
Маң далада маңып көшкен аш-арық  
Безіп кеткен туып-өскен жерінен.



222

Бұл жылдарда таусылмайтын нала бар,  
Жетім қалып, аштан қатқан бала бар.  
Бауыры күйіп, аныраған ана бар,  
Қайраны жок жер шұқыған дана бар.



Бұл жылдарда қорлық көрген текті бар.  
Жау атанип, кыршын кеткен кекті бар.  
Үш миллиондай жазылмайтын жараның  
Әлі есебін түгендеуде жоқшылар.

Адыра қап өнеге мен өсиет,  
Адамнан да жоғалған шақ қасиет.  
Қарадады, ұстап берді бір-бірін,  
Отызыншы жылдарды айтса – қасірет.

Эн де қашып, сән де қашып далаңнан,  
Мыңғырған мал жылыстаған кораңнан.  
Дүниеге тоз-тоз болып таралған,  
Бауырларың бүтін, міне, оралман.

Өз жолында тіреліп сан тұйыққа,  
Ауыр сынды арттың халқым, иыққа,  
Зұлмат тиіп зарлатқан сол қаралы  
Отзынышы жылдарды еш ұмытпа!



# ЕЙ, МАНГЫСТАУ, МАНГАЗЫМ

*Оразмағанбет Тұрмаганбетұлына*

Мың тарам жол,  
Мың қыстау,  
Әулиелі Манғыстау,  
Ақпаратыңды барлап ем,  
Көкіректі мұн құшты-ау!  
Зұлмат келіп сайтаның,  
Құтырынған айтак үн,  
Тентіреген текті ұлдар,  
Қара киген байтағым.

Тәнті қылған нешені  
Оразмағанбет өткен көшелі.  
Тұнергендерге түнекте ол  
Шұғыласын шашқан деседі.


Ақылын тұпсіз телегей  
Жүріпті көпке себелей,  
Білім мұхитын кешіпті  
Көк сенді бұзған кемедей.  
Дергін де түрін емдеген,  
“Бұл аймак – мұнай, кен” деген,  
Сұм жалған, сені қайтейін  
Сол ерге опа бермеген?  
Жігерін бұғау жеңбеген,  
Жарық жұлдыздай сөнбеген.



Оразекемдей болар хас батыр  
Өлтірсе дағы өлмеген!  
...Ей, Маңғыстау, маңғазым,  
Мұн-зарыңды қозғадың,  
Талапайға сан түскен  
Аруанам-ай, боздадың.  
Ерің елдің есінде,  
Елің заман көшінде,  
Абайлашы, жазғаным,  
Тағы ұрпағың өсуде.  
Ей, Маңғыстау, маңғазым...



225



## **ҚАРЛЫҒАШЫМ- ҚАРЫНДАСЫМ**

Шын сүйген мөлдір аспанын,  
Жер-суын, тауын, тастарын,  
Куанып тұрам көргенде  
Даламның қарлығаштарын.

Желтоқсандағы ызғарда  
Шарқ ұрған рухы құздарға,  
Мен сонда тәнті болғанмын  
Каракөз казак қыздарға.

Жақын туған-ау жанымға,  
Салкам даламның бағына,  
Ризамын, тәнір, ризамын  
Осы екеуінің барына.

Жел канат қарлығашым-ай,  
Елге абат қарындасым-ай.  
Даламның құты – өздерің,  
Қағындар канат, жасымай!

## МЕНІҢ ІНІЛЕРІМ БАР

Жаңаөзен жастарына

Әмірдің сырын бізден де жете түсінген,  
Шарболат сынды, дей алмас ешкім күшін кем,  
Төрешілдікті тамырыменен қопарып,  
Әміршілдікті таптауға бейіл ісінген  
Менің інілерім бар!

Түсінбегенге күрмеулі түйін шешілмес,  
Арамдық тіпті бойынаң таппас еш үйлес,  
Әулиесі мен жер киесін бәрінен қояр жоғары  
Кор тұтар болсан қешірмес  
Менің інілерім бар.



227



Күн кешпеген бұқпалап, себеп-септікпен,  
Жігері жанса лаулады, сөнбес өрт тіптен.  
Бірімен-бірі қайратын сынар бәс тігіп  
Өледі өлсе мәрттікten,  
Менің інілерім бар.

Шырқыраған тілі-ділін, дінін сауғалап,  
Мәңгүрттікпен ұстасуда дауға қап.  
Қолынан бұрын шығарып алған асылын  
Ала алмай жүрген саудалап,  
Менің інілерім бар.

Биікжал бабаларыма ұсаған,  
Жетесіздікті өрелі сөзбен тұсаған,  
Ұрпағының азғанын көзбен көрсө егер,  
Жарылып кетер құсадан  
Менің інілерім бар.

Жұлдыздайын жарқ етер ертең көгіме,  
Намысты беріп, кір келтірмейтін тегіме,  
Болашағыма қорған болатын нақ солар,  
Дақ түсірмейтін төріме –  
Менің інілерім бар!..

*11.09.1990 ж.*



*228*



\* \* \*

“Я не люблю насиљя и бессиљя”

Владимир Высоцкий

Сүймеймін елді – дәuletі асқанмен,  
ішінен іріп, сөгілген,  
Бөріктісі көп кеудесі қуыс,  
құлқынын ойлап, жегілген,  
Кара басы үшін тегінен безіп,  
ділін ұмытып, жерінген,  
Алшаң басқанмен, ездігін  
артық көретін өлімнен.

Сүймеймін елді – ірі болғанмен,  
зорлықтың дәні себілген.  
Әлсізге деген мейірімнен ада,  
ар менен иман көмілген.

Діттегені – жымыскы сұмдық,  
сөзі мен ісі бөлінген,  
Қайғының бұлты түмшалап көгін,  
накактың қаны төгілген.

Сүймеймін елді – ұрпағы жасық,  
киыннан қашып, безінген.

Ақыл- ойына әзәзіл еніп,  
ындыны құрып көз ілген,  
Бір-бірін күндең, бөтеннің  
табаны астында езілген,  
Жұрдай боп өскен ел менен жерге  
махаббат деген сезімнен.



229



\* \* \*

“Бас-басына би болған өңкей қиқым”

*Абай.*

Өзің болсаң жұртыңды аярың шың,  
Кей қылышын көргенде жанады ішің.  
Сен кеткелі дүние өзгергенмен,  
Қоя алмай жүр қазағың баяғысын.

Өсек- аяң, дау-дамай, елдің іші,  
Сөз ұқпайтын сергелден – үлкен-кіші.  
Қаперіне ел болу кірер емес,  
Ақсал жатыр сондықтан ортак ісі.



230

Талайлар жүр аузымен орып орак,  
Ондайларды әділге, акқа балап,  
Қолтығына дым бүркіп, өзеурер жүрт,  
Ойлы жанды санатта жоққа санап.



Бір-біріне жауығып, шеттеп шығып,  
Қызыл итше күншілдік ішінде ұлып,  
Өзін кішік санайтын пенде болмас,  
Кеуде қағып, бәрі жүр мықтымынып.

“Ел болар – деп – қазағым енді қайтіп?”

Азабын мұн-қайғының жүрекке артып,  
Бізде бір күн пәниден жоғалармыз,  
Сөнген шоқша таусылып, айтып-айтып...

22.11.1993.

## ШЕТЕЛДЕН КЕЛГЕН ҚАНДАСҚА

Кезің көп-ау басынан құт аунаған,

Ошағында от бықсып, тұтанбаған.

Қазақ деген болса егер алып емен,

Балта-заман аяусыз бұтарлаған.

Бұтарланған бұтактан көктедің де,

Төтеп бердің тағдырдың өкпегіне.

Бүршігінді қызғыштай қорып бақтың

Жетсе екен деп көкпенбек көктеміне.

Көктем, мынау-топырак емен өскен,

Төсінен саған дәру-самал өскен.

Тамырынды жібер де тереңіне,

Тыныста қуат тауып уақыт-көштен.



231



Қатал заман кәрінен шетке айдалып,

Кезінді ұмыт аулакта өткен налып.

Жат топыракта бұтағың бүр жарғанмен,

Тамыр тартып, емен боп өспейді анық...

## КОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ

Ак жолыңды кескенмен талай құзғын кеп,  
Әз-Наурыз, сені ұстай алмады тізгіндеп.  
Серпіліп тұман, құрсаулар қалды қақырап,  
Той болып енді қыырдан жеттің бізді іздең.

Саумалдай лебің дүниені түгел аралап,  
Жер-Ана, міне, көрпесін жатыр жаңалап.  
Наурызым келді, күтеміз аппақ ниетпен –  
Бабадан қалып, жоғалмай жеткен аманат.

Зіл бұлтты айдал, көңілімді келдің өсіре,  
Тұледі тірлік, ілесіп уақыт көшіне.  
Айдай аспаным арай күніммен зерленді,  
Наурызым келді, жерге – құт, елге – несібе.



232



Өзінді күтіп, құллі әлем бүтін тұр қарап,  
Жаркыра, наурыз, сәулелі мың сан нұр тарап.  
Жаңа жыл- сенсің дүниені қайта жаңғыртқан,  
Жыл басы- сенсің, басталмаса да күнпарақ.

Шапағатыңмен табиғат қайта көгерер,  
Сен қуат берсен, киындықтарды жеңеді ел.  
Жаксылығың мен тоқшылығыңды қанат қып,  
Наурызым менің, айналып жылда келе бер.

1994.ж.

\* \* \*

Кош келдін, Наурыз, жана жыл –  
арай күнімнің бастауы.

Қарлығып қалып, әуелеп шыкқан  
бабамның бейне дастаны.

Сөгіліп төсі көкжиегімді  
тұмшалап келген құрсаудың,  
Күлімдеп жерге қарайды бүтін  
казақтың саки аспаны.

Көктеме болып, көгімнен сонау  
жеріме дәру тамып нұр,  
Көсіліп, міне, құшағын жайды  
пейілім сынды алып қыр.

Құба белдерден сүйінші сұрап  
торғайлар ұшты пыр-пырлап,  
Құбыладан ескен мақпалдай самал  
дауадай бойға дарып тұр.



Келгенде өзің қала мен дала,  
дүниенің бәрі шат қандай!

Қосылып алып, тыныштық үшін  
ұлы той жасап жатқандай.

Бабамнан қалған ғұрыптың асыл  
тізгіні тиіп қолыма,  
Жүрегім менің алғы күндерге  
медет пен сүйеу тапқандай.

Наурызым-мейір-шаттығым менің,  
сазыңнан тайма жаңылып,  
Көктеме сайын күтейік сені  
бәйшешек гүлмен сағынып.  
Қазақтың мынау байтақ даласы  
бозаң жусанын жамылып,  
Нәріңнен сенің бір тұлеп қалсын,  
бойдағы дерттен сауығып!..

**16.03.1996.**



234



\* \* \*

Жүйрік жылдың белгілі гой тұрмасы,  
Келді Наурыз, келді, міне, жыл басы.  
Кәрлі қыспен қоштасуға асығар  
Қазағымның қашаннан ол мұндасы.

Наурыз келді шұғыла бөккен рені,  
Жан иесінің бұл айды хак сүйері.  
Жанағана бүршік атқан тірліктің  
Мандайынан күннің нұры сүйеді.

Наурыз келді, түрлене ме әз-далам?  
Шіркін, жаңбыр жауар ма екен аздаған.  
Аруана-қыр алауласа күні ертең,  
Менің жаным бота болар боздаған.



235



Күс әніне толып кетті бау, дала,  
Көктем лебі сезіледі қайда да.  
Кәрі терек дәурені өткен карт сынды  
Самал желге бас изейді жайғана.

Наурыз келді, жыл есебін бастады,  
Мәре-сәре тойлап жатыр жас-кәрі.  
Тойлап жатыр, ал төбеден мөлдіреп  
Қарайды кеп туған елдің аспаны...

## ЖАСА МӘҢГІ

Тобын құрып, туын тігіп сан қауым,  
Өршіткенде дүшпандардың айтағын.  
Амандықпен атсын дедім әр таңын,  
Кайран жұртым, Қазақ елі-байтағым!

Анашымның әлдінен есіткен,  
Ақ сүтімен жанға сіңген бесіктен  
Сендік тілдің әр қадамын дэт тұтып,  
Бірге онымен келемін мұн кешіп мен.



236

Қыскан кезде замананың құрсауы,  
Ақыл-ойдың керек кемел шырқауы.  
Кезің келді елдігінді ойлайтын,  
Бөрі байрак ер түркінің ұрпағы.



Кезің келді, бағытыңды он ұстан,  
Кайсарлықты каруғып ал, намыстан,  
Бүгінгідей жадау күйден арылып,  
Қазақстан болсын десен Қақстан.

Жайынды ойлап, өзімді-өзім қажадым,  
Сен мұңайсан, төмен түсті назарым.  
Бақытым сол – сенің айдай ажарың,  
Жаса, мәңгі, туған халқым, қазағым!

10.05.1993 ж.

## ЖАСАЙДЫ ҚАЛА

*Форт-Шевченконың 150 жылдығына*

Жаңғырыл қайта ежелгі баба тұрагым,  
Нұрланған көңіл ерітті мұнның қырауын.  
Қара тасы да күнгірлеп тұрған сыр айтып  
Қасиетін ұқпай келіппіз асыл мұраның.

Жарқ-жүрк еткен әсірелікке малынбай,  
Килы күнде де жолынан ақтың жаңылмай,  
Шанырағынан сан отау бөліп шығарған  
Ақкетік\* бейне тұбектің текті шалындай.

Еңсесін езіп жылдардың зілді салмағы,  
Демендер “неге құлашын кенге жазбадың?”  
Кішкене қала үлкен тарихты арқалап,  
Бүтінге жетті – жұлдыз бол, бағы жанғаны.



237



Уақыттың тезі талайды тоз ғып, кетті үгіп,  
Жасайды қала, көнілде оған жоқ құдік.  
Жасайды қала, ертенге оны жеткізер –  
Өр ұлдарының рухындағы тектілік.

\*Ақкетік – Форт Шевченко қаласының көне атауы

## ТУҒАН ЕЛІМ

Тұған елім, арқа тұтар асқарым,  
Жырға қоссам – таусылмайтын дастаным,  
Аясында сендік қамқор құшақтың  
Нұрға оранды аспаным!

Сеніменен – дархандығым, кеңдігім,  
Сеніменен – асу бермес өрлігім,  
Арта түсер мерейім мен тендендігім,  
Бәсек тартпас мендік үн!

Тұған елім, бір ұлыңмын мен сенің,  
Саған сенем, мені қолдар сол сенім.  
Ана болсан, мен – бір тамшы қаныңмын  
Дала болсан, мен – бөлінбес бөлшегің.

Шуағын бар жүрегімде, санамда,  
Гүл бітеді сенде жүрген қадамға.  
Шаттанамын сені өрлеткен заманға,  
Бір сен үшін мактанамын ғаламға!

## МАҢҒЫСТАУ

### 1. Экелниң жырсы


Кейде тыныш, кейде соғып жағаны,  
Өмір – өзен тыншу таптай ағады.  
Сенсіз, міне, қасиетті Маңғыстау,  
Тағы да бір жазым өтіп барады.

Алтын күннің арқандаулы жоғары  
Ыстық демі ұмытылған жоқ әлі.  
Атыраудың толқынындай лұпілдеп,  
Бойымдағы қан тамырым соғады.

Алдағыны білмес тағдыр безбені,  
Зұлмат келіп, еңсемізді езгені.  
Тұған жерім, бейуакта сағынып,  
Ойлайсың ба алыс кеткен “кеzбені”?

Бір киянға түзеп алып бетімді,  
Кетіп едім қыран құсың секілді.  
Қырларыңды әлі кезіп жүргендей  
Шалдуарлау кара бала кекілді.

Бәрі де бар, жайым жақсы, кош күнім,  
Сенсіз бірақ көнілімді басты мұн.  
Неге десен, қасиетті Маңғыстау,  
Қалды сенде мөлдіреген жастығым.



Эулиелім, сені ойлаған кезім көп,  
Тұған жерден безбүйрек жан безінбек,  
Көз алдынан жазым көшіп барады,  
Жастық шағым және дағы өзің бол...

## 2. *Менің жырлып*

Маңғыстаudem, сен деп соғып от-жүрек,  
Көкірегімді бір құштарлық тепкілеп,  
Мен асықтым бір өзіңе жетсем деп,  
Серік болды үміт, сенім, ақ тілек.



240



Маңғаз өлке, менің алтын кенішім,  
Сен деп келдім қанат қақсам – өрісім.  
Алға қарай аппаратын ұрпақпын  
Бабалардың бастап берген өр ісін.

Иә, солай, шежірелім сындарлы,  
Парыз білем өзің жайлы жырлауды.  
Саған деген махаббатым кеудемде  
Бүршік аткан енді, міне, гүл жайды.

Күннен-күнге сен жатқанда жаңғырып,  
Мен қуандым жанарымда таң күліп.  
Саған әкеп мені жіпсіз байлаған  
Арамызда махаббат бар мәңгілік.

25.10.1985 ж.

## КАСПИЙ ТЕҢІЗІНЕ

Беу, Каспийім, баба текті айбарлыым,  
Бастауы сен мендік шабыт-қайнардың.  
Жағаңа кеп тағы, міне, отырмын  
Басын құрап жазылмаған ойлардың.

Жүргегімді өлең-асау мазалап,  
Бос өтсе күн өзімді іштей жазалап,  
Саған келдім күйкі ойлардан арылып,  
Сарайымды алу үшін тазалап.

Нәзіктік пе жұрт үқлаған жайды ұғам,  
Сәл нәрсеге қуанам да, қайғырам.  
Саған келдім жігер берер дедім де,  
Бабалардың көзін көрген бай мұрам.

Өмір деген қын екен, мұнайтты,  
Түсінер деп сенген досым сын айтты.  
Саған келдім, шағаладай шарқ ұрып,  
Ақ толқының көнілімді тыңайтты.

Саған келсем, қаяу-мұнды жеңемін,  
Өз ісіме, жеңісіме сенемін.  
Сондыктан да, Атырауым, мен сені  
Ой қосатын қарт бабамдай көремін.



## АЛДАСПАНДАЙ ЖАРҚЫЛДАҒАН ЖАҢАӨЗЕН

Табанында – дариясы мұнайдың,  
Көкірегінде – асқақ рух, қырау мұң.  
Көзі қырын түсті ме әлде құдайдың,  
Сәнің қайда, әнің қайда, шырайлым?

Қабыргасын сөккендейін тамұктың,  
Көзі болып тұнді тілген жарықтың,  
Күллі әлемге кеткен тарап даудысың  
Ұранындағы қазак деген халықтың.



242



Өршіл едің, елдің мактан сөзі едің,  
Бүтін сенің талғандай ма өзегің?  
Келер әлі, келер талай кезегің,  
Алдаспандай жарқылдаған Өзенім!!!

*Қантар, 1990 жыл.*

## ПАРИЖІМ МЕҢІҢ – ЖАҢАӨЗЕН

Мактады деме қаласын бастан асыра,

Ыстық ұясын балар жүрт астанасына.

“Парижім” менің – Жанаөзен деймін мен ылғи

Өзінді теңеп француздың бас қаласына.

Маусымда сонау төсінен жалын ұшқанда,

Жігерің көкте жасынмен шағылысқанда.

Жетіп ем саған, он жылым бірге өтіп еді

Парижге тенеу өзінді сағыныштан ба?!

Кіші болсан да Парижден, кейпің бар аскак,

Досынды коштап тұрғаның, жауынды жасқап.

Дала-мұхиттың қалқыған ақ кемесіндей

Жарқын күндерге барасын оң сапар бастап.



243



Күңгірлеп, мейлі, күмбезің көк тіремесін,

Мұнараларың көзді арбал, бұлт күремесін.

Сонда да маған сен болдың Парижден қымбат,

Өзіңе менің әрдайым ақ тілегім шын.

Өзенім менің, далама шырай бергенім,  
Шыныраудан тарттың толқыған мұнай керуенің,  
Француздың емес, білсендер, менің Парижім  
Шабыт жырына бөлөнген мынау кеудемнің.

Парижге теңеп, жүргем жок өзім түсінбей,  
Жұмыскер кейпің елестер көзге мұсіндей.  
Бір саған деген жүректе аппак сезім бар,  
Келемін әлі мен оған қылау түсірмей.



## ӘН ҚАЛДЫ АЙРАҚТЫДА\*

Әбілқайыр Спанга

Ұрпаққа сайлап мұра,  
Жүргенде... жайратты да,  
Асаудай бұлқынғанда  
Ән қалды-ау, Айрактыда.

Серпіліп бұрынғы рай,  
Төккенде нұрын Құдай  
Сол бір ән қалықтар ма  
Өр үнмен бұрынғыдай?

Ойыңды кек пісірген,  
Сол әннің жоқшысы ең.  
Далаңның күтері көп  
Өзіңнің текті ісінен.

Заман саз қайраттыға,  
Алдында әруак-мұра,  
Шырқай түс сол бір әнді  
Жоғалған Айрактыда...



245



\*Айракты – Маңғыстау жеріндегі отызынышы жылдар  
щиматында тұрғындары аштан қырылған, тірі қалғандары  
босып кеткен қоныс

## АРДАГЕРЛЕР

Елес берсе өткенің, маздап қалың ой,  
Шүкіршілік айтасың, аздап налып-ай.  
Опатты жылдардың тірі куәсі  
Ардагерлерім, боздақтарым-ай!

Еліңе сыйлап көрікті ертең,  
Болдыңыздар ғой әр сертте бекем.  
Сіздер жасаған өшпейді ерлік  
Жауды күйретіп, жеңісті әкелген.

Жүйткіді жылдар ашып араны,  
Бүгін көгімнен зіл бұлт тарады.  
Ормандай ерден қалғандарым-ай,  
Қатарларыңыз сиреп барады.



246



Бізді аландатса жайлар бұрынғы,  
Тарта алармыз ба артар жүгінді?  
Мұра ғып бізге қалдырып кетші  
Парасатыңды, қайсарлығыңды.

Сіздерсіз біздер бак таппайтындей,  
Киындық алға аттатпайтындей.  
Жүре тұрындар ескенше ұрпак  
Орындарыңды жоктатпайтындей.

## АРМАН-САҒАТ\*

Мен туған жер –станса Арман-сағат,  
Сокпак-жолым шығыпты содан тарап.  
Еске түссе, көзіме елестейді  
Кішкене ауыл мен жакқа қалған қарап...

Жоғалтып, ал табуды арман санап,  
Бұл атты қойды ма екен Арман-сағат?  
Тәй басып, бала болып ойнаған жер,  
Білемін, өзінді іздел барған – сауап.

Жоксың сен мендегі бар құжаттарда,  
Сыздайды жүрегімде сызат қана,  
Бара алмаймын, бөтен ел, шекаралы,  
Алып қашты тағдырым жырақтарға.



247



Бұл үшін негіз де жок түнеруге,  
Тәусліздік жаныма нұр егуде.  
Көне жұрт кіндігімнің қаны тамған,  
Атауың жазулы тұр жүрегімде.

Аталған мен туған жер Арман-сағат,  
(Кім екен бұл атауды алған қалап?).  
Көзіме елестейді кішкене ауыл  
Сонынан қимас жандай қалған қарап...

\*Арман-сағат – түркімен етіндеңі тәміржол станасы

## ШІЛДЕДЕГІ НӨСЕР


Кеткен-ді көктің түсі онып,  
Қазбауыр бұлттар жауа алмай.  
Төбеде от-күн тұсалып,  
Кірпігін каклай қадалды-ай.

Осынау шақта андысқан  
Шаптығып шықты бір күйин,  
Екпінмен ерек шаң құсқан  
Желпіді көктің тұндігін.



248

Каптады бұлттар атойлап,  
Аспанды алды көмкеріп.  
Көкжиекте жатты от ойнап,  
Жатқандай тауды төңкеріп.



Көк жүзі кетті шатынап,  
Найзагай – ұшқын от бейне.  
Дүрлігіп қалды атырап  
Шуылдалп нөсер жеткенде.

Тұскендей көктен күткені  
Жадырап қалды бар маңай.  
Тал, терек бойын тіктеді,  
Серпілді дүние, жалған-ай.

Мұнардан аспан тазарды,  
Тұр еді көптен ашылмай.  
... Болар еді өмір базарлы  
Нөсерлер соқса осындай.



## АТБАСАР ВОКЗАЛЫНДА

Ақырып тұрған алай да дүлей акпанда,  
Дес бермestен көк мұзбенен ақ қарға,  
Атбасар келіп, солығын басып көп тұрды  
Біз мінген поезд Астана бара жатқанда.

Өтпесе уақыт, жаныңа жылжып қонар мұн,  
Терезесінен караймын сыртқа вагонның.  
Көк кептерлер жайлаған вокзал шатырын,  
Ал уілі басылар емес боранның.

Кептерлер отыр шатырдан ұзап кете алмай,  
Осынау вокзал оларға туған отандай.  
Шағала сынды мен келемін шарқ ұрып,  
Үш тәулік бойы өз Астанама жете алмай.

250  
Сап, сап, көңілім, Астана біздің тұр алда,  
Нокаттай сіңіп кетерміз аппак мұнарга.  
Боранды жарып ұмтылған біздің көңілді  
Кептерлер түгілі адамдар мына ұғар ма?

Намысты ерге болмайды эсте бас бақпак,  
Шағылса-дағы жанардың оты жасқақтап.  
Қынды жеңіп, киырдан ылғи жетермін,  
Алдыннан сонда, Астанам, шықшы асқақтап!

15.02.2000.

# АҚЫН ЕСЕНҒАЛИ БӨКЕҢБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУ

(Тұганына 90 жыл толуына)


Ес білген шактан өлеңге көnlім бұратын,  
Табатын сынды тек содан ғана мұратын.  
Мұнымды сезген әкем бір тойда көрсетті:  
«Анау тұрган деп Шағадамдағы дүр ақын».

Буыны қатпай жетімдік көрген, жетілген,  
Он сегізінде жоюға жауды бекінген.  
Ақынмен содан ағалы-іні боп кеттік  
Бір жүрген күндер кетпейді әлі есімнен.

Майдангер екен, Отаны үшін от кешкен,  
Барлаушы болты, ажалмен талай беттескен,  
Қаза тапқанын көзімен көріп Мәншүктің  
Қанқұйлы жаумен бітіспейтіндей кектескен.

«Откеріп бастан небір сұмдығын соғыстың,  
Жеттім мен елге солдаты болып Женістің.  
Өрісін аңсар аруана сынды арқырап,  
Маңғыстау барып, Сәтекенменен көрістім».

Деуші еді ол ылғи, шабыттан көзі шоктанып,  
Сол сапарында Сәттіғұлдан бата қайтты алып.



Шағадамда аға шалықтап жүрді қырандай,  
Қазак, түрікменнің ықыласынан бақ тауым.

Теңізші-ерлерге «Тоғыз қайығын» арнады,  
Қайғыланғанды рухтандырды, қамдады.  
Өз ғұмырында халқымен біте қайнасып,  
Жақсылықтың жаршысы болып, корғады.

...Тұрмайды баста, бұл жалған сірә, өтпелі,  
Сусиды жылдар арадан ақын кеткелі.  
Жыр-толғаулары өзі боп елді кезіп жүр,  
Бұл дағы оның көп жүрегіне жеткені.



## ТУҒАН ЖЕРДІ АҢСАУ

*негесе ақын аға Есенғали Бекенбаевқа хат*

Аман да есен жүрмісіз,

Есенғали ағамыз.

Алыста жүрген ініңе

Шайырлардың ішінен

Өзінің артық бағаныз.

Соңғы жылдар, жан аға,

Ақтау деген қалаға

Көшуді бізге нәсіп қып

Алыстап кетті-ау арамыз.

Маңғыстау болды тұрағым,

Өлеңнен өрнек күрадым,

Алыста сенен жүрсем де,

Ауылдан келген адамнан

Хал-жайынды сұрадым.

Шабысы бөлек дүлдүлім,

Екпіні катты жүйрігім,

Сағыныш жырын жолдадым,

Шабыттың ашып түндігін.

Толқындаі көкке ыршыған,


Тыңдаған көңіл тыншыған.



Ел ішін кезген кезімде  
Жырларыңды естіп шаттаным  
Термеші менен жыршыдан.  
Сөзіңің ұқса байыбын,  
Өзіңсің асau Жайығым.  
Тындаушины тебірентті,  
Қайғылыны еніретті  
Эйгілі “Тоғыз қайығың”.  
Жөргекте жырдан от алдым,  
Жиырмада сенен бата алдым,  
Отыз жасқа келгенде  
Ойын- тойға сән беріп,  
Өлең сөзге әр беріп,  
Ақыны елдің атаным.  
Еңбек еттім баптанып,  
Жүрмін содан бақ тауып,  
Халыққа жазған жырларым,  
Жүректен шыққан сырларым,  
Басылды таска, катталып.  
Қияға тартып жүрегім,  
Шарлап кетті жыр елін.  
Алыста дәйім журсем де,  
Шағадамдағы абызым,  
Күйіне келген кобызым,



Ақылшым менің Ес-ағам,  
Саулығынды тіледім.  
Бірақ та жөні, ағажан,  
Бөлек-ау, тұған ауылдың,  
Ауылда жауған жауынның,  
Ауылда соққан дауылдың,  
Күннен-күнгे жат болып,  
Алыстап қалған бауырдың.  
Шағадамды жайлаган  
Казак-түркмен қауымның.  
Елге ырыс, құт болған,  
Шұбалған Құба тауымның.  
Сағым кезген белдерім,  
Боз жусанды жерлерім  
Бірге жүріп, бірге өскен  
Қатар да құрбы тендерім.  
Бір көрүте асық бол,  
Дидарыңа шөлдедім.  
Бала бол жүрдім Ақтаста,  
Жігіт бол бардым Бекдашқа,  
Қырандай канат комданып,  
Қайта-қайта толғанып,  
Кеудемнен өлең ұшырдым  
Гюшадағы көк таста.




Тартатын қайсар дала ұлын,  
Кошоба, Хасан, Шағылым,  
Кұлымаяк, Жаңғакта  
Сыралғы достар көп еді  
Қыздырган еңбек дабылын.  
  
Куанып бұрын айтарым,  
Мұңайып бүтін айтарым:  
Суалған айдын тола ма,  
Ақку-каз қайта қона ма?  
Қарабұғаз – байтағым!..  
  
Осыларды ойлад жабығып,  
Аулакқа жіпсіз танылып,  
Ес-ага, сізге хат жаздым,  
Сағыныш бұлтын жамылып,  
Ініннің өзің жайын ұк...

5.05. 1988 жыл.



256



## АҚЫН ІНІМЕ

(Есенгали шайырдың жауабы)

Сағынып, бізге жолдаған,  
Хатынды алдым, Темірім.  
Мекендердің, дәм тартып,  
Маңғыстаудың өнірін.  
Халық үшін туған жігітсің,  
Жемісті болғай өмірің.  
Өлең болды өзіңің  
Ажырамас серігің.  
“Ауылдан ұзап кеттім”- деп,  
Бұзылмасын көнілің.  
Дос табылмас дейсің бе,  
Жақсыларға жақын боп,  
Таба білсең көнілін.  
Ақындар қайда жүрсе де,  
Кызметін етпек елінің.  
Арманы болмас адамның,  
Ақтаса елдің сенімін.  
Тоғышар мен менменнің  
Баса білсе желігін.  
Қамқоршысы халқының  
Қындықтан қаймығып,  
Іздемес істің женілін.



257



Елің мен жерді сағынған,  
Мәнісін ұқтым хатыңың,  
Қысқаша жауап берейін,  
Иесі деп ақылдың.

Білмейтін де бар болар  
Іштегі ойын ақынның.

Бейбітшілік дәуірде  
Айыру қын арасын  
Корқак пенен батырдың,  
Тентек пенен макұлдың.

Қасымызда жоктығын,  
Алыста жүрсек, білеміз  
Жаны ашитын жақынның.

Темір інім, шүкір ет  
Манғыстау мен Жаңгакқа  
Танылғанын атыңың.

Отыз жасқа келгенде  
Ақыны болдың халқының.


Журналист болып Одакқа  
Жауапты іске тартылдың.

Бұрылышты қарсы алып,  
Жаршысына айналдың

Социалистік салтымның.

Іңкәрі болдың бұл күнде  
Мұндағы дос-жар, артыңың.

Өнегелі өмірдің  
Көшбасшысы болуға  
Ұшатын құстай талпындың.  
Жерлестерің біледі  
Қымбаттығын нарқынның.  
Екеу болса, бірі өзің –  
Көңілі ашық-жарқынның.  
Ақын інім ардақты,  
Өзіне үміт артады  
Атырау мен Жаңғакты.  
Албырттықтан арылып,  
Болатын кезің салмақты.  
Қияға ұшқан қырандай  
Танитын кезің жан-жакты.  
Ел аузынан түспейсің,  
Болсан әкын сандакты.  
Шамаң келсе, ұмытпа  
Ата жолы, бұрынғы  
Қасиетті әруакты,  
Елдігімді жоғалтпай,  
Батырған жауға бармақты.  
Алатаудан асырған  
Қалдан Церен бастаған  
Атышулы қалмақты.



Ақындық – өнер киелі,  
Кез келгенге қонбайтын.

Ақын деген-әулие  
Келешекті болжайтын.

Қисыныңды түзетіп,  
Тура жолға жолдайтын.

Жауыздықпен жаны қас,  
Әділдікті қолдайтын.

Нағыз ақын – шежіре  
Ел өмірін толғайтын.

Білімді ақын жазбайды  
Парасатсыз өлеңді

Көңілің көншіп толмайтын.  
Дана ақынның сөздері

Бәйтерекке мензейді  
Гүлденсе – семіп солмайтын.

Адуынды ақындар  
Серпілте білер әп-сэтте

Қайғының бұлтын торлайтын.  
Саған да, Темір, сенеміз

Эйгілі ақын болар деп  
Ел намысын қорғайтын.



260



01.08.1988.

*Ақтау-Шагадам.*

## ДАЛАМЕН СЫРЛАСУ

Далам-ай менің,  
Көсілген көркем далам-ай,  
Көргендей алғаш, қуанып тұрмын баладай.  
Елжіреп тұрмын, қасиеті күшті тұған жер,  
Сен маған емес, мен саған баки анадай.

Қуанбай қайтем, дым тамбай талай көгінен,  
Мамырда тіпті отты леп есіп демінен.  
Кенезем кеуіп, қосыла саған шөлдедім,  
Кішкене ғана бөлшегің болып сенің мен.

Тамшысын таппай жаңбырдың осы өнірден,  
Балауса шөптер эп-сэтте солды-ау көрінген.  
Сонда да болса сенімен қоса егілгем,  
Кезім жоқ менің, маң далам, сенен жерінген.

Бұтінде мынау есесін алып сан жылдың,  
Дүрия далам, бойжеткенге ұқсал сән құрдың.  
Алғысың көп-ау науырыз бенен сәуірге,  
Рәтін көрдің көктемде жауған жаңбырдың.

Қараши, міне, жас жусан жарды бүршігін,  
Қырыңды кезіп, жинадым гүлдің мың түрін.  
Шаттығың болып бозторғай үшты пыр-пырлап,  
Әніне салып, алмай жүр шіркін бір тыным.



Жарықтық дала, қайнары асқақ шабыттың,  
Сен маған бүгін ерекше рай таныптың.  
Гұл тұнған қырда шалғынды кешіп тұрып мен,  
Қымыран жырды жүрекке құйып алыптың.

\* \* \*

Шіркін, менің даламның ауасын-ай,  
Жанға шипа, жүрекке дауасы бай.  
Көлбендеген киырға көз тастасаң,  
Дала текстес таусылмас табасың ой.



262

Кол бұлғайды қыз етек қырқаларым,  
Әр шоқыдан шежіре-сыр табамын.  
Бозторғайлы бозаң қыр – туған дала,  
Сенсің менің айтар жыр, шырқар әнім.



Шуағына даланың шомыламын,  
Мауыт түнін көрпе ғып жамыламын.  
Әйткені, мен түзде ескен тағыдайын,  
Көрмей жүрсем, даланы сағынамын.

Сағынамын, ұзасам жабығамын,  
Дала – үйімдей, аспаны – шаңырағым.  
Менің алтын қазығым – о, туған жер,  
Кастер тұтып, өзіңсің табынарам!

\* \* \*

Сайын дала, көктемгі көркің ғажап,  
Тұсқиіздің түрленген кейпінде алап.  
Бозаң жусан желкілдеп, дәңгеленген  
Қарияның сілкіме бөркін жасап.

Балғын құрақ сусылдаپ тербеледі,  
Бейне теңіз көшкендей өң береді.  
Жапырак сайын күміс шық жылтырайды,  
Колмен қадап қойғандай тенгелерді.

Білем, әлі-ақ бұл қалпың өзгерерін,  
Жазираны сарғайған көз көрерін.  
Төскейінде ак сағым жеңіл қалқып,  
Көшпе күмға сай-салан қез келерін.

Мейлі, тіпті іздемен жер дарасын,  
Айнымас саған ғашық көзқарасым,  
Көктеміңмен, алтабың, акпаныңмен,  
Сен мен үшін бөлінбес ен даласың.



\* \* \*

Алматы, міне, жасыл желекке бөленигей,  
Көктебе жаққа қиямен өрлең келем мен.  
Төменде қалып у-шуга толы нән қала,  
Кербез Алатау қарайды құліп төбемнен.

Шулайды құстар тарқата алмай базарын,  
Кылышпен ерке айтады бұлак наз әнін.  
Әсем астана, көркем табиғат – тау, өзен,  
Ұмыттыргандай өмірдің мұң мен азабын.



264

Аймалап самал, қытықтап күннің жанары,  
Ағыл да тегіл ақ жаңбыр төгіл алады.  
Еске алып сонда шөліркеп жатқан даланы,  
Көңілім менің, Манғыстау, саған ауады.



Жанымды тілтен сергіте алмай өпкен леп,  
Сүреңсіз болып көрініп қала көкпенбек,  
Алатауға шығып, жанбырлы бұлтты жиып ап,  
Қиял қуамын өзіне ұшып кетсем деп.

Жете алмас саған әсемдік көзді арбаған,  
Қала мен дала мен әлі тіпті бармаған.  
Жүрек-аруана өзіне тартар боздаумен,  
Өзге өлкені жерсінбей өтер мен-балан.

15.08.1993.

## ӨЛЕҢ ҚАЛДЫ

Қалқам-ай, жан екенсің акқу көрік,  
Кетердей көрген адам соңыңа еріп.  
Қарай бердім көзіме тоят таппай,  
Алақұйын сел сезім бермей ерік.

Жібек шаш, мамық тамақ, күмырсқа бел,  
Сыланған аргымакша жүрісті көр!  
Мойыл көз, қаз омырау, карағым-ай,  
Сынарың қылышынды ырыс білер.

Өзгеше жан екенсің сыны ерек,  
Тәңірдің саған берген сыйы бөлек.  
Бояма жасандылық мұрдем кетсін,  
Өзіңе пәк сезімнің нұры керек.

Бойында сұлулық бар өлшенбеген,  
Көргендер жүрер сені көрсем деumen.  
Бұл менің жалт еткен бір сезімім ғой  
Бейненде өлең сөзбен өрсем деген.

Сымбатың тамсандырған талай жанды,  
Жігіттің жүрегіне салар қайғы.  
Ойқастап ақмаралша өте шықтың,  
Ізінде бір жапырақ өлең қалды...



## ҚАРАҒЫМ

Сен маған мұнша неге көп қарадың?  
Сынайыншы дегендей дөп қарадың.  
Мен бір жан өз отына өзі жанған,  
Зияным еш пендеге жок, қарағым.

Сөз болды сыландатып балтағаным,  
Сыңсыттым жүргегімнің мақпал әнін.  
Болғанмен сыртым коныр, ішім дүлей,  
Кейпінде жүргеніммен тоқ баланың.

Қарадың қайта-қайта бізді барлай,  
Өткөрдік біз де бастан кезді балдай.  
Сезім – от, жанарыңмен шоқ лақтырма,  
Жүрерсің жалынымды сөндіре алмай.



266



02.06.2000.

## **СЕНІ ОЙЛАСАМ**

Сені ойласам, аулакта қалып ән-жыр,  
Жалындаймын, тірлігім – алып тандыр.  
Жіпсіз мені өзіңе байладап алдың,  
Тал түсінде өмірдің жолықкан гүл.

Еске аламын, тұнғиық батам ойға,  
Таңың күліп әлі де атар алда.  
Үлбіреген қалпыңда, қалқам, сені  
Тек аялап солдырмай өте алам ба?

Сері күнді басыма салып тағдыр,  
Құйылғандай кеудеме ғайыптан нұр,  
Сені үзбеймін, өтемін сүйсінумен,  
Тал түсінде өмірдің жолықкан гүл...




\* \* \*

Басыма мениң қонғанда келіп сары күз,  
Ойда жок жерден ілестің сен де, сары қыз.  
Сен ұмсынғанмен бөлек қой біздің жанымыз,  
Екеуміздің бұл – сорымыз, әлде бағымыз?..

Сары күз соңы ызғары ұстем қыс болар,  
Сары қыз, соңы – қолымнан ұшқан құс болар.  
Бізден де бұрын болған ғой сондай нұсқалар,  
Өмір мен көніл сөйте де сөйте қыскарап.

Бәдәуи дүние балы мен уын тең бөлер,  
Мәңгі сапарға бізді де бір күн өнгерер.  
Сары күз бенен сары қыз қалар, қыс қалар,  
Бұрынғыларға бізді де тағдыр теңгерер...



## ҰМЫТ МЕҢІ

Ұмыт мені, өтінем, звондама,  
Тоғыспаймыз екеуміз бір арнаға.  
Ұшқындаған сезімнен от шығады,  
Қалсын бұл да аян боп бір Аллаға.

Кінәлама, есіңе ап жылама да,  
Бір орында бұл уақыт тұра ала ма?  
Ойлашы өзің, менде – күз, сенде – көктем,  
Екеуі салтанатын құра ала ма?

Ұмыт бәрін, қайтесің мұң арқалап,  
Мұнлы болсан, құстайсың сынар қанат.  
Көрген түстей көңілде елес қалсын,  
Аласұрган жүрегің тынар әлі-ақ...



## ҚАРЫНДАСКА

*Еркеш Азаматқызына*

Бәрі де өтер, қамықла, қалқам, бекерге,  
Өзінді ойлап қажып біткенің жарамас.  
Алдыңа қойған мақсатпен еңсе көтер де,  
Өмірге батыл аралас!

Кездесер әлі жаман да саган, жақсы да,  
Өтірік күліп, табылар кулар жаңыңнан.  
Оларға еріп, жалының сөніп, бықсыма,  
Оларға еріп, адаспа арман-бағыңнан.



270

Биікке күштар, ісіңе болсан дарынды,  
Күншіл табылар, аяқтан қағар, ұзатпас.  
Жасыма бірақ, толқынды болшы арынды,  
Ертеңіңе сенгендер сені құлатпас.



Тұсінем, қалқам, жайыңды айтпа, тұсінем,  
Мұныңды сенің басымнан мен де өткердім.  
Өмірді сүйген күштарлығыңың қүшімен  
Жағымпаздықты, жасандылықты жек көргін.

Алдыңда сенің жүретін жолың көп әлі,  
Сәл нәрсес үшін жасығаның нс, қарында  
Естісін ғалам, жастықтың асау төк әнін  
Босбелбеу болсан, аскар арманың алынбас.  
Жасыма бекер, қарында!

12.09.1979.

## СЕН АУЫРҒАНДА

Бұқіл дүние тұрғандай-ақ тұнжырап,  
Біздің бөлме қазір бейне күзгі бақ.  
Сен сырқатсың, мен отырмын қасында,  
Жүрегімнен ағып жатыр жыраС жылап...

Ал далада көктем тұр шұғылалы,  
Күн көзіне торғайлар жылынағы.  
Өткен күнді еске алып біз де бір күн,  
Гүл терерміз көк белге шығып әлі.

Айығарсың, арада күн өтсін тек,  
Отырамын жанында күзетшің бол.  
Ештенені, жаным, сен ойыңа алма  
Айығуға тиіссің, тілекшің көп.

02.11.1984.



271



## **ЖҮРЕГІМНЕН ЖЫР ТӨГІЛСІН**

Жаным менің, жүректі мұнға орап,  
Жарық күнді қаранды түнге балап,  
Жабырқамай, еңсенді түзу ұста,  
Жаңылған жан түзелсін бізге қарап.

Жүрген жоқпыз байлық пен мансап қуыш,  
Жалғандықты жамылып, жаңсақ күліп.  
Жолымызда жолыққан қындықтар  
Жапырылар әрдайым, болсақ биік.

Жабырқама, жаныңа күлкі егілсін,  
Жанарынан жарқырап күн көрінсін.  
Жазғы таңдай көңілінді ашып жүрші,  
Жүрегімнен жаңбыр боп жыр төгілсін.



## ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА

“Үйлену оңай, үй болу қын” деген бар,  
Саналы жастар бұл сөзді ұғып, бағамдар.  
Кос өзен сынды кос тағдыр бүтін қосылса,  
Жарасым тауып, жасалсын ізгі қадамдар.

Өмір жолында серік боп ылғи сәттілік,  
Шамшырак сынды жетелей берсін тәтті үміт.  
Беу, қарақтарым, алтын тойды да тойландар,  
Отауларыңнан қуаныш кетпей, бақ тұнып.

Көңілде көктеп махаббат гүлі – нұр гүлі,  
Естілсін үйден күміс күлкінің сынғыры,  
Өрісі кеңіп бабадан қалған әuletтің,  
Тербеліп бесік, естілсін сәби былдыры.

Адами ғұмыр болары айқын бір нұкте,  
Жаксылық келер ынтымақ барда, бірлікте.  
Бас қосқан жастар, сендерге үлкен түлегім  
Біріңе-бірің сүйеніш болың тірлікте!



## ЖҰЛДЫЗҒА

(*Кызымының ұзатылу тойында оқылған өлең*)

Колымдағы қырмызы қызғалдағым,  
Алдамасын мәңгілік ізгі арманың.  
Ағаңменен екеуің –кос жүрегім,  
Тигізбедім өмірдің ызғарларын.

Аспаныңды сұқсыр бұлт кезбесін кеп,  
Киындығын тірліктің сезбесін деп,  
Ақ жанымның алауын жактым талай  
Бак-талабы нұр шашсын, өрлесін деп.



274



Неткен қыска қыз-ғұмыр көктемедей?!

Пәле-жала ешқашан беттемегей.  
Айдынында өмірдің ізінді сал  
Алға тартқан желкенді ак кемедей.

Осы болды өзінді ұшырганым,  
Әр нәрсенің байыбын түсін, жаным.  
Өмір жолы тақтайдай түзу емес,  
Шар болаттай қарсы алғын ұсынғанын.

Дақ түсірме атына ауылықның,  
Сыйлысы бол қосылған қауымыңын.  
Қолтығынан демесін ата-бабаң,-  
Ақ тілеуі ағайын, бауырыңын.

## ТІЛЕК

(Жиенім Карлыханның ұзатылу тойында  
оқылған өлең)

Тағдыры қыздың тағдырындай-ау құстардың,  
Бойжетіп, міне, ұядан жиен үшқан күн.  
Ағайын, дос-жар жер-жерден келіп жиылып,  
Сағы бір сынып, құлаған күні дүшпанның.

Мерейі есіл аққудай аппақ жанының,  
Артуын тілеп басына қонған бағының,  
Ақ тілектерді шашу ғып бүгін шашайық,  
“Жолы болсын деп, жиенім

Карлыханымның!”

275

Алдамасын тек асылдай күткен арманың,  
Қайда жүрсөң де, жарқырап тұрсын мандайың,  
Күйеу баламен қайыспай бірге көтеріп  
Бұралаңы көп өмірдің басқа салғанын.

Алғысы тиіп ақ сақалды әке, атаның,  
Киесі қолдал шалдардан алған батаның,  
Бүгінгі, міне, кеңіген өріс кең болсын  
Сейсен жездем мен Үйресты сынды апаның.



Оң болсын, жастар, көтерген бірге отауын,  
Көбейтсін сізбен бақытты жандар қатарын.  
Маңғыстаудан келген нағашы аға тілегі-  
Қолдасын әркез аруағы Бекет атаның!



276



## ДҮНГЕН ҚЫЗЫНА

Зульфияга

Дүнген қызы, тұңғылқ җанаң, ай қабак,  
Жаңыма келдің, болдың-ау мені байқамак?..  
Еліктей үркіп жүруші ең ылғи, жалт беріп  
Қаштың ба әлде қараған жұрттан анталап?

Көркің сенің таппайды тоят көз деген,  
Шебер гой Тәнір жаратқан артық өзгеден.  
Өзіңе қарап жетпес деп тілім корықтым,  
Бейнеңді сенің салсам ба деп ем сөзбенен.

Жаңың да аппақ шалмаған шайтан шалығы,  
Перідей көркем періште өзің – анығы.  
Сырласқан шақта көзімнің анық жеткені –  
Сен көрінсөң-ақ серпілер дүние тамұғы.



Сан ұсынса да, әзәзіл судан ішпедің,  
Жұртпенен бірге айдынды көлге тұспедің.  
Оспадар сөздер осқыра шықса біреуден,  
Бетінді басып, қызара ерін тістедің.

Қаза қылмаған ораза менен намазын  
Көргенде сені таң қалды мендей сабазын.  
Жүре беріппіз-ау жалғаншы қызық жетелеп,  
Ұмытып барын бакидағы ауыр жазаның.

Үлбір еріннен маржандай тісің тізіліп,  
Мөлдіреп тұрдың жанаңдан моншак үзіліп.  
“Аға” дегенде ана тілімде сөз саптап,  
Жүрегім бейне кеткендей болды үгіліп.

Қағынан тайма, алдынан, жаным, құлер құн,  
Қош айтып саған дүрмекке мен де сіңермін.  
Құнгірлеп тұрған көне Тараздың жерінде  
Періште сынды қарындас бар деп жүрермін.

**17.06.2001.**



278



## **БАЛДЫЗЫМ**

*Дамежсанга*

Балдызым бар Сенекте... сыны кетпеген,  
Шындағы шынар сияқты өсіп, көктеген.  
Жадырай күліп алдыңдан шығар болса ол,  
Ашылар бұлт та түйіліп саған беттеген.

Ақ қайың мұсін, бота көз, қырдың гүліндей,  
Тайпалған жорға жүретін ізі білінбей,  
Қыландарменен өзіндей сынға түссе егер,  
Қалар еді онда басқалар көзге де ілінбей.

Балдызым – бұл деп, көрсетем келсе де кімің,  
Жасынан сүреп келеді бір үйдің жүгін.  
Жұбайыменен жұмылып алға аса берсін,  
Аспанда – айы, тұрсын тек жаркырап күні.

Зырлайды уақыт, бұл өмір баста тұра ма?  
Кызды қияға қондырды, ұлды ұяға,  
Қыр гүлі кейпі, ақылы, ақ жүректігі  
Келіндеріне казактың қалсын мұраға.



279



**15.07.2000.**

## АУЫЛҒА ХАТ

*Шешем Үміт Иуышқызына*

Есінде бала кезің сакталды ма,  
Жок әлде бұлдыр елес боп қалды ма?  
“Үлкені ат ұстардың” деуші едің-ау,  
Үлкенің алыс кеткен жат болды ма?

Тағдырым өз үкімін кессін мейлі,  
Қос шеше көріп өстім ес білгелі.  
Анамнан ак сүт берген кем көрмедім,  
Ал бүтін алыстамын, кешкін мені.

280

Ойымда өзің берген ұлағатың,  
Ұл болдым намысы үшін тұра алатын.  
Сен жақтан хабар-ошар болмай қалды  
Бұл күнде көбейді ме жұрағатың?

Мұнда іні-аға болса, кеңесер ек,  
Менің де айдарымнан жел есер ед.  
Анашым, ұмыттың ба бір ұлыңды  
Алдыңнан шығатұғын жеңешелеп?

Білемін, жамандыққа қимасынды,  
Үлгі еттің жатсан-тұрсаң сыйласуды.  
Әке мен қос шешеден қалған – өзің,  
Анажан, қадір тұтам бір басынды.

Сен барда жиналамыз шаңыракқа,  
Мінәжат, дуга етеміз әруаққа.  
Тебіскен тай-құлындай кездерді айтып,  
Қаламыз арқа кеңіп, жадырап та.

Беу, менің ак жаулықты ар-тірегім,  
Перзенттік парыз маған артып едін.  
Өзіңе қайтқан құсша оралармын,  
Аман бол жүре берші – бар тілегім

07.1994.



281



## АҚША ҚАР ЖАУЫП ТҮР

Сұлулық тәнірінің елшісіндей,  
Сәбидің көңіліндей,  
Тазалық пен пәктіктің еншісіндей,  
Еш күнәсіз боздактың өміріндей –  
Ақша қар жауып тұр.

Адал ардай, жүретін қапалатпай,  
Сүйген жар жүргегіндей,  
Алғашқы махаббаттай,  
Пейіліндей ананың, тілегіндей –  
Ақша қар жауып тұр...



## ҚИЫН ЕКЕН

Беу, анашым, ардағым, нұр шуағым,  
Сен ауырдың, мен дағы тыншымадым.  
Тұзде жүрсем, елендеп үйге асықтым,  
Көңіліме кептеліп мың сұрағым.

Өзің едің жолыма тұрар қарап,  
Төсек тарттың, кетті ұлың жүдеп-жадап.  
Сен сау кезде көңілім көкке жетсе,  
Жүрмін қазір, анашым, мұн арқалап.


Амалым не тағдырдың шарасына?!

Бұл әйтеуір көңілдің наласы да.  
Жаутаң қагып, тұра алмай ана жатса,  
Киын екен бәрінен баласына...

*Желтоқсан, 1980 жыл.*



283



## БАҚЫТ

Таң әлеті, тәтті кезі үйқының,  
Ояу едім, маза бермей жыр-құйын  
Төргі үйімнен ауық-ауық естілді  
Сәби үні, сықылығы күлкінің.

Ақырындап, адымымды есептеп,  
Үңілдім кеп бебек жатқан төсекке,  
Күледі де, былдыр-былдыр сөйлейді,  
Бал жүзінен, мейір қанбас, неше өпсе.

Рахатта, үйқысырап алаңсыз,  
Дүниенің жай-күйінен хабарсыз  
Жатыр бөпе, кірпік қақпа, тыныштық,  
Үйқысынан күрт шошытып аларсыз.

Бір бақытқа кенелгендей кезігіп,  
Куаныштың сақшысындей сезініп,  
Ойға калдым: неге кейбір адамдар  
Тыныштыктан жүреді, – деп, – безініп?

Бір кішкентай бөлшегі бол тірліктің,  
Жатыр сәби, мен мынадай сырды ұқтыйм:  
Бақыт болса адам үшін жер басқан,  
Ең үлкені сол бақыттың – бейбіт күн!



## БЕЙТ БАСЫНДА

### *Кызыым Дидарга*

Эрен іздең таптым-ау қабірінді,  
Сені еске алса, әкенің жаны мұнды,  
Тәй-тәй басқан бөпемді қағып түскей  
Карғайын ба, қайтейін, Тәңірімді?..

Әкең келді басына жабығулы,  
Елессің ғой, білмессің сағынуды?  
Періштедей сенен де пейіштегі  
Тірі жүрген пенденің таңы нұрлы.

Томпаңдаған еске алам қылышынды,  
Ұнатушы ең қойнымда жылынуды.  
Сүйінуді жазбапты сені өсіріп,  
Бұйырыпты еске алып күйінуді.



285



Бала екен ғой адамға балдан тәтті,  
Сенің жоғың жаныма қатты батты,  
Сәби бейнең қып-қысқа ғұмырындей  
Көз алдыманан қол бұлғап бара жатты...

*Қарааша, 1996 жыл.*

## ҚЫЗЫМА

### *Жұлдызға*

Беу, ботам-ай, еркелікті қоятын,  
Кезің келді маған сүйеу болатын.  
Ағаң менен екеуің ғой өмірде  
Мені асқарға көтерер кос қанатым.

Үйден кетсөң, “қашан келер екен” деп,  
Сапар шықсам “саған қашан жетем” деп,  
Елеңдеймін, қын екен әкеге,  
Төрт күбыласы тұрмаса егер бекем боп.



286

Абайша айтсақ, ақыл ойла, дананы ұқ,  
Бұл дүниеге кірпіш болып қаланып.  
Қимағанмен, киналғанмен бола ма?  
Алыстайды енді ерке балалық.



Қызым, казір ұлбіреген гүлдейсің,  
Арманыңың айдынында жүзгейсің.  
Өмір қымбат қасиетін ұққанға,  
Шын қадірін осы бастан білгейсің.

## ҚАЙТҚАН ҚҰСТАРМЕН ҚОШТАСУ

Сездіңдер, тегі, алда бір сүйк қыс барын,  
Топтанып, міне, баrasың қайтып, құстарым.  
Кимадыңдар-ау, киқулап жүрсің айналып,  
Ұянды тастап аулакқа тура үшпадың.

Сездіңдер ме әлде туган жер атты күш барын,  
Көзге ыстық па екен ұя жасаған тұстарың?  
Сызылтып хормен қоштасу әнін шырқадың,  
Жүректер шіркін кия алмай жүр-ау құштарын.

Қайтесін енді, құралған солай тірлігің,  
Табиғат-тағдыр жасайды әркез ірілігін.  
Барыңдар кәне, қалайын тілеп он сапар,  
Құстарым менін, бұзылмасыншы бірлігің.



Есен болыңдар, құрыш қанаттар талмасын,  
Кішкентайларың адасып артта қалмасын.  
Біріңе-бірің серіксіңдер ме айнымас?  
Сапарың ұзак, опасыздарың бармасын.

Құстарым, тағы күтемін келер көктемде,  
Жиделер гүлдеп, акпанның лебі кеткенде.  
Бәйшешек гүлмен жолыңды тосып түрармын,  
Өздерінменен қоштасқан мынау көк белде.

## БІР ДОСКА

Бауырымдай көрген досым едің ғой сен менің,  
Өзің едің-ау басқадан гөрі сенгенім.  
Көп болды бірақ бейненді сенің көрмедім,  
Киналған шакта қол ұшын бере келмедің.

Келер деп сенің жолыңа ұзак телмірдім,  
Ойыңа алмай, өзіңмен-өзің сен журдің.  
Алтыннан асыл, қол жетпес биік сезімді  
Тірлікте бітпес күйбенге неге жәндірдің?..



288

Ешкімге қимас досым едің ғой сен менің,  
Болдым ба әлде уақытша ғана ермегің?  
Соны ойлауменен тандарым атпай терледім,  
Сен үшін, жаным, өзімді-өзім жерледім.



Қадірін достың ұға алмай жүрген шығарсың,  
Өмірде алдан кездесер талай құзар шың.  
Жаныңа сол шақ жанашыр бір сөз дәру бол...  
Достықтың сырын ұғарсың, сонда ұғарсың...

## **ҚАЙРАН ЖҮРЕК, ШАБЫТ БЕР!**

Қайран жүрек, шабыт бер құйындаған,  
Нөсер өлең төгейін тыйылмаған.

Шөл даладай кезеріп жүрмін қазір  
Көктемеде бір тамшы бұйырмадаған.

Шабыт болсын ұсынған сыйың маған,  
Соны берші, сол үлкен бұйым маған.  
Тойдан кейін бос қалған дастарханның  
Ыдысындай ойларым жиылмаған.

Ұстай алмай шабыттың дүр пырағын,  
Мазаң ойдың күтемін бір тұнарын.  
Қайран жүрек, шабыт бер, тұтанайын,  
Отауымда жағайын жыр шырағын!



## ДОС ТУРАЛЫ

Дос десе, жүрдім елжіреп,  
Жанымың жағып алауын,  
Өзімнен аса сендім көп,  
Тапсам бір деумен қалауын.

Корғадым, таяқ жесем де,  
Сол үшін түстім жұлыска.  
Досымды сатып өсем деу,  
Күнә деп білдім, бұрыс па?

Мұнымды айтпас бекер деп,  
Бұрыннан мені білгендер.  
Сүрмедім өмір лекерлеп,  
Сыртымнан өсек үргенмен.

290  
  
  
Суиды бүтін сезімім,  
Сырымды ұтар дос таптай.  
Жоғалтты ма әлде сенімін,  
Адамның бәрі жалдаптай

Маздаймын дағы сөнемін,  
Қажытты ойдың ауыры,  
Қайдасың, іздеп келемін,  
Мәрт достыктың ауылы.

Шалқыған отым жанаң ма?  
Жас акты-ау жүрек көзінен.  
Жападан жалғыз аралда  
Қалғандай кейде сезінем.

## БІР АГАЙҒА


Ақ кемедей асыққан жағаларға  
Зәру едім сыр ұтар ағаларға.  
Өзімсініп мен саған барып едім,  
Кірістің-ау, аға, сен табалауға.

Ренжіттің, танытпай көсемділік  
Көрсетпедім мен дағы есер қылыш,  
Әдеп сактап алдыңда, үндемедім,  
Кекесінге кетсе де шекем қызып.

“Артықтығың”- машинан, қалталысың,  
Сен дегенде кей қулар тартады ішін  
Ақшаны емес, агатай, сен айтқандай,  
Азаматтық ісінді ел танысын.

Ақша көп деп, беу, аға, болдың ірі,  
Оныменен өлшенбес ердің құны.  
Бұрынғылар айтыпты: “Ақша деген,  
Байлық деген –tek қана қолдың кірі”.

Сен жеткенді мен тіпті ойламагам,  
Жеке басты күйттеумен қайда барам?  
Көлке ұнар асыл сөз жазамын деп,  
Көлтен бері мазасыз ойға қалам.




О бастан-ақ жыр жазып көрсем дедім,  
Елдің сырын өлеңмен өрсем дедім.  
Жақсы өлең мен үшін баға жетпес,  
Машинаңды алмаймын, берсең тегін.

Ақшаң бітсе бір күні “жыры” тынып,  
Тозған таудай құларсың үгітіліп.  
Болашакқа өшпестей сез қалдырысам,  
Мен сөнсем де, қалмаспын үмыйтылып.

*15. 04.1982 жыл.*



292



## **БАҚЫТЫМДЫ ҚЫЗҒАНБА**

Аға, менің бакытым бар аздаған,  
Көбін, сірә, тәнір маған жазбаған.  
Жүргегімде өлеңім бар шоқтанған,  
Шабыт-құйын сокқан сэтте маздаған.

Көк аспаным, бар коңырқай тірлігім,  
Солар барда мен көңілі нұрлымын.  
Тағдыр маған сыйламасын ірілігін,  
Солдырмаса болды деймін жыр-гүлін.

Кейбір кезде шотын салып қарау жан,  
Сәтсіздіктен артқан жүтім сан ауған.  
Ғұмыр бойы аулак конып келемін  
Көкірегін у жайлаған адамнан.

... Сызданасың, түсің суық мұздан да,  
Аға, екеуміз жүре алмаспыш бір жолда.  
Саған айтар өтінішім бар бірақ:  
Мына аздаған бакытимды қызғанба.

**14. 22.1993 жыл.**



293




## ДОСҚА ХАТ

*Мұсілімге*

Бағаламадың, өзінді бағаламадың,  
Киын болды ғой жолыңды қаралағаның,  
Аракқа еріп, жарыңның, жана шығлардың,  
Жүргегін, достым, аяусыз жарагағаның.

Болашағыңа мен сенің сеніп келіп ем,  
Адал жарынмен, кос ұлмен көріктеніп ең,  
Жалғызы едің анаңның маңдайға басқан,  
Әзәзілге не мұншама ерік беріп ең?



294

Өзің жайында тыңдадым жүрегім жылап,  
Құлаққа сенбей отырдым, қайталап сұрап.  
Талабың мен арманың таудай еді ғой,  
Қайда сол қазір, қалды ма жолыңда сұлап?

Киындықтардың ол кезде бәріне төзіп,  
Ұшқыр қиялың шарлайтын дүниені кезіп.  
Сыр-сымбатыңа бәріміз қызығушы едік,  
Кеткенің қалай, япыр-ау, бәрінен безіп?

Куанушы едім сен көпке ұнағаныңа,  
Мұның не, шыққан биқтен құлағаның ба?  
Сені білмедім, ал өзім шыдай алмадым,  
Ғазиз анашың сені айтып жылағанында.

Есіңе салғын, ұмытсан, айтар әнінді,  
Шаңырағыңды ұнатпан шайқағаныңды.  
Қанатыменен су сепкен қарлығаштай бол,  
Хатыма жаздым өзімнің байқағанымды.

**18.09.1982.**



**295**



## ІНІМЕ


“Досым көп” деп мактанасың, қарағым,  
Қатарыңа сыйлысың-ау, жарадың.  
Бірақ, бірақ, тандай білген дұрыс қой,  
Көп досыңың адамы мен адалын.

Жүрсің қазір жас дәуреннің тойында,  
Куатың мол, жалының бар бойында,  
Мұндай шакта дос та саған көп болар,  
Айналайын, сакта осыны ойында.



296

Дос көп болар дастарханның басында,  
Қызық кусаң, шарап тұрса қасында.  
Сөзде емес, істе таны оларды,  
“Досым көп” деп кеуде керіп, тасынба.



Дос кездесер бақытынды көпсінер,  
Біреулері сәл нәрсені кексінер.  
Біреулері дос көрініп көзіңше,  
Былай шыға “ақымак” деп көп күлер.

Ер жігіттің басында ылғи бақ тұрмас,  
Бүтінгідей көңіл әркез ток тұрмас.  
Басына бір іс түскенде, қарағым,  
Шынын айтам, кей достарың таптырмас.

Өмір ылғи ұсынбайды көктемін,  
Сезіндірер сұығы мен от демін.  
Қысылса егер, сен досына демеу бол,  
Досың сенің бола білсін өткелің.

Уакыт қалай бір орында тұра алар  
Кез де келер дос көмегін сұранар.  
Бармақ тістеп қалmas үшін сол шакта,  
Достарыңды осы бастан сынап ал!



## ӨМІР

Хош иісті, алуан түрлі шоқ гүлдер,  
Мезгілі өтсе, су құйсаң да солады.  
Күткенінде өтпей қойған көп күндер.  
Уақыт жетсе, бір-ақ күндік болады.

Куанышка шын кенелген бал күнің  
Сол күйінде қайта оралмас артына.  
Он сегіз жас бұлғаңындаі тұлқінің  
Бір кеткен соң көнбейді еш шартына.

Ойға түйіп, көптен күткен сапарың,  
Сәті келмей оралмайды онына.  
Қатал тағдыр сені тіпті апарып,  
Лақтырады қайғы-мұңың торына.

298

Уақыт бітсе, қимасынан, асылдан  
Айырыласың, бар ма басқа амалың.  
Куаныш та кейде келіп тосыннан,  
Өрге тартар алға басқан қадамың.

Бұл өмірдің өз есебі, заны бар,  
Тірлігінде бітпес күрес, егесің.  
Тағдыр сыйын қайыспастан қабыл ал,  
Киындықты жігерімен жеңесің.

\* \* \*

Қол жайып отыр нәпакаға тапшы адам,  
Көрші үйде жан бар ауруы батып қақсаған.  
Ал біреу жүр пейіш көріп өмірін,  
Көше алмай нөпірлеген акшадан.

Загип ана аңсайды көзін-шырағын,  
Баспанасыз жүр, білмейді қайда тұрарын.  
Біреу мәз бол аяқты кердең басады  
Ұстағандай бар дүниенің құлағын.

Құрдасым жүр күн өткенін кош көріп,  
Бір жас жігіт қапияда кетті өліп.  
Жайлы орында отыр біреу сұстанып,  
Көрінгеннің бәріменен өш болып.

Мас келеді білмей қайда сиярын,  
Қартым отыр жоқтап ескі ұранын.  
Мұңаяды жасы жеткен ару қыз,  
Таппағасын бас қосатын сыңарын.

Мұнданамын ойлар езіп еңсені,  
Кейде өзімді сезінемін сал-сері.  
Айта берсем, иір-қыыр қайшылық,  
Беу, өмір-ай, тұсінбедім мен сені.



## **ЖАНАРЫҢДА МҰҢ БАР ДЕЙСІҢ...**

Ақпандатып, долы желі сарнаған,  
Сұлық жатыр мейірімге зар далам.  
Халық мынау бар қамсауын қамдаған,  
“Нарық” мынау – қанға тоймас қандалаң,  
“Жанарыңда мұң бар” дейсің сен маған.

Қыран ұшпай қос қанатын қомдаған,  
Күзғын шықты көп шуылдақ қолдаған,  
Алға озып дуылдаған дау-дамаң,  
Шын өмірдің бағын көрдім жанбаған,  
“Жанарыңда мұң бар” дейсің сен маған



Рухсызға болған емес он бағам,  
Баба пейіл бүгінгіге қонбаған.  
Соны ойласам өз-өзімнен қорланам,  
Бұл өмірде табылмайды-ау жан дауам,  
“Жанарыңда мұң бар” дейсің сен маған

*Ақпан. 1996 ж.*

\* \* \*

Көніл көгі де бұлтты аспан сыңды бұлыңғыр,  
Жайсан жазымның сезгендей болым күнин бір.  
Қысырақтың үріккен үйірі - менің ойларым,  
Торысам дағы, ұстаптай қойды құлын-жыр.

Ұлпа қар бетін әулекі желден шаң басқан,  
Кезекті дүние, әп-сэтте бәрі алмасқан,  
Жә, мені қойшы, шуакты күнің оралар,  
Қабакты түйіп ойланада берме, мұнды аспан.

Келер-ау кезін, әуеде ак нұр тұнатын,  
Жер-ана сонда өзіннен табар қуатын.  
Терезесінің алдында бүйтіп отырмас,  
Босына өлген күндерін жоқтап бір ақын...



301

*Ақпан, 1996 ж.*



## ТҮС ЖАЙЫНДА

Ой күганның бұл өзі жазасы білем,  
Өнім түгіл түсім де мазасыз кілең.  
Шулы қаладан шыға алмай қамалып қалып,  
Түсімде ылғи абдырап, адастып жүрем.

Сұп-суық қала танытып қамалдай қалып,  
Жыр оқыр шақта жырымды таба алмай налып,  
Төсегім терлеп, алқынып оянып кетем,  
Жығылып туым, намыстан жүрегім жанып.



302

Түсім екенін сезген соң қуанып кетем,  
Өзімді-өзім алдаймын, жұбанып бекем,  
Егер де мәнкүр-нәнкүр кеп жауаптар болса,  
Күндерім көп-ау сандалма, қызырып өтер.



Әулекі тағдыр каншама мазақ қылғасын,  
Туғалы бері құр емес азаптан басым,  
Қындығынан қашқан да, қаймыққан да емен,  
Түсімдегідей өмірде адастырмасын.

\* \* \*

Шекеден шағып шағыр күн,  
Көз алдым сағым көлкіген.  
Аяқты орап шағыл күм,  
Жүре алмай алға, ентігем.

Тұскендей аспан айналып,  
Жұзімді жалап отты леп,  
Ұмтылам алға, карманып,  
Моторша жүрек тепкілеп.

Ауызға келіп қос өкпе,  
Кезерген ерін жарылып,  
Сүрінем жатқан кесекке,  
Бір үрттам суға зарығып.

Токтықтың тарттым өтеуін,  
Жоқтыққа тағдыр кез қылды,  
Өмірдің қымбат екенін  
Бір үрттам сумен сездірді.

Ұмітімді алға сүйретіп,  
Налыдым, көзде жас құрғап,  
Тірліктің актық минутын  
Алдамшы уақыт жатты үрлап.

Жығылып құмның өрінде,  
Жарықты соңғы батырдым.  
...Ояна келсем, төрінде  
Өз отауымның жатырмын.



## ИТТИК ТУРАЛЫ

*Ақын Галым Әріпке*

Алта соңы, қызметтен қол босаған,  
Біз-төрт жігіт, жоқтан барды жасаған.  
Машиналы саудагермен танысып,  
Шыға келдік қала сырты – дачадан.

Дастарханды жайып тастан газеттен,  
Біз төрт сері бір-біріне сөзі өктем  
Кезек-кезек өлең оқып, сөз сөйлеп,  
Ашы суды құлатамыз өзектен.



304



Айтылмаған қалмады сыр, қалмады ой,  
Киялымыз шартарапты шарлады-ай.  
Ал дачаның қакласының алдында  
Бір ит жатты азу тісі балғадай.

Ит туралы айтып жақсы анызды,  
Ақын досым аңқылдаған жаны ізгі,  
Итке барды, ескерткенді тыңдамай,  
Деді дағы “ақынды ит те таниды”.

Шығып иттің бір оң, бірде солынан,  
Жайлап сипап арқасынан, жонынан,  
Бізге карап насаттанып тұрғанда  
Ит арс етіп, кауып алды қолынан.

Кім ойлаған дәл осындағы мазақты?  
Қолы ісіп, тыйылмастан қан ақты.  
...Еркелеткен жаман итті біздің дос  
Жаракаттан көрді біраз азапты.

Қалайды жұрт өзінше өмір сүргенді,  
Бақ біледі ит жетектеп жүргенді.  
Мен оларға ұқтыра алмай келемін:  
“Анау иттен аулак сал,- деп- іргенді”.

Мазағы бар, дозағы бар, өмір-сын,  
Жамандықты көзбен көрсөн, жерисің.  
Бала орнына ит бағуда біреулер,  
Ит иттігін істемесе не қылсын?!

06.1987.



305

## АРМЫСЫҢ, ҚАЙРАН АУЫЛЫМ

(Кездесу кешінде оқылған өлең)

Кластастарым, ұстаздар, достар, армысың!  
Бозбала қайда, елік қыз қайда тал мүсін?  
Көп жылдар өтті қуантып, кейде мұн артып  
Саумысың бәрің, ортада бүтін бармысың?

Киелі өлкем, әулиелі мекен Ақтасым,  
Қастер тұтамың бала ізім сенде жатқасын.  
Сені ойлауменен, қарайлауменен, ардағым,  
Жан-жактан келіп тіредік бүтін ат басын.



306



Оралдық саған, ұяға қайтқан құстардай,  
Алтын қазығым, сендері тарту күш қандай!  
Өзіңе келсем, көнілім – көктем, жаным – жаз,  
Қыран – жүрегім көгінді тіліп ұшқандай.

Есімде бәрі, сенде жетілдім, сенде өстім,  
Сен жебеп жатсаң, төбемнен менің төнбес мұн.  
Тағы да, міне, жылдарды салып араға  
Өзіңмен және кластастармен кездестім.

Ортаңа келдім ерекше көңіл-күйменен,  
Жаңалықтарың құт болсын біздер білмеген.  
Артының және қайырын тілеп кетейін  
Ұстаздарымның қатарын көрдім сиреген.

Беу, ұстаздар-ай, ертеңге бізде қадам нық,  
Алға апаруда үйреткен сіздер адалдық.  
Шәкірт өсірдің, алғыс арқалап өтіндер,  
Тілейтін тілек – баянды бақ пен амандық.

Қайран ауылым, ұстаз қауымым, армысың,  
Пәле-жалаңан, мұң мен наладан саумысың?  
Жеткізе алмаспын, жеткізе алмаспын мен, сірә,  
Күйттай жүректің кеудеге сыймас алғысын!



## ҚОЛ БҰЛҒАП ШЫҚ

Киналдым-ау, жан таппай сыр ашатын,  
Қимастығым ғұмырға ұласатын.  
Куанғанда қос жүрек бірге соғып,  
Кайғырғанда қосыла жыласатын.

Кейбіреуте сырымды айтып, налып,  
Жүруші едім, танытты тәйтік қалып.  
Тұсінетін жан жоқтай, жұрттың бәрі  
Қарабай бол, кеткендей Жантықталып.

Өшпейтіндей дақ салып, опындырып,  
Кей жігітің көрсетті қатын қылық,  
Жарасатын жан таппай, жан-жүрегім,  
Көштен қалған күшіктей жатыр ұлып.



308



Шабыттансан жырымның басы-уайым  
Тұнжыр көгім күтеді ғашық айын,  
Көкжиекше алдыманан қол бұлғап шық,  
Бұлтты тұрген күнге ұқсап асығайын.

\* \* \*

Көңілімнің қалғаны-ай құлазып-ак,  
От жақлаған үй дерсің – түр азынаң.  
Осындайда бір адам табылсайшы  
Каузайтындай жаныңды біразырак.

Кетті-ау, бәрі сауғалап қара басын,  
Тірлік үшін жүгіріп, жағаласып.  
Жоқшылықта талайлар қашты менен,  
Танымайтын жанға ұксап, араны ашып.

Ойласан, қалады екен жаның жасып,  
Баршамен жүрген қандай араласып?  
Кел дағы, көңілімді қаузап жібер,  
Кетсінші менен күргыр нала қашып...



## ТУҒАН КҮНІМДЕ ОҚЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Бұгін менің тойлайтыным – туған күн,  
Еңсе тіктеп, әкем жігер жиған күн.  
Әулиеге жүрген анам ат айтып,  
Куаныштан жасы жүзін жуған күн.

Жүріп келем, алға бастап қадамдар,  
Жастан асып оң мен солды бағамдар.  
Ықыласымен мені сүйіп келеді  
Айналайын, ақ пейілді адамдар.



310



Бұгін маған мереке күн – туған күн,  
Мен – бірімін тұлпар жырды қуғаның,  
Көз ашқалы тағдыр көрдім тайталас,  
Әмір – күрес, белді бекем буғанмын.

Демім жетсе, белестерден әлі асам,  
Өлең сөзден сарай соғам, қаласаң,  
Бақыттыға балап өтем өзімді,  
Туған халқым, бір кәдене жарасам.

Туған күнім, міне, бұгін келді де,  
Әндетерміз, шертіп қызық әнгіме,  
Дүниеге келдім, мен де кетермін,  
Туған халқым, сен аман бол мәңгіге!

## ЖУРЕККЕ СӨЗ

Көктей өтіп өмірдің сындарынан,  
Жеміс іздең мәуелі жыр-бағынан  
Жүрген едім, сен мені шошындырың,  
Неге адастың, жүрегім, ыргағынан?

Аулак қашып өсектен итше үрген,  
Сенгіштігім үшін тек соккы көргем.  
Келте-кетік күндерім көп болса да,  
Бұл өмірді жан едім құлай сүйген.

Шаршадың ба кездерден жанұшырган?  
Өресі пәс жаманнан сағың сынған,  
Көкірегімнен кетердей ұшып шығып,  
Беу, тентегім, жаңылдың қағысынан.

Шортандайын кеудемде салдың ойран,  
Бөтен жұрттай бітімін мәңгі жойған.  
Сен суынсан, тән семіп, ойым жұтап,  
Тұлпардайын болармын тұсап қойған.

Мазалама, мен әлі жүре тұрам  
Толқындаїын жағаға жүз атылған.  
Парызымды жердегі өтеген соң,  
Коштасамын қыздайын ұзатылған...




## ДОСКА СЫР

Отырмын міне, қырықты артқа қалдырып,  
Жас дәурен өтті жүректі оттай жандырып.  
Бастағы шаштай бір нәрсе айқын, әй, досым,  
Жалғаншы өмір сүйретті, естен тандырып.

Кызыққа толы қызу күндерім, кош енді,  
Думанға талай толтырып едім көшенді.  
Тойлы күндерден ойлы күндерге көшейін,  
Қайтарсам деп жылдарға кеткен есемді.



312



Бір жүрген күндер қыландарменен бал қылық,  
Жігіттік иттік, өтті фой бастан сан “бұлік”.

Күйігі өртеп, өкпегі кеткен тоңдырып,  
Жылдарым менің, сағыныш толы жаңғырық.

Отырмын, міне, өткізіп қырық қырқасын,  
Деп жүрдік талай: “Өмір - той, жүрек  
шырқасын”.

Мөлдір көлімді алдым-ау талай лайлап,  
Бұрсендең калдым сокқанда талай бұрқасын.

Өтуде өмір, ей, досым, бірақ өкінбен,  
Кезім жоқ еді тасқа да салса кетілген.  
Мен кеткенмен де, артымда қара балдар бар  
Заманға бейім, бізден де гөрі жетілген.

Кесілмесін тек бабам-қазақтың жолдары,  
Табиғат заны – гүлдің де көктеп, солмағы.  
Арттағыға мін, жоқтаусыз ердің қалғаны,  
Орнымен бізді еске алып тұрса, болғаны...



## БІР ӨЛЕҢШІГЕ

Көкжиегін көңілдің өсіретін,  
Тәнірім еді бұл өлең бас иетін.  
Жұлым-жұлым мағынасыз шумактармен  
Кетірдің-ау, асылдың қасиетін.

Шатып-бұтып, сөз құрап, әрнені айтып,  
Арамтер боп жүргенің, босқа тантып.  
Бейне көктен түскендей “ақын” болдың  
“Шығарам, -деп –атымды енді қайтіп?!”

Эр нәрсенің ой салып жүйесіне,  
Сөз патшасын жүгіндір иесіне,  
Жыр өнері дертпен тен түсінгенге,  
Ұшырайсың, ұқпасаң, киесіне.



## ҚҰН НҰРЫНДАЙ ҚУАМЫН КӨЛЕҢКЕҢІ

Өзімшілдік ойың мен санаңды алып,  
Сөздерің де кетіпті жаланданым.  
Түкке алғысыз өзгелер, сен болмасаң,  
Құритындай дүние қараң қалып.

Көрмегендей тырбанған жан баласын  
Ел алдында еңбегін малданасың,  
Келгендей-ақ Құдайдың қолын алып,  
Өз-өзіңнен шалқақтап мәз боласың.

Сыртың жылтыр болғанмен, ішің түтін,  
Танытам деп әуресің іскер пішін.  
Бұлданасың, өзіңше тұлданасың  
Әмір сүріп жүргендей біреу үшін.

Мұқалта алмай мендегі асқақ үнді,  
Зәрінді төк, қура бер қакпаныңды.  
Құн нұрындай қуамын көлеңкені,  
Тіреп тұрсаң, тастай ғой аспаныңды.



## АҚЫН АРЫЗ ЖАЗБАЙДЫ

Жанына жат ақынның жала деген,  
Қараны ақ, ал ақты қара деген.  
Жамандыққа тап соның қолы бармас,  
Ақын арыз жазбайды, жазады өлең.

Сәби көңіл, қардай ақ тілегімен,  
Не айтса да, айтатын жүрегімен,  
Ақын да бір дихан ғой ой егетін  
Адамдарға жырының түренімен.



316



Өлеңімен түйрейді, ашындырысан,  
Сөз түсінбес біреуді басындырысан,  
Ол алқаның гүлі ғой, көркі көптің  
Шабытына дем беріп тасындырысан.

Ақын арыз жазбайды, соны ұғындар,  
Жақсылыққа ғашық ол жаны ділгэр,  
Сондықтан да ақынын сыйлайды жүргт  
Көп ішінен ден қойып, соны тындар.

Санасыздар ақынды қаралаған,  
Нәзік жанын жазықсыз жаралаған,  
Хан көтерген өнерді халқым менің  
Ертеден-ақ ақынын бағалаған.

Жанына жат ақынның жала деген,  
Караны ак, ал акты қара деген  
Жамандыққа барғандар – ақын емес,  
Ақын арыз жазбайды, жазады өлең.

**12.02.1988.**



**317**



## ҮМІТ

Мәнсіз күндер кеудеме тұнетсе мұн,  
Ертеңге үміт келеді сүйеп бүтін.  
Қысқа жібім күрмеуге келмесе де,  
Бір жақсылық күтетін сияқтымын.

Бір жақсылық, білемін, болады әлі,  
Қанаттанам, сыпрып томағаны,  
Басқа түскен бүгінгі бұлдыңғыр күн  
Бұлдырықтай бұлдырап жоғалады.

Ғаділет пен шапағат жол алады,  
Барша тірлік сонан соң оналады.  
Жадаулықтың қамытын сілкіп тастап,  
Көгереді біз жүрген қоғам әлі.



318



Демеймін мен нені аңсап, нені күтем,  
Үмітімді сүйеніш, серік етем.  
Жоктықтың да артында тоқтығы бар,  
Бір жақсылық болады сеніп өтем.

## ШАГАЛА

Күннің көзі тұтылып,  
Сұрланды көктің қабағы.  
Карт Каспий жатыр құтырып,  
Сабалап марғау жағаны.

Атады сүйн тепсендеге,  
Шуылы баурап даланы.  
Құты қашып, бұкшендең,  
Қаңбактар зытып барады.

Жатқанда теңіз долданып,  
Тереннең жынын шақырып.  
Шагала ұшты комданып,  
Жасындай көкке атылып.

Сусылдап құрыш канаты,  
Әуеге тартты қасқайып.  
Сатырлағанмен жай оты,  
Қайтатын емес жасқанып.

Ұрандаған батырдай  
Шаңқылдайды кекті үні.  
Дауылын жатыр басылмай,  
Бас идіре алмай тектіні.

...Әмір де осы-ау, ойласаң,  
Жігерсіздікті ықтырған.  
Жүректен сөнбе, қайсаrlық,  
Киындықтарға тік тұрган!



## ТҮНГІ ЖЫР

Күшагында үйкүнүң,  
Тыншу тауып жатыр жүрг.  
Ұстапайды-ау жыр-құйын,  
Құрсын бүйткен ақындық!

Мазалаған көп ойдан  
Миң бейне қорғасын.  
Көніл шіркін тоғаймас,  
Жыр ұстапай қойғасын.

Елендейсің селт етіп,  
Естілген сәл дыбыска.  
Ұйқы қашып, өң кетіп,  
Киялыңмен тыныстап.

Үңілесің сағатқа,  
Ертеңгі істі ап ойына.  
Көп ұзамай таң атса,  
Жыр да қалар жайына.

Терезеден үрланып,  
Сығалайды ай келіп.  
Жазғаныңды сынға алып,  
Отырғаның ой теріп.

...Ең көрікті ой туып,  
Өлең жолын шумактап.  
Мәз боласың таң қалып,  
Жыр-бәбекті құндақтап.



320



25.08.1984.

\* \* \*

Бұтін тұнде,  
Жаным, маған үйкі жок,  
Сезімімнің шабыт қакты қақпасын,  
Өлең келді, маза берер түрі жок,  
Көз ілермін соның бабын тапқасын.  
  
Сырлы әлеммен,  
Қасиетті өлеңмен  
Сырласуға мен оңаша қаламын,  
... “Айлы тұнде нұр жауады” деген бар,  
Оңғарылыр өлең құған талабым.  
  
Тентек желдің ызыңына құлак сап,  
Ойға шомып, сөз інжуін қазармын.  
Откір тенеу, тапқыр ойды тұзактап,  
Кім біледі отты жырлар жазармын?..  
  
Бұтін тұнде,  
Жаным, маған үйкі жок,  
Сезімімнің шабыт қакты қақпасын,  
Өлең-қыздың маза берер түрі жок,  
Тынығармын таң ағарып атқасын.



321



## АҚ ЖАУЛЫҚТЫ АБЫЗЫМ

Ұзақ жылдар ауырса да, асқақ қалып  
жоғалтпаган апамыз Айша Оңайбекқызына

Өсірген өзің ұл-қызың қазынаң, кенің,  
Дес бермей дертке, сүйенген қазығың- сенім,  
Есікке барып, мұң болып төрге жетуің,  
Отырмысың сен, ақ жаулық абызым менің.

Еңсені езіп, қаяу мұн жаншылағанда,  
Жанымды кейде сумаң сөз қамшылағанда,  
Шалғайдан болсын, жан апа, ұшамын саған,  
Қара шалдардың орыны ойсырағанда.

322  
Үзілсе үміт, тірліктे кетер кетеуің,  
Кашанда бейнет қайтарар үлес-өтеуің,  
Келгенде саған кетемін ұққандай болып  
Өмір дегеннің бітіспес майдан екенін.

Келтіріш күйге тірліктің қобызын керім,  
Ұяңның құрап әлі де негізін өзің,  
Айдында жүзген біз-кеме, шамшырақ болып  
Кол бұлғап тұршы, ақ жаулық абызым менің!

**11.05.2000.**

## АРНАУ

*Мұқағали Макатаевқа*

Өлеңімен өрнектеп ел мұратын,  
Жыр бәйгеде пырағын оздыратын  
Мұқағали ақынды жиі іздейміз  
Әр жүрекке шуағын қондыратын.

Алматының бір әсем кеші есімде,  
Көрдік оны Абайдың көшесінде.  
-Мұқағали әне отыр,- деді досым,-  
Өлең тұнып ойының кесесінде.

Қыз балтырлы қайындар арасында,  
Ие болып бір ғажап жарасымға,  
Омырауын самалға ашып тастап,  
Бізге өлең оқыды, нанаңың ба?

Шабыт отын үйіріп жанарына,  
-Оқимын, -деп- өлеңді, қарағыма,  
Толғап кетті қазактың Сарыарқасын,  
“Зер жамылды- деп – біздің дала мына”.

Өлді деуге оны адам қимайды анық,  
Көкірегіне отты өлең сыймай қалып,  
Мұқағали ағамыз кетті-ау деймін  
Болмысымен мәңгілік жырға айналып...



323



12.07.1977 жыл.

## ҰСТАЗҒА

*Халық мұғалімі Құсайын Айтқалиевке*

Елестетіп көзіме дария болған бұлакты,  
Аман-есен жүрмісіз, ұстаз аға лұғатты?  
Мұхит десек өмірді, білім болса кемеміз,  
Кол бұлғайсыз алыстан жарық жүлдыз сияқты.

Кемел ойға сай келіп жомарт жүрек, нар талап,  
Абыроймен келесіз “Ұстаз” атын арқалап.  
Ертеңіне халқымның алаңдасақ сіз болып,  
Қазағымның базары емес мәнгі тарқамақ.



324



Тәліміңнің мәніне ден қоямын, ұғамын,  
Қанаттанып кеткендей асқарыма шығамын.  
Тұлеп ұшқан қолыңнан бір құсындаі сезінем,  
Болса керек осындаі шын мәнінде мұғалім!

Жүргіме ұялап ақыл сөзің, болмысың,  
Жетелейді кияға өнеге алар онды ісің.  
Сынығындаі алтынның жарқырай тұс,  
тот баспа,  
Көтере бер талмастан халқыңның  
мол алғысын!

## ӨМІРІНІҢ МҰРАТЫ

*Айжан Қарақызы Тәшеновага*

Мұғалімдік мәнісін жан-тәнімен ұфатын,  
Асыл жандай айнымас, мәрт қалпында тұратын  
Сені көрдім, Айжан-ау, сені көрдім, ардактым,  
Ұстаздыққа арнаған өмірінің мұратын.

Білгендерге бұл өмір сан тарқатты жиынын,  
Өзгермедің сен бірак, мектеп болды бір үйің.  
Мұхитынан білімнің інжу теріп келесің,  
Бағындырып өзіңе қынның да қыннын.

Кейбір шакта жанынды жабырқатып нала-мұн,  
Шаршатқан да шығар-ау шулы кезі баланың.  
Жүргіңің шуағын шашып тастап ондайда,  
Ұлағатын таныттың кемел ойлы дананың.

Төбемізден, мінеки, жүйрік жылдар тұр ағып,  
Өнегелі ісің көп шәкірт алар мұрағып.  
Шын ұстаздың соңында ізі қалар өшпестей  
Шын ұстаздың есімі ұмытылmas, бұл- анық.

Жұлып берген балаға жүргінің жақұтын,  
Ізгілікке байлаған бар ғұмырлық уақытын  
Өзіңе алғыс көп бүгін ұрпақ айтар әлі де,  
Ұстаздықтан табылсын іздеген зор бақытың.



325



*Қыркүйек, 1998 ж.*

## ЭЛЕГИЯ

*Інім Өмірге*

Тентегім-ау,  
Жапырағын жаймаған өркенім-ау,  
Көктей түсіп, қайтадан солып қалып,  
Сен мені өртедің-ау!  
Бәрі қалды-  
Қызығың, қуанышың,  
Жан-жүрегім тілініп жылады шын,  
Неге асықтың өмірді көрмей жатып,  
Тетелесім, бірге өскен жұбанышым?!  
Білесің ғой,  
Мен ылғи бір сен дедім,  
Қатарыңнан кем қалмай жүрсөң дедім,  
Қапияда өзіңен айырылып қап,  
Жел өтінде қалғандай бұрсендердім.  
Колдан келсе,  
Өлімге қияр ма аған?  
Ертеңінді көрмедің қиялдаған,  
Шарасызбын қайтейін, қош бауырим  
Менің тар мандайыма сия алмаған...



326



**08.08.1981.**

## СОНГЫ РЕТ ҚОШТАСТЫМ

*Тағы да інім Өмірге*

Жылау үні шығады қараша үйден,  
Егіледі қам көніл қара киген,  
Жылау айтып сыңсиды апаларым  
Бозторғайша бауыры отқа күйген.

- Мен кісіге жамандық жинамадым,-  
Деген оймен мен дағы қиналадын.

Жығылғанға қол ұшын берсем дедім,  
Осы ма, тағдыр сонда сыйлағаның?

Мұңайғанның мандайын сипасам деп,  
Куанғанның жанында шырқасам деп  
Жүргенімде өзімді соғып өтті  
Қайғы деген қатігез бүркасын кеп.

...Жоктау үні келеді безілдеген,  
Көнілім ояу, ойларым көз ілмеген.  
Кетер едім, қанаты сынып қалған  
Шағаладай өзімді сезіндім мен.



Ең соңғы рет коштастым өзіңменен,  
Сарқылды ұстамдылық, төзім деген,  
Шыркырайды жүрегім кеудемдегі,  
Сонда мен көмбей жатып сені іздегем.

Ісі болып бәрі де қас-қағымның,  
Мұң торлады жанарын дос-жарыңың,  
Тарады жұрт, мен тұрмын тұсалғандай  
Ұзай алмай жанынан жас қабірдің.

Мен сен үшін, інім-ау, балғын өнді,  
Топ кісіден бөлініп қалғым келді.  
Қара жерге, білмеймін, кимадым ба?  
Топырактан тазартып алғым келді.

**08.08.1981.**



328



## БІР БАЛА

Ол ақының әрі көркем бала еді,  
Биңтерге жету еди талаңы.  
Мұны байқап кырсық түсті соңына,  
Артты солан әміршің алғері.

Ұнтысса да бейне кайтвас сарбаздай,  
Кырсық келтеп шыға берді ормандаі,  
Бірі кітеріс, сірі шалды зияттан.  
Күлән си жолы калды жағаноай.

Ақшылтын, зілліктің жәкіны,  
Азенбай из жарқылтаған балыны  
Еп ал бала сүйеншін гаптады.  
Ақол болып кырсық жетті ақыры.



Кітмәғенлас кың соңынан кырсыны.  
Демейсіндер “Бал. міне, тынышын”  
Тынмынды үттіндей күні сөрген  
Көзата тілек хана бала жүргүшті.

## ӨЗІҢМЕН БІРГЕ

Өзіңдей кім бар  
Алдынан асқақтап шығар?!

Көзің бе еді ұлдар  
Барғанда қашқақтап бұғар?

Сен кеткелі орының ойсырап, қартым,  
Елесің қапты көгалда ат баптап тұрар.



Жан жоктай қамкор  
Күм басқан шарбағың жатыр,  
Аруана аунар  
Күл шашқан шандагың тақыр,  
Төрт көзі түгел отырып, көлеңке бакқан,  
Мұншама неге болды екен ұлдарың пакыр?!

330



Ісінді күйттер  
Жок екен, кора жұтаған,  
Үрерге ит жок,  
Көз тұнар алабұтадан.  
Қиюы қашқан тірлікті көргендер бүгін  
Еске алар ылғи өзінді, елге құт адам.

Қаусаған дүние  
Көргенім, сөгілген ірге,  
Дей алмады ешкім  
“Оңалар, көнілді бірле,”  
Береке-бірлік, ер-намыс, бак-дәuletтің де  
Кеткениң білдім, қартым-ау, өзіңмен бірге.

## АҚЫН ҚӨП БОЛСА...

Лауазым өсіп, кетті ме таныс жатың бол,  
Дөңайбат кейіп танытып, дедін: “Ақын қөп”.  
Көкірегінен түйгендей болдың оны анық,  
Ізгіліктерге жүретін жанды жақын бол.

Жырымен корғап халқының әр кез мұддесін,  
Жырымен жалғап сөгілген елдін іргесін.  
Жүруші еді, қызығынмен сен қеудемсок  
Ашындырын-ау, аңынан итше үргесін.

Халыкты кинар басшының сендей көптігі,  
Кара басы мен карынан басқа жок мұны.  
Карлығаштайын канатымен су себер  
Ақыны елдін үмітін жағар оттығы.



331



Ақын қөп болса. Тәнірдін ол да бергені.  
Санаға – сауле. жүрекке нұрлын енгені.  
Жатынды жырға сай келмесін біт ештене.  
Жігерді жанып, оятар кездे пендені.

Ақын қөп болса – халқының бағы. соны ұтын,  
Көрікті жырлар жағалы тірлік көрігін.


Зымияндыққа шыдамай, іштей таусылып,  
Ақындар ғана мезгілсіз қияр өмірін.

Тартылар бір күн ақиқаттың да безбені,  
Өшірер уақыт әкімді, байды, өзгені.  
Артында қалар мұра боп көпке, жаңғырып  
Сен менсінбейтін ақынның өлең сөздері.

**27.12.2000.**



332



## ТОРЫГУ

(Әбдірәшітің Жарасқаны өлген күні жазылған  
өлең)


Ақын болма, ұлым, сенен отінем,  
Жалғаншы өмір аямайды беті көн.  
Шыр-пыр болып күйіп жүріп ақындар,  
Келмес түпке кетіп жатыр шетінен.

Қызыгумен, қызынумен өтті өмір,  
Оны қайтсін ку тіршілік – көк темір?  
Тұншықтырган қараңғылық құшагы  
Ақын да бір, бір жалт еткен от та бір.

Имансызбен ғұмыр бойы жұлқысып,  
Ақын болсан, мәңгі өтерсің мұн құшып,  
Өлең жазып отырғанда аспандап,  
Содан кейін жайдак жерге мың түсіп...



333



Ақын болма, салмак артып жүрекке,  
Ақылға сал, қайратың мен білекке,  
Мылқау дүние мұктаж емес тірекке,  
Ақ жарылып ақын айтқан тілекке!..  
Ақын болма!..

## БАЙЛАУЛЫ ИТТЕЙ...

Мен адамды жаманатқа қимадым,  
Келер еді шуағымды сыйлағым!  
Қарау-сұмдар қапияда сокқы ұрып,  
Ұсынады, ұшырады “сыйларын”.

Деппін соны “мандайыма жазғандық”,  
Солар үшін мұның өзі –озғандық...  
Бұ заманда китүрқылар озып тұр,  
Алдарына “мықтыларды” қорған ғып...

Үқпалында кеттім талай жалпының,  
Мазалайды тынышты алып жалқы мұн.  
Көпке сеніп жүргенінде камсаусыз  
Кояр емес, қанжар ұрып, шашуын!..

Таба алмадым ауан көніл іңкәрін,  
Бір көсліп шаба алмады тұлпарым.  
“Өзім” деген өзегімнен тепкенде  
Байлаулы иттей шынжырымды жүлқамын!



334



## ӨКІНІШ

*Мизамбай ағамның руҳына*

Ауырғаның жатса дағы естіліп,  
Мына інің танытпады естілік,  
Күйкі тірлік қамыт болып мойынға,  
Жүре берді ерте күнді кеш қылыш.

Сен бар-ау деп көніліне ілмеген,  
Жоғалған соң опық жеген, іздеген,  
Дүниеде мендей ессіз бар ма екен,  
Бұл жалғаның жалғандығын білмеген?..

Айтарынды жеткізе алмай толғап кең,  
“Келмеді-ау” деп, сәлемінді жолдал та ең,  
Аға, кешір, алшаң басып жүрген соң,  
Сені осынша тез кетер деп ойлап па ем?

...Жаралған соң тірлік-күрес басталар,  
Мұнданармыз, кей күніміз қош болар.  
Інілерім салмай кетті ат ізін,  
Іздер бір күн, бірак бәлкім кеш болар...



## АДАМДАР, АРАЛАСЫНДАР!

Шайтан дер:  
“Араны ашындар,  
Ұрыс сап,  
Жағаласындар,”  
Сенсендер,  
Оң аларсындар,  
Өлсендер,  
Жоғаларсындар.  
Ал сендер  
Араласындар!  
Өмірге адам келуде,  
Төбенен ажал төнуде.  
Тірлікте асығып қал  
Адамға қолды беруге.  
Бай екен,  
Жок екен деме,  
Нар екен,  
Кор екен деме,  
Тірлікте сен жүзген кеме  
Батпасын, иықпен деме.  
Картайсан,  
Жоғалар күшін,  
Ортайсан,  
Оңалармысын?  
Дұниеден озады әркім,  
Кеткен соң  
Таба алармысын?  
Адамдар, араласындар!..



## АСЫҚҚАНЫҢ НЕ?

(Жаңаөзендік жас өнерпаз Абай Ашырқатов  
қаза болғанда)

Жан едің-ау сен, жақсының ғашық бәріне,  
Тербей бастап ең өмірді қосып әніңе,  
Пенденін бәрі түбінде баraryы анық,  
Мұншама ерте кетуге асыққаның не?

Ауылына өнердің келіп қондың да,  
Аз ғана күн біздерге серік болдың да,  
Ақ самал сынды есіліп жүруші едің,  
Аkkөнілдіктен ажалға сеніп қалдың ба?

Қадірі түскен қандайма ғазиз бастың да,  
Тұлқі заманнан түніліп аулақ қаштың ба?  
Ойларың дағы көп еді, тойларың дағы  
Жатқан болды ғой сүм ажал аяқ астында.



Анырап қалды жан-жағың азасын тұтқан,  
Селт етер едің, көңілдің наласын ұксан,  
Түк болмагандай жайранდап сен кете бардың,  
Біз қала бердік артында шарасыздықтан...

## ЖАЛҒЫЗ МОЛА

Жол бойында қалқиған жалғыз мола,  
Төңірегі аңқыған жалбыз дала,  
Жалғанды жалпағынан бассаң дағы  
Ей, жолаушы, көзің сал, данғырлама.

Уақыт жүйрік, ат емес құрықталар,  
Әмір-өзен деменіз тұнып қалар.  
Бірақ жолың бір күні сенің дағы  
Осылайша бір жерде тұйықталар.

“Өте шығар сүм тағдыр шәлкем-шалыс,  
Аскактама, жолаушым, тәубаңа тұс”, -  
Дегендейін қалқып қарай берер  
Жалғыз мола қауымнан қалған алыс.



338



Жолға шықсан, көлбендер жалғыз қара,  
Таяп келсен- қалқиған жалғыз мола,  
Тұнде оны қориды байғыз ғана,  
Төңірегі аңқыған жалбыз дала...

## ӘРУАҚТАР, ҚАЛҒЫМАНДАР!

Шыңырауға сай келсін тереңіміз,  
Асып, шалқып жатса да кемеріміз,  
Аскактасын аспандап өлеңіміз,  
Тәнірден соң әруактар – сенеріміз.

Темірбаба, Пір Бекет, Қызы әулие,  
Қараманнан талайға жеткен кие.  
Манғыстаудың жерінде әули көп  
Нанымына пендениң болған ие.

Жалған дүние, ку тірлік – баяны жок,  
Төнері хак ажалдың талай рет.  
Әруактарға сондайда сиынар жан:  
“Шапағатын бізге де жаяды”- деп.

Артта – соқпак, тірлікте алдымыз – жар,  
Жүрегің – от, кей шакта жаның ызғар,  
Қиналғанда әруакқа жүгінеді  
Батырың да, байың да, талай мындар.

Өмірде бар өрлеу мен сан құлаулар,  
Жаңсак басу, жаңылу, қалжыраулар,  
Дертке қуат беретін, жанға медет  
Әруактар, ешқашан қалғымандар!  
Әруактар, ешқашан қалғымандар!



\* \* \*

Өлім жайлы көп жазсақ та, ақыным,  
Ажал шіркін жазар емес тақымын.  
Дүниеге жаралған соң жан иесі  
Өмір сүріп, гүлденуге хақылы.

Өлім жайлы, өлу жайлы айтасың,  
Тірлік иесін көрге қарай тартасың.  
Шырқырайды ол өмір үшін құлышадай,  
Аңызак сынды кептіресің анқасын.

Туғаннан соң өлерін жұрт біледі,  
Сағат сынды соғып тұрған жүрегі,  
Ілінгенше қармағына уақыттың  
Пенденің хак күресері, құлери.

Өмір, өлім емес қой еш жаңалық,  
Күн мен түндей алмасады аралық.  
Көрініп тұр өткінші өмір мысалы:  
Біздер үшін өлді енді балалық.

Көрген талай ит-тірліктің әуресін,  
Қызығын да, қорлығын да, әрнесін  
Ата-баба артық көріп өтіпті  
Мың пейіштен бір күнгі өмір сәулесін.

Бұл ажалға кеткен адам хақы мың,  
Көріп келем, мен де содан запымын.  
Өмір үшін күресуде бар тірлік,  
Соны аңғарып, жырлайықшы, ақыным.



\* \* \*

*"У поэта нет карьеры, у поэта-судьба"*

*Александр Блок*

Бұл өмірден алып кетер еншім жок,  
Бәрі, бәрі, ертең бәрі қалады,  
Менің өткен жолдарымнан кеміс іздең,  
Болмасын тек көңіліңнің алаңы.

Жатыр, әне, менің жүрген іздерім,  
Ғашық болдым, өлең жаздым, егілдім,  
Ала таңнан үмітімді үзбедім,  
Ақ қағазға қара өлең боп төгілдім.

Керегі жоқ атак, байлық, мансаптың,  
Күнгейі аз ит-тірліктен шаршадым,  
Есірік-күн есімді алып, сан соқтым,  
Сезбеппін-ау не екенін аңсарым.



341



Көкірегімнен көк кептері өлеңнің  
Ұшып кетіп, қондыра алмай алаңмын.  
Құлағаным осы, міне, көр енді,  
Жел соққандай жапырағымнан тоналдым.

Бұл өмірден алып кетер еншім жок,  
Алқымдама, тас-тағдырдың қолдары,  
Пенделіктің ауылын тастап, келші іздең,  
Өзімді емес, сөзімді тап болғаны...

## ЖАЛҒАН

Күндерім барады өтіп күйбенменен,  
Жеткізбес жұмбак бакты іздеуменен.  
Өмірдің көбі кетіп азы қалды,  
Қай жерде қайырларсың, жүзген кемем?..

Себебін мұнша мұнның кімнен көрем?..  
Талайлар жүріп өткен ізден көрем,  
Алдында келе жатқан күзден көрем.  
...Үзіліп, қаларсың-ау бізден де, өлең!..



342



## ҚАЗАҚСТАН ЕШҚАШАН ҰМЫТА АЛМАС

Күрдымында  
Зұлматтың- тажалыңың,  
Бірі болып,  
Жазықсыз жазалыңың,  
Жұтылыпты  
3 000 000 алтын басы,  
Қайран менің,  
Қаймана қазагымның...

Күғын-сүргін...  
Болар ма “мазағың” – мұң,  
Ойсыратқан  
Ортасын базарымның,  
Толтыра алмай  
Орынын келеді әлі,  
Уақыт дағы  
Сол жылдар азабының.




343



Тектілерім  
Окка ұшты, тепкіленіп,  
Кектілерім  
Көкке ұшып, кетті легіп...  
Тентіреді,  
Тер қатып тебінгіге,  
Бірак өлім  
Жетпеді өмірліге...

Дала жатты,  
Кеудесін нала қыскан,  
Қойны толмас  
Моладан айнымастан,  
Төрін алып  
АЛЖИР мен ҚарЛАГ-тар  
Бұғауланды,  
Тапталды Қазакстан...



344

Үзіліп тін  
Өнеге, өсиеттен,  
Айырылды ел  
Мәрт текті қасиеттен,  
Айдын еді,  
Айналды лайсанға,  
Кім көрінген  
Үстінен кешіп өткен.

Кезі жок-ты  
Өмірдің жасық өткен,  
Қара үздіріп,  
Сол зұлмат ғасыр өткен,  
Қыршын кеткен  
Қос көкем еске түссе,  
Еңсе тіктей алмаймын  
Қасиреттен...

Кызыл қырғын—  
Бүгінге жетер елес,  
Жеңді әділдік,  
Зорлыққа қылған егес.  
Ел жадынан  
Зұлымдық өшпесі анық  
Еске алайық,  
Еске алмау мүмкін емес!

Жаралғандай  
Қашаннан өр намыстан,  
Қырандайын  
Шындарға талмай ұшқан,  
Сол қаралы жылдарын  
Ұмыта алмас  
Құшак ашқан талайға  
**ҚАЗАҚСТАН!..**



**29.05.2010.**

# АЛШАНДАП КЕЛІП ҚАЛАРДАЙ...

*Ерхан Аманжоловқа*

Ағайын мен туғанға,  
Ерака, көңілің бөлек-ті,  
Аймандай Сіздей азамат,  
Қай кезде де керек-ті.  
  
Айтарың бар жұртына,  
Ойың мен санаң зерек-ті.  
Шақыру жетсе, ден қойып,  
Алыссынбай, жатсынбай,  
Айналып түгел шығушы ең,  
Ақтау мен Өзен, Сенекті.  
  
Тартатын сөзді көнеден,  
Жекжат десе демеген,  
Көрінетін әрдайым  
Жырадан емес төбеден,  
Жұғысты болсын ұл-қызыға  
Қайнаға, осы өнеген.  
  
Жақсылық көрсө тасатын,  
Әлеңмен тойды ашатын,  
Өзіңіз жоксыз бүгінде  
Алқаға шырай қосатын.  
  
Өтуде уақыт санаулы-ай,  
Жүйткиді күндер оралмай.  
Тұщыбек жакқа қараймын  
Алшандап келіп қалардай...



346



*Ақпан, 2010 жыл.*

## **ЖУРНАЛИСТЕР**

Жақсылықтың айнымас  
жаршысындей,  
Патша төрге шығарған  
олқысынбай.  
Журналистің керексе сөзі мірдей,  
Бабамыздың  
бұзау тіс қамшысындей.

Ар-намысын  
бәрінен қойып биік,  
Дәріптейтін  
асылды көнілі сүйіп,  
Зұлымдықты көргенде  
шыдас таппай,  
Арашада жататын  
өзі күйіп...

Өзгерістер,  
сан қилы төңкерістер,

Іргелі істер  
немесе ізденистер...

Бар лұпілін  
дүбірлі дүниенің,  
Жүрегінен өткізер  
журналистер.



347



Қала айналып,  
жүрсө де дала айналып,  
Таңмен бірге  
атады арайланып,  
Өйткені ол,  
ел-жүргіттың тынысына,

Ғашықтықпен  
әрдайым қарайды анық.

Әрбір сәттің  
байыбын жіті андар,

Үмітті де  
үзілген қайта жалғар,

Ешқашан да  
журналист бола алмайды.

Санасы пәс,  
жұтаң ой, қарау жандар.

Лапылдаған  
жанының жалын оты,

Ең қыны  
оларға – ардың соты.

Жаксысы мен жаманын  
сарапайтын,

Журналистер –  
елінің патриоты!



Темірқазық

сынды ел көгіндегі,

Қардай аппак,

қылаусыз көңілдері.

Отан десе

От болып жанатұғын

Журналистер –

мұқалмас жауынгері.

Кетсе де олар

келместің кемесінде...

Шығады алдан

жылдардың белесінде.

Журналистер –

тарихты жазушылар.

Аты қалар

Мәңгілік ел есінде!



## БӘРІМІЗ ДЕ БЕКЕТ АТА ЕЛІНЕН

Түркістан бардым,  
Арыстанбабта көп халық,  
Ағылып жатыр,  
Ақ ниеттерін актарып:  
«Жебемесе өлі – тірлікте кетпес бак дарып!»,  
Тәуба айттым іштей,  
Ғұрыпқа қалған сақталым.

Мешітке кірдім,  
Ұсынды орын төрінен,  
«Келген жігіт деп Бекет атанаң елінен»



350

Толқыдым қатты,  
Мерейім кетті асқақтап,  
Келгенім рас,  
Пір атам жатқан жерінен.



Сонан соң сонау,  
Ғайып Ерен қырық Шілтен басында,  
Аңыз тарихтың іздерін көріп тасында,  
Тізені бүгіп, тәу етіп түр ем,  
Шыракшы:  
«Оғыланды мұнан биік пе? – деді – расында».

Толғандым іштей,  
Биік дегенім жарамас,  
Бүтін бір елміз,

Қашаннан жатқан аралас.  
Жауабын күткен ағаға қарап дедім мен:  
«Оғыланды біздің осы таулармен шамалас».

Шымкентте естіп,  
Әулие Үкаша атағын,  
Қашық та болса,  
Басына бардық атаниң.  
Кұдышына оның барғандар қауға ататын,  
Қауғасы жұрттың  
Бос қайтып көбіне жататын...

Кұдышқа мен де:  
«Бекет!» деп қауға тастадым,  
Ұятты ойлап,  
Рас-ты және сасқаным,  
Сиынып Пірге арқанды тарта бастап ем,  
Су толы қауға!  
Биіктеп кетті аспаным!

Жол бастаушы Талғат:  
«О баста-ақ сізге сенгенбіз,  
Ата еліненсіз, алдымен кезек бергенбіз», –  
Дегенде көптің назары маған ауды анық,  
Сөз айттым сонда оларға қарап, толғанып:  
«Әлемдегі жалғыз Қазақстан деген жерденбіз,  
Бәріміз де Пір Бекет тұған елденбіз»



351



## ТУҒАН ЕЛ

Дұға сынды қайталап,  
Сан айтсам да атынды.  
Сұлу сөзбен мұсіндең,  
Арнасам да хатымды  
Мен жеткізе алмаспын,  
Айналайын, тұған ел,  
Жүргегімнен жаралған  
Саған махаббатымды.



352



Казағымның қанының,  
Тамшысы бар қанымда.  
Намыс үшін күрестің  
Тартысы бар жанымда  
Осылар деп ойлаймын  
Әмірімнің тірегі,  
Осылар деп ойлаймын,  
Бақытым да, барым да.

Сен дегенде елеңдеп,  
Атты таңым, батты күн.  
Биік болса екен деп,  
Сенің әркез шоқтығың.

Сен арқылы білінер,  
Көңіл күйім менің де,  
Байланысты өзіне,  
Мұным, қайғым, шаттығым.

Беті қайтты бүтінде,  
Сан ғасырлық ызғардың.  
Гүл жайнаған ертеңгі,  
Болмысыңа ділгәрмін.  
Жаса, жаса тұған ел,  
Аман болшы әрдайым.  
Дүниеде сен тұрсаң,  
Армансызбың, мен бармың!



## **21-ИНШІ МЕКТЕП БҰЛ**

*(Ақтаудағы №21 мектеп мерейтойында  
окылған өлең)*

Кұрсаулы кезең  
қақырап қалар шағында,

Тәуелсіздіктің таңында.

Есігін ашқан 21-інші мектеп бұл,

Қаская қарап ағынға.

Әрімталдарын аялап,  
балтап бабында,

Дес бермей

абыр-сабырға,

Аяғынан нық тұргызған мектеп бұл,

Ел ертеңінің қамында.

Салғанда

білім, ақылға,

Көрінген әр кез

шын жүйріктердің сапында.

21-інші мектеп бұл,

Кенде емес ақын, батырға.

Киыныңа да

ауырға,

Шыдас беретін,

суарылғандай жалынға,



Ұстаздары бар 21-інші мектеп бұл  
Дәріс беретін ибалы қыз бен өр үлға.


Кызмет десе  
Жүретін есік, төр демей,  
Ол тізгін қақса,  
мүмкін емес қалу өрлемей,  
Басшысыменен 21-інші мектеп бақ күшты  
Сансызбайқызы Сәуледей!

Нақылға толы әр сөзі,  
Білімімен,  
бірлігімен еңселі.

Ұстаздарымен 21-інші мектептің  
Шыңдалуда өсіп  
Казак елінің ертеңі!



355



Шәкірттері балар,  
Алтын ұяға, асылға,  
21-інші мектеп бұл,  
Бүгін 21 жасында,  
Бөленеді даңққа ол осы  
21 ғасырда!  
Өйткені, жақсының бәрі осында...

22.11.2011.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫНА

Қай елге де ұлы мұрат-Азаттық,  
Қазағымның бағы жанды, бостан ол.  
Тайқы тағдыр ойнаса да мазак ғып,  
Еркіндікке омырауын ашқан ел.

Тұлпар уақыт тізгін бермей алға ұшып,  
Ағып өтті одан бері жиырма жыл.  
Жас пен кәрі әр сәт сайын алмасып,  
Күні жетсе құбылатын өмір бұл.

Ей, жас өрен, жиырмадасың сен дағы,  
Касиетті Тәуелсіздік құрдасы.  
Өз қолында болашақтың байрағы,  
Уақыт бөліп, айтарымды тыңдаши.

Қазақпаз біз от пен нұрдан жарапан,  
Тұпқі атамыз сақ дейді, ғұн дейді,  
Қандай киын шакта да өсіп-өне алған,  
Тарихымыз ел болуға үндейді.

Бұтағымыз алып дарақ түркінің,  
Атажұртта қалған алтын қазығы.  
Ғұламалар таратады бар тінін,  
Оған дәлел тасқа жазған жазуы.



Сан кешсе де жаугершілік заманын,  
Ар-намысын құлатпаған биқтен.  
Ел болудың ойлап небір амалын,  
Біздің қазақ жұдырықша біріккен.

Қарсы тұрған жонғарға да, қалмаққа,  
Бұғаудыңда ширығумен үстемнің.  
Алауыздық түсіріп кей қармаққа,  
Ортак жауға қарсы тұрар күш кем-ді.

Сонда дағы қайыспастан құресті,  
«Елім-айлап» қайта тұрған қазағым,  
Біріккенде дұшпандардың үні өшті,  
Серпе білді қияметтің азабын.

Қарсы шығып, ханыңа да патшаға,  
Каймықпады ату, асу, айдаудан.  
Қырылып қап, қаны судай акса да,  
Танбады еш азаттықты ойлаудан.

Осы жолда шаһит болды ерлерім,  
Оның бәрі тарихымыз хаттаулы.  
Он бес елмен одақ болып «мызығымас»,  
Шикізатты өлке атандық мактаулы.




Жетпіс жылдай бағынумен Мәскеуте,  
Ұмыт бола жаздады тіл, дәстүр де.  
Сананы да құрсаулады «измдер»,  
«Тенденгіміз» болып шықты бет перде.

Бет пердені сыпыратын күн туды,  
Қайнаған кек жанартаудай сілкінді.  
Мың тоғыз жүз сексен алты, желтоқсан  
Алматымда жас қазағым бұлқынды.

Найзагайша жарып өтті бұлтынды,  
Білмеді олар ештеңеден үркуді.  
Үстем күшке қарсы атылды барыстай  
Зымиян ойлар көздесе де құртуды.



358



Құрта алмады, үшқын оттай лаулады,  
Шарпылды отқа Одақтың кей аумағы.  
Бакуменен Тбилисиде, Ригада,  
Желтоқсанның батырларын колдады.

Бастауы бұл – бостандыктың, елдіктің,  
Арманы бұл – бодан болған сан жүргіттың.  
Өтеуі бұл – қан мен тердің төгілген,  
Жетуі бұл – қазағыма тенденкітің!

Бес жылдан соң азаттықтың таңы атты,  
Ең бастысы қазағымның бағы артты.  
Казақстан егеменді ел болып,  
Түбірімен қоғамды да жаңартты.

Десек дағы бұрынғы одак тарқады,  
Мүмкін болмай кенге салу арқаны.  
Азаматты тыншу тауып жатқызбай  
Әр қыырға салып қойды ел қамы.

Талай сыннан өтті еліміз сүрінбей,  
Қадамы нық, еркін жүргіттың біріндей.  
Іс біте ме ерлер білек түрінбей,  
Нар жолында жүк қала ма бүтілмей?!

Деген болды: « өнбес іске бағындық,  
Баяғы өткен марғау кезді сағындық,  
Өзгелермен иықтаса жұлынбай,  
Келе жатқан жолымыздан жаңылдық».

Қыын кезден өткен халқым сыналып,  
Мұндай ойды құп көрмес-ті, бұл анық,  
Биік тұтып тәуелсіздік байрағын  
Максат білді ел болуды құралып.



Дес бермestен бос уакытқа, ағымға,  
Бар мұратын айналдырмай сағымға.  
Болашакқа жасап жатыр нық қадам,  
Қазақстан өркені өсіп, дамуда.

Тәуелсіздік бақытым да мерейім,  
Сен тұршы тек, бар қынды жеңеүін.  
Сен тұрганда аскактаса қазағым,  
Бар бақытым өзің демей, не дейін?!

Ей, жас өрен тәуелсіздік күрдасы,  
Ертең дағы елеулі іс көп, бұл – басы.  
Ата-бабаң бар ғұмырын сарп еткен,  
Отан жайын ойлаудан бір тынбашы!



360



Біліп өсші бостандықтың қадірін,  
Халқымыздың салтын, тілін, нанымын.  
Кайда жүрсөң, бір сәт естен шықпасын  
Отан деген оттан ыстық, өр ұғым!

## ҚАДИША

*Жаңаөзендік ұстаз Қадиша Спаевага*

Балалық шақ қол бұлғайды сағымша,  
Жастық дәурен лаулап өтті жалынша,  
Акку күстай алты қырдан астыныз,  
Белесініз күтты болсын, Қадиша!

Бәйшешектей үлбіреген қыз едің,  
Өрімталдай өстің, бой да түзедің.  
Арман куып, сүйгеніңе қосылып,  
Бақытынан жайнай түсті гүл өнің.

Бұжалғаның күн мен түндей өтпелі,  
Коса жүрер ызғар, дауыл, өкпегі.  
Сені дағы асылынан айырып,  
Есімізде қайғы салып кеткені...

Бірак, бірак, бәрі де өтер сенсеніз,  
Мұны адами ғұмырменен өлшеңіз.  
Беу, Қадиша, «тұяғы бүтін тұлпар жоқ»,  
Киналсақ та тұспесін еш еңсеміз.



Ұстаз болдың,  
Шәкірт көшкен алдыңдан,  
Сәби сана әр сөзінен жаңғырған.  
Ұстаз болдың жас ұланға сүйікті,  
Жүректерге өшпестей із қалдырған.

Жылдар мейлі,  
Жүйтки берсін алға асып,  
Өмір солай өте берер алмасып.  
Ұстаз деген бақытты ғой жататын,  
Ұлағаты шәкіртінде жалғасып.



362



Шүкір дейік,  
Ұлың және қызың бар,  
Туған-туыс, ел-жүртүң мен түзің бар,  
Тағы десе, катар-құрбың біз бармыз.  
Жақсылығың, сайрап жатқан ізің бар.

Тұлпар уакыт жүйтки берсін барынша,  
Куанайық белес жылдар алынса.  
Әрбір жасың құт-береке әкеліп,  
Алға карай қарыштай бер,  
Қадиша!

## ШЫНДАЛУ МЕКТЕБІМ

(Жаңаөзендергі №3 кәсіптік-техникалық  
училищенің 30 жылдығында оқылған өлең)

Өзінде қалып шалдуар шағым өтпелі,  
Асыл арманның бүршігі сенде көктеді.  
Құрыштай бекіп, қыран боп ұштым көгінен  
Армысың, менің шындалуымның мектебі.

Талаптың атын мінгіздің бізге еншілеп,  
Үгіліп езің, өзінен шықты ер түлеп.  
Күрмеуі киын тірлікте көрсек қағажу  
Анадай бейне құшаққа тарттың сан сүйеп.



363



Зымырап жылдар тай басты бүгін ат ізін,  
Тұлектер сендік сап түзей қалса-шеті ұзын.  
Қандай күнде де шаңырағың тұрсын  
шайқалмай,  
Дарысын құт боп орданы бұзар отызың!

Тамыры бекіп, жапырағын сенде жайды өрен,  
Жырласам сені теніздей толқыр ойда өлең.  
Тұлесін сенде тәменшік тартпас текті ұлдар,  
Куанта бергін осындай мерейтойменен!

## Әнгө айналған өлеңдер

### САХНА, КИЕЛІМ-АЙ

*Әнгө лайықтап*

Үкілі үміттердің,  
Шалқыған шабыт селі,  
Лұпілі жүректердің,  
Лағыл ән, абат сезім.

*Кайырмасы:*

*Өзіңде тогысады,*  
*Баурайсың күнде осылай,*  
*Сахна, киелім-ай,*  
*Біз сені сүйеміз-ай.*



364



Өнерді өрбітесің,  
Ұштасқан өмірменен,  
Көңілін сергітеді  
Достасқан өзіңменен.

*Кайырмасы.*

Лебізі көрерменнің,  
Соғылған алақандар.  
Сенім бұл келер күнге  
Алда түр арай таңдар.

*Кайырмасы.*

**18.05.2007.**

# ТОЙ ЖЫРЫ

Әні: Амангелді Сұлтанзалиевтікі

Думан келді,  
той келді төрімізге,  
Ақ тілеу мен шат құлқі-бәрі бізде,  
Көптен күткен осынау қуанышқа  
Қосылыңыз, кәне енді келіңіз де.

*Кайырмасы:*

*Құтты болсын,  
Ағайын келіндерің,  
Көтерейік биікке көңіл көгін,  
Екі жасқа айтатын тілегіміз –  
Махаббатпен өтсінші өмірлерің.*

Куанышта  
атасы, анасы да  
Апасы да, інісі, ағасы да,  
Шаңыраққа жиылды туыс-бауыр,  
Бөле, жиен, осында нағашы да.

*Кайырмасы:*

*Құтты болсын,  
Ағайын келіндерің,  
Көтерейік биікке көңіл көгін,  
Екі жасқа айтатын тілегіміз –  
Махаббатпен өтсінші өмірлерің.*

Бұғынгі той,  
ортак той екі жасқа,  
Шаттануда әнеки, құда жақ та,  
Мұндай күнде негіз жоқ өкпелеуге  
Әнді баста, ағайын биді баста.



**Қайырмасы:**  
*Құтты болсын,  
Агайын келіндерің,  
Көтерейік биікке көңіл көгін,  
Екі жасқа айтатын тілегіміз –  
Махаббатпен өтсінші өмірлерің.*

Ақ тілектің  
айтылар жөні барда,  
Қапы қалма агайын, сөзді қамда,  
Жарып шығар жүректі жақсы лебіз  
Осындайда керек кой, осындайда.

**Қайырмасы:**  
*Құтты болсын,  
Агайын келіндерің,  
Көтерейік биікке көңіл көгін,  
Екі жасқа айтатын тілегіміз –  
Махаббатпен өтсінші өмірлерің.*



Бүтінгідей  
Асқактап әніміз де,  
Жарасымды сән кірсін, сәнімізге.  
Үйіңзеге аккудай келін түсіп,  
Кенеліңіз шаттыққа бәріңіз де.

**Қайырмасы:**  
*Құтты болсын,  
Агайын келіндерің,  
Көтерейік биікке көңіл көгін,  
Екі жасқа айтатын тілегіміз –  
Махаббатпен өтсінші өмірлерің.*

## БОЙТҰМАР

*немесе ананы еске алу*

*Әні: Амангелді Сұлтанғалиевтікі*

Арманшыл жүрек дүрсілдеп,  
Жеткенде жасқа ой қуар.  
“Құлыным аман жүрші”, - деп,  
Анажан, тактың бойтұмар.

Мойныма асып алқадай,  
Ілестім уақыт көшіне.  
Сілкілеп өмір жаңқадай  
Сүйреді алға несібе.

Түсесің қазір жиі еске,  
Ұғынғандаймын кеш біліп.  
Жөнелер шақта келмеске  
Кетіпсің тұмар тапсырып.

Өзіңсіз өтті сан жылдар,  
Шығарсам естен кеш мені.  
Бойтұмар маған қалдырмай  
Жүре тұрғаның жақсы еді...



367



*Қаңтар, 1982 жыл.*

## САҒАН ДЕГЕН МАХАББАТ

Әні: Амангелді Сұлтанғалиевтікі.

Аяулым-ау, екеуміз косылғалы,  
Бақытыма айналдың басымдағы.  
Елігім ең, айналдың көрігіме  
Серігімсің, сен менің қасымдағы.

Арман қудым, жолымды тосып қалдың,  
Жігерімді бір сәт те жасытпадың.  
Қазығыма айналып артымдағы,  
Пыскырмадың сөзіне пасықтардың.



368



Сері көңіл қойды да еркелетіп,  
Жүрдім талай кеш келіп, ерте кетіп.  
Қабақ шытпай алдымнан күліп шықтың,  
Күндерге де мән бермей келте-кетік.

Бірдей тарттың тағдырдың салғанын да,  
Куанышын, қайғысын, салмағын да.  
Есімде жок бір мезет менен бөлек  
Ерекше күй өзіне талғадың ба?

Қамдадың да, сен мені қолдадың да,  
Серік болдың өмірлік жолда мына.  
Өлді десе сенерсің, сенбе бірак,  
Саған деген махаббат солғанына.

# МАҢГЫСТАУ – БІЗДІҢ ӘНІМІЗ

*Әні: Жалғас Кеңесовтікі*

Маңғыстау жерім, теңің жоқ сенің  
Қара алтын кенім – байлығы елдің.  
Еңбек бір майдан, күміс тер тамған,  
Қыранды далам бабадан қалған.

*Кайырмасы:*

*Маңғыстау – біздің әніміз,*

*Маңғыстау – біздің сәніміз.*

*Береке қонған, құт дарып,*

*Арайлап таңымыз.*

Көніл гүл шаттық, бойда өр жастық,  
Бірлікпен жасап, киыннан астық.  
Арманым асқан, байлығым тасқан,  
Маңғыстауыма ерлік жарасқан.



*Кайырмасы:*

*Маңғыстау – біздің әніміз,*

*Маңғыстау – біздің сәніміз.*

*Береке қонған, құт дарып,*

*Арайлап таңымыз.*

## АҚКЕТІГІМ – КИЕЛІМ

Әні: Жалғас Кеңесовтікі

Тарихың бар мені ойларға батырған,  
Мен – шағала, сен – көк теңіз шақырған.  
Бабалардың көзін көрген киелім,  
Ақкетігім, айналайын атынан.

*Кайырмасы:*

*Шаттыққа толы айнала,  
Казынасы бай дала.  
Ақкетігім өзіңді,  
Ұмыта атман қайда да.*



370

Өтті күндер басыңа бұлт қаптаған,  
Казынаңды қойнауында сактаған.  
Шежірелерім, сырыңды аштың бүтінге,  
Сәулетіңе, дәuletіңе шаттанам.



*Кайырмасы.*

Ірген – теңіз, бір жағында – ман далам,  
Ақкетігім, көргенде көз тоймаған.  
Ғасырлар ас, шаңырағың шайқалмай,  
Ұрпағың бар ертеңінді қамдаған.

*Кайырмасы.*

# МҰНАЙЛЫ МЕКЕН – ЖАҢАӨЗЕН

*Әні: Жалғас Кеңесовтікі*

Еліне сыйлап кенін – бар асылын,  
Көркі боп, Манғыстаудай даласының,  
Канатын кеңге жайып жатыр қала,  
Ақкудай үйлер тауып жарасымын.

**Кайырмасы:**

*Шырайлы мекен,  
Мұнайлы өлкем.  
Нұрлы да, жырлы,  
Жаңаөзен, Жаңаөзен!..*

Кеткен жок өткен жылдар өтеуі құр,  
Халқымыз өлке даңқын көтеріп жүр.  
Арттырған ел байлығын қай кезде де,  
Рухы асқақтардың мекені бұл.



371



**Кайырмасы.**

Арқауы ерен ерлік дастанының,  
Кайраты елге әйгі жастарының.  
Желбіреп көк байрағым тұрган шакта,  
Жұлдызы жарқырайды аспанының.

**Кайырмасы.**

## АПА, СЕН ҚАРТАЙМАЙСЫҢ

Әні: Жалғас Кеңесовтікі

Бала деген адамның өмір гүлі,  
Қартайтама сәбидің көңілді үні.  
Қабағынды шытуды білмейсің-ау,  
Апа, сендей көрмедім өмірліні.

### *Кайырмасы:*

*Ана, сен қартаймайсың, қартаймайсың.  
Қартайдым деп ойлама әр тайгасын.  
Отамызда отырсың дана болып,  
Әрқашан дастарханың ортаймасын.*



372

Дауысында балаға жоқ қой ызғар,  
Тентектерің сонда да сені тыңдар.  
Жастығың да солар ғой, шаттығың да,  
Ойлашы, апа, бақытты сенен кім бар?!



### *Кайырмасы:*

*Ана, сен қартаймайсың, қартаймайсың.  
Қартайдым деп ойлама әр тайгасын.  
Ортамызда отырсың дана болып,  
Әрқашан дастарханың ортаймасын.*

## ШЫГАЙЫҚ ҚЫРҒА

*Эні: Жалғас Кеңесовтікі*

Ақ жаңбыр болып төгіліп жерге көктен нұр,  
Тәбемде міне, аспаны күліп көктем тұр.  
Қиқулап бүтін үстімнен өтті ақку- каз,  
Менімен, қалқам, жусанды қырға кетсөң жүр.

**Кайырмасы:**

*Шыгайық қырға, оранып нұрга,  
Жусанды далага.*


*Шыгайық қырға, бөленіп жырга,  
Таусылmas сыр да.*

Екеуміз, жаным, серпіліп қырға шыгайық,  
Көктемде қырға барғанды көрер кім айып.  
Боранды күндер қарға адым жерге шыға алмай,  
Телміріп тысқа отырып едің мұңдайып.

**Кайырмасы.**

Жүректі бүгін билеп те алды өктем жыр,  
Серпіліп тысқа шыға алмап едің көптен бір.  
Жүр, қалқам, бірге жусанды қырға шыгайық,  
Бозбала қырда көк көйлек киіп көктем жүр.

**Кайырмасы.**



## АҚ КЕМЕДЕГІ АРУ ҚЫЗ

*Әні: Жалғас Кеңесовтікі*

Ақ кемеде ару көрдім ай жұзді,  
Жарқ еткенде, жанарында таң құлді.  
Қарағанда ғашық еткен сол бір қыз,  
Талай жанның жүрек отын жандырды.

*Кайырмасы:*

*Кемедегі ару қыз,*  
*От болсаңыз, жалынбыз.*  
*Шырқасаңыз, әнің – біз,*  
*Басыңдағы бағынбыз.*



374

Көкірекке көктем еніп, жаз құлді,  
Жиып берем әлемдегі бар гүлді.  
Ақ кемеде арман болған аруым,  
Саган ғана арнап өтем ән-жырды.



*Кайырмасы.*

Айдай көркін мейірімді қандырды,  
Бақыт көрем кездестірген тағдырды.  
Біз – жолаушы, сен – шамшырақ шакырған,  
Ақ кеменің ару қызы ай жұзді.

*Кайырмасы.*

## СЕНИ ІЗДЕДІМ

Әні: Жалғас Кеңесовтікі

Сені іздедім, жан ерке, таба алмадым,  
Көңіл аулап қасыңа бара алмадым.  
Күндіз-тұні елес боп көз алдымда,  
Үміт үзіп мен сенен қала алмадым.

### Кайырмасы:

Сені іздедім, сені іздедім  
өр Каспий жағасынан,  
Сені іздедім, сені іздедім  
ақ қайыңдар арасынан.  
Сені іздедім, сені іздедім.

Өзің жаққан отынды сөндіре алмай,  
Жүргегімді еркіме көндіре алмай,  
Сені іздедім, жан ерке, сені іздедім,  
Күн кешемін мен сенсіз енді қалай?

### Кайырмасы.

Сен жанымның байлауы, жалауысың,  
Гүл сезімнің мендегі алауысың.  
Жүргегімнің төрінен орын алған,  
Көнілімнің сен ғана қалауысың.

### Кайырмасы.



375



## ЭҢШІ ҚЫЗДЫҢ МОНОЛОГІ

Әні: Жалғас Кеңесовтікі

Жас жанымның жасытып жігерін сен,  
Ән айтпауды жалынып тіледің сен.  
Онсыз мендік тірліктің сәні бар ма?  
Ән өмірім, сен егер біле білсен.

**Қайырмасы:**

Әнишілік – арман

Жастық шақ – сайран.

Аяулы асылым ең,

Күтемін мен сені алдан. 2 рет.



376



Келді мені әнімнен бөлектегің,  
Ән салмауға жүрегің көнед,- дедін.  
Әнсіз өткен сағатым жылдай болып,  
Шаң басты ғой көнілдің желеңтерін.

**Қайырмасы.**

Ойланар, ренжімей келер дедім,  
Кірпік ілмей тұндерде елендедім,  
Өтті күндер, жаным-ау, оралмадың,  
Көнілімнің ортайтып терендерін.

**Қайырмасы.**

## **ЖАҢАӨЗЕНДЕ, ОН ЖЕТИНШІ МАУСЫМДА**

*Әні: Айтгүл Эбдіразакованікі*

Тарихында төтеп берген сан сынға,  
Ерлік бар-ды, елдік бар-ды халқымда.  
Өршіл ұлан, мұны әлемге танытқан,  
Жаңаөзенде, он жетінші маусымда.

Тектілік бар ата-баба салтымда,  
Алатаудай асқақ содан даңқым да.  
Қасиетін жоғалтпадың қазақтың,  
Еңсе басқан қасіретті маусымда.

Найзагайдай жарқылдадың, бұлқындың,  
Төсін тілдің қара түнек бұлтыңың.  
Дүбіріңен тандар атып жап-жарық,  
Дабылыңнан жетті арайы нұр-күннің.

Сендерсіндер – жер иесі, нар тұлға,  
Ерлік мұра үрпактарға айтуға,  
Боздақтарын еске алады жыл сайын,  
Жаңаөзенде, он жетінші маусымда.



377



## ШАҒАЛА

Әні: Айтгүл Эбдіразакованің

Шалқыған теніз де аман, жаға да аман,  
Қалқыған көз тұнады шағаладан.  
Мылтықтыға сен мені ұксаттың ба,  
Оу, шағалам, шаттықты жағалаған.

Әлде мені өзіне дос тұттың ба,  
Ілестің сен шаңқ етіп көкке ұштың да,  
Ғашығынан айырылып, құса болып,  
Көк тенізден безінген ақ құссың ба?!

Шөкім бұлттай қалқисың жел іздеген,  
Мұңдықсың-ау, жүрекке ем іздеген.  
Айырылсан да досынан егіз жүрген,  
Өмірің бір, шағалам, тенізбенен.



378



Қанша ұзап кетсем де жағалаудан,  
Құтылмадым ілескен шағаладан.  
Жалғыз құстың бейнесі ұқсап тұрды  
Қарындасқа артымнан ағалаған...

## САҒЫНАРМЫЗ

Әні: Айтгүл Эбдіразақованікі

Кос жүректе гүл махабbat бүр жарып,  
Сыр сезімнің пернелерін бір қағып,  
Есінде ме ынтық көніл асығып,  
Біз екеуміз кездесуші ек ұрланып.

Жарасымды, бәрі сол сәт орынды,  
Көкірегіме қойып ыстық қолынды,  
Сен кетуге асыққанмен қашама,  
Бірде сенің бөгей бердім жолынды.

Тұсай алмай бойдағы асау сезімді,  
Енді қайтып көрмейтіндей өзінді,  
Бөгеп тұр ем, шамы жанып көршінін,  
Есігінен көрші әйел көрінді.

Ел ішінде жоқтай басқа жаңалық,  
“Әңгімеміз” кетті содан таралып.  
Кездесуді қоя алмадық біз бірак,  
Ізімізге түссе де жұрт “шам алып”.

...Өтті он сегіз найзағайдың жарқылы,  
Сағыныш қой айтпағымның төркіні.  
Қымбат екен білмеппіз-ау, кезінде,  
Бозбала мен бойжеткеннің әр күні.

Уақыт-өзен, тыншу таппай ағатын,  
Кездер келер жүрек баяу соғатын,  
Шіркін-айлап сағынармыз сол шакта,  
Жастық шақтың күнін емес, сағатын.



## ГҮЛДАНА

*Әні: Айтгүл Эбдіразакованікі*

Өзіңменен теңеседі  
Гүл ғана,  
Акку көркің  
Өзге жаннан тұр дара.  
Асылым-бағым,  
Ғашығым-жаным сен ғана.  
Гүлдана, Гүлдана, Гүлдана.

Қабағыңа конбасыншы  
Мұң-нала,  
Кездескенде тұршы күліп,  
Нұрлана.  
Асылым-бағым,  
Ғашығым-жаным сен ғана.  
Гүлдана, Гүлдана, Гүлдана.

Гүлдана деп,  
Әндегемін ыргала,  
Әуеніме тербеледі  
Қыр –дала.  
Асылым-бағым,  
Ғашығым-жаным сен ғана.  
Гүлдана, Гүлдана, Гүлдана.



## МЕН СЕҢІ ГҮЛГЕ БАЛАДЫМ

*Әні: Айтгүл Эбдіразақованікі*

Аккудай көркем, еліктей ерке қарағым,  
Маған не мұнша жанардың сұғын қададың,  
Мойыл көздерің тұрса да бір сыр ұқтырып,  
Мерген боп қалдым, тастаған жерге жарағын.

Көргендей бейне даланың аппак маралын,  
Мен дағы саған қайта да қайта қарадым.  
Қашаған шабыт еркінді аулақ қашты алып,  
Сарбаздай болдым алдырған жауға қамалын.

Мен сені бір тал қызғалдақ ғулге баладым,  
Уақыттан ерте үзілмесін тек сабағың.  
Тіл де қатпадым, сол оймен ұзап кеттім мен,  
Аккудай көркем, еліктей ерке, қарағым...



381



## ҚЫРАНДАР КЕРЕК

(Ауганстаннан сарбаздар орала бастағанда  
жазылған өлең)

Әні: Айтгүл Әбдіразакованікі.

Бейбіт елде бұла өскен менің,  
Артымнан ерген інілерім-ай.  
Жат жерде жаумен тірескендерім,  
Рухы асқақ, ірілерім-ай!

Өз ошагы мен елінен асып,  
Жаралы жыртқыш – қашқан жау,  
Жасырын келіп, тасадан атып  
Кей боздақ жерді жастанды-ау.

Адалдықты ардай кірлетпегенің,  
Кекіректі тостың оқтарға,  
Аранызда жок бірбеткейлерін,  
Тұған жер әлі жоктауда.

Еске алу киын, білем бәрін де,  
Балаң шақ сонда қалды ма?  
Ауганның мұңлы күрен көгіне  
Қараумен көзді талдыра.

Амандықты ту етіп тұтып,  
Жеттіндер елге қайтадан.  
Отандастарың алдыңнан күтіп,  
Бозторғайлы қыр айтады ән.



Мөлдір аспанды күн нұрға малып,  
Бұлт – орамалын тау бұлғайды.  
Шаттықты жүрек тұндырып алып,  
Көк дөнен – көңіл тулайды.

Жақсылық қой бұл, лебі есуде,  
Сейіліп зілдей тұмандар,  
Көлеңкелердің бұлты көшуде,  
Елге де керек қырандар.

## КОШТАСУ

(әнгे лайықтан)

Бойжеткенің бе, құлпырдың,  
Өсірген қызыл гүліміз.  
Акқуы өзің жұртыңның  
Кияға үшар қызымыз.



383



Лайық болып жан-жарың,  
Ашылсын, жаным, мәндайың.  
Тілеуде, міне, жан-жағың  
Пәк махаббаттың солмауын.

Өмірдің заңын түсін, ұқ,  
Киналғанмен біз, бола ма?  
Жұбына қосып ұшырдық,  
Қылау түспесін араға.

Жасыл шам жанған көшедей  
Сокпасын жолың түйыкқа.  
Жайқалып гүлдей өсе бер,  
Ұянды үшқан ұмытпа!

## **ӨР ӨЛКЕНИҢ БҰЛБҰЛЫ**

*(Әншіi Махбұза Шомановага)*

Арман оты жүрегінде жанған шак,  
Манғыстауға келгендейсің елді аңсап.  
Сен шырқасаң мұнаралар асқақтап,  
Көк теңіз де қосылады шулы ән сап.

### ***Қайырмасы:***

*Өр өлкениң бұлбұлы сен, Махбұза,  
Күндізінің нұр гүлі сен, Махбұза,  
Маң дағаны құшиқан шақта мауым тұн,  
Тундігінің жұлдызы сен, Махбұза!..*



384



Әуезді әнмен қуанышқа бөледің,  
Өзіңменен аспандады өлеңім.  
Зенгір көкте тұнып қалсан қалықтап,  
Күйбен тірлік нала-мұнын жеңемін.

### ***Қайырмасы.***

Тыңдаушы жұрт сен көрінсең тербеліп,  
Сахна кетер өз-өзінен сәнденіп,  
Қалықтай бер, аспанында қазақтың,  
Әніңменен жан біткенге дем беріп.

### ***Қайырмасы.***

*3.04. 2012. Ақтау.*

## ДОСТЫҚ ТЕҢІЗІ

(әнгे лайықтап)

Каспийім-арайлым,  
Өзіндей жоқ айдын.  
Толқынды жағана  
Нұрлана караймын.


Үңыштың негізі,  
Туыстық сезімі,  
Тогысып атандың-  
Достықтың теңізі.

Манайың тыныштық,  
Көгінде күміс бұлт.  
Жағанда жайқалып,  
Бес елмен туыстық.



385

Бак болып сан елге,  
Танылдың әлемге.  
Арқау сен әп-әсем  
Өлмейтін өлеңге.



Баураған жан-жакты,  
Орның бар салмакты.  
Аялап өтеміз,  
Анадай ардақты.

## Мазмұны

Мыңжас Темір Мыңжасұлы .....	3
Тәуелсіздік туралы жыр .....	5
Әдебиет .....	9
Бейкүнә шакты еске алып .....	15
Акку .....	17
Жолдас болдым .....	19
Бір қуаныш жетпей тұр, жаным, маған .....	21
О, жаратқан .....	23
Мұқағалиға .....	27
Кадірлеңдер ананы .....	29
Карлығаш көніл апам-ай .....	31
Жыр алыбына тағзым .....	33
Ақын рухына .....	35
Ашхабадтағы ақын ескерткішіне .....	36
Актаудагы тарас ескерткішін көргенде .....	37
Бүгінге жетті дауысын .....	39
Ақынның ақырғы сөзі .....	40
Сыныптастарға арнау .....	42
Есімі елдің есінде .....	44
Каспий .....	52
Өлең және мен .....	53
Мәңгі алау .....	54
Махамбеттің тұган жерге айтканы .....	55
Біреу .....	57
Сарыагашта .....	58
Сагыныш .....	59
Бесік туралы баллада .....	61
Ініге сыр .....	65
Халықтай-ак халықсың тілің барда .....	66
Жерлерім .....	76
Сынак .....	78
Аурухана. Тұн .....	80
Ән сал, тағы .....	83
Пір бекеттің баласы .....	84
Тамыр .....	86
Сүйінгара батырға .....	89

Атамекенге .....	90
Бұлак жыры .....	92
Ақын рухына .....	94
Сені іздедім, атажұрт .....	95
Манғыстау .....	99
Ғасыр аудықтан күнгі тілек .....	101
Әкені еске алу .....	102
Ақын доска хат .....	103
Актауга .....	107
Дала .....	108
Замандасқа .....	109
Қаражанбас .....	110
Той күнгі сөз .....	111
Мен саған тілек айтам .....	112
Құт болып қонсын жетпісің .....	113
Халқыма .....	114
Ұрпак үні .....	116
Құрсау .....	119
Жүретін-ді ак жаулығы желбіреп .....	120
Тұган күн кешінде .....	123
Жиенім Беген Ерболатұлына .....	126
Бір күндері еске алып, сағынармыз .....	127
Актаудағы акқулар .....	140
Көніл .....	141
Той болған алтын тойға ұласатын .....	142
Балтабайға .....	144
Мәдіне .....	145
Қайта кондың атына .....	146
Жасай бер, жайна .....	147
Қош айтты қара өлеңнің жауынгері .....	149
Еске алдық .....	150
Апа .....	151
Сағынған шығар .....	152
Жанарың сенің .....	153
Анама .....	154
Сағындым .....	155
Арманым .....	156
Көп күттім сәулем .....	157



387





388

Солдат ескерткіші .....	159
Экеме .....	160
Сағындың ба, анашым? .....	160
Кыз сыры .....	160
Мен сені іздедім .....	161
Тау элегиясы .....	161
Ақын жүрегі .....	165
Күміс ұшқындар .....	166
Тұсімде көрдім сені .....	168
Жүрегім жыр ансаған .....	170
Ағага .....	172
Элегия .....	174
Карт ақынның сөзі .....	175
Сәтті болсын кадамың .....	178
Туган жерге .....	178
Сапар алдында .....	179
Сағыныш .....	181
Атамекен .....	183
Әке бейіті басындағы толғаныс .....	184
Шекарада .....	188
Оралған .....	189
Достық туралы .....	193
Өмір дегенін .....	195
Қыркүйек .....	197
Тон .....	199
Бір өзіне ариалған .....	201
Біз екеуміз .....	203
Өленге .....	205
Сүйемін Қазакстанды .....	207
Мәрттік туралы жыр .....	208
Үрпак мұны .....	214
Ел болар ма екенбіз? .....	216
Тапсырып кетем балама .....	218
Екі басты самұрық .....	219
Бостандық жолы .....	220
Отызыншы жылдар .....	222
Ей, Манғыстау, манғазым .....	224
Карлығашым- карынласым .....	226

Менің інілерім бар.....	227
Шетелден келген қандасқа .....	231
Қош келдің, наурыз .....	232
Жаса мәңгі.....	236
Жасайды қала.....	237
Тұған елім.....	238
Манғыстау .....	239
Каспий теңізіне .....	241
Алдаспандай жарқылдаған жаңаөзен.....	242
Парижім менің – жаңаөзен.....	243
Ән калды Айрактыда*	245
Ардагерлер .....	246
Арман-сағат*	247
Шілдедегі жесер.....	248
Атбасар вокзалында .....	250
Ақын Есенғали Бекенбаевты еске алу .....	251
Тұған жерді ансау .....	253
Ақын ініме .....	257
Даламен сырласу .....	261
Өлең қалды .....	265
Карагым .....	266
Сені ойласам .....	267
Ұмыт мені .....	269
Карындақса .....	270
Сен ауырғанда .....	271
Жүргімнен жыр төгілсін .....	272
Жас жұбайларға .....	273
Жұлдызға .....	274
Тілек .....	275
Дүнгөн қызына.....	277
Балдызым .....	279
Ауылға хат.....	280
Акша қар жауып тұр .....	282
Қыын екен.....	283
Бақыт .....	284
Бейіт басында .....	285
Қызыма .....	286
Қайткан құстармен қоштасу.....	287





390



Бір доска.....	288
Кайран жүрек, шабыт бер! .....	289
Дос туралы .....	290
Бір ағайға.....	291
Бакыттымды кызғанба.....	293
Доска хат .....	294
Ініме .....	296
Өмір .....	298
Жанарында мұн бар дейсің .....	300
Тұс жайында .....	302
Иттік туралы .....	304
Армысың, қайран ауылым .....	306
Кол бұлғап шық.....	308
Туган күнімде оқылған өлең .....	310
Жүрекке сөз .....	311
Доска сыр .....	312
Бір өлеңшіге .....	314
Күн нұрындай қуамын көленкені .....	315
Ақын арыз жазбайды .....	316
Үміт .....	318
Шагала .....	319
Тұнгі жыр.....	320
Ақ жаулықты абызым .....	322
Арнау .....	323
Ұстазға.....	324
Өмірінің мұраты .....	325
Элегия.....	326
Сонғы рет коштастым .....	327
Бір бала.....	329
Өзінмен бірге .....	330
Ақын көп болса...	331
Торығу .....	333
Байлаулы иттей.....	334
Өкініш .....	335
Адамдар, араласындар!	336
Асықканың не?	337
Жалғыз мола .....	338
Әруактар, қалғымандар!	339

Жалған.....	342
Қазақстан ешқашан ұмыта алмас .....	343
Алшандап келіп қалардай.....	346
Журналистер .....	347
Бәріміз де бекет ата елінен .....	350
Тұған ел .....	352
21-інші мектеп бұл .....	354
Тәуелсіздік құрдастарына.....	356
Қадиша .....	361
Шыңдалу мектебім.....	363

### Әнге айналған өлеңдер

Сахна, киелім-ай.....	364
Той жыры .....	365
Бойтұмар .....	367
Саған деген махаббат .....	368
Манғыстау – біздің әніміз.....	369
Ақкетігім – киелім.....	370
Мұнайлы мекен – Жанаөзен.....	371
Апа, сен картаймайсың .....	372
Шығайық қырға .....	373
Ак кемедегі ару қыз.....	374
Сені іздедім .....	375
Әнші қыздың монологі .....	376
Жанаөзенде, он жетінші маусымда.....	377
Шагала.....	378
Сағынармыз .....	379
Гүлдана.....	380
Мен сені гүлге баладым.....	381
Қырандар керек .....	382
Коштасу.....	383
Өр өлкенің бұлбұлы .....	384
Достық тенізі .....	385



391



# *Темір Мыңжаде.*

*Шығармалар жинағының қос томдығы*

## **1-ші ТОМ**

*Өлеңдер мен балладалар*

*(қазақ тілінде)*

**Редакторы Эйгерім Құмарқызы  
Суретшісі Дулат Болатұлы  
Калыптал, баспаға әзірлеген  
Дидар Арасанбайқызы**

Басуға берілген күні 12. 05. 12. Қалыбы 84x108  $\frac{1}{32}$ . Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табагы 25,0. Есепті баспаға табағы 24,5.

Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 6806.

Қазақстан Республикасы, ЖШС «Баянжүрек» баспасы,  
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143 үй, 418 көнсе.  
Байланыс телефоны: 395-51-77. E-mail: [bjbaspsi@mail.ru](mailto:bjbaspsi@mail.ru)

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Макатаев көшесі, 41 үй.







